



БІТІМГЕР



Нұрлан Онжанов

БІТІМГЕР

Дипломат жазбалары

«Фолиант» баспасы

Астана – 2015

ӘОЖ 327
ББК 66.4
О 59

*Кітапқа ҚР Президенті Әкімшілігінің
Баспасөз қызметінің мұрағатындағы фотосуреттер пайдаланылды*

О 59 Онжанов Н.
Бітімгер. Дипломат жазбалары. – Астана: Фолиант, 2015. – 240 б.

ISBN 978-601-302-267-3

Соңғы жылдары Украина дағдарысы газеттердің бірінші беті мен әлемдік БАҚ-тардың жаңалықтар таспаларынан түсер емес. Аталған жанжалды бейбіт реттеудің жолдарын іздестіру белсенді жалғасуда. Әлемдік қоғамдастық 2014 жылдың тамызындағы Минск кездесуінің, сондай-ақ 2015 жылдың ақпанында Минскіде өткен «норманд пішіміндегі» саммиттің даму барысын мұқият бақылап отырды. Минск-2 әуел баста Астанада жоспарланғанын көпшілік біледі, бірақ Украина үдерісінде кенеттен Қазақстан астанасы қалай пайда болғаны туралы, тіпті, түйсіне де алмаулары ықтимал? Шынтауайтында, Минск-1 және Минск-2, Украина дағдарысын реттеудегі басқа да көптеген ілгерілеушіліктер Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың делдалдық күш-жігер жұмсауының нәтижесінде жүзеге асты.

Кітап авторы біздің Мемлекетіміз басшысының Украинаның оңтүстік-шығысындағы бітімге әкелген белсенді қызметінің куәгері болған еді. Кітапта Майдандағы 2015 жылдың ақпан айына дейінгі оқиғалар қамтылған.

ӘОЖ 327
ББК 66.4

ISBN 978-601-302-267-3

© **Онжанов Н., 2015**
© **«Фолиант» баспасы, 2015**

АЛҒЫ СӨЗ

Украина дағдарысы ең басынан бастап өңірлік жанжал шеңберінен шығып, ХХІ ғасырдағы ең күрделі сын-қатерлердің біріне айналды.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Украинадағы жанжал халықаралық қоғамдастықтың тіршілік тынысының әлеуметтік және саяси қырларын қамти отырып, экономика мен қаржының шегінен шыққан жаһандық дағдарыстың салдары болып табылатынын талай мәрте атап көрсеткен.

Шын мәнінде, Украина дағдарысы – бұл Украинаның оңтүстік-шығысындағы егесу ғана емес, бұл – кешенді түрде шешуді талап ететін саяси, экономикалық, сауда-саттықтық, энергетикалық, мәдени, ұлтаралық және басқа мәселелер мен проблемалардың тұтас бір шоғыры. Мұнда, бірінші кезекте, тек Украинаның өзіндегі ғана емес, сондай-ақ, оның сыртындағы, әсіресе, «Ресей – Украин-

на – Еуропалық одақ» пішіміндегі өзара сенім мен түсіністік мәселесі бой көрсетті.

Украинадағы 2013 жылдың соңындағы және тұтас 2014 жылғы оқиғалар қазіргі жаһандық қауіпсіздік жүйесі арқау етілген халықаралық құқықтың негіз қалаушы қағидаттарын шатқаяқтатып жібергенін айтсақ та жеткілікті. Және бұл мәселенің тек саяси қыры ғана.

Еуропалық одақтың Ресейдің Қырымды өзіне қосып алуымен байланысты Мәскеу саясатына қарсы енгізген санкциялары, сондай-ақ, РФ-ның жауап шектеулері тек Ресей экономикасына ғана теріс ықпал етіп қоймай, Еуропа елдерінің өз экономикаларына да салқынын тигізгенінің еш құпиясы жоқ. Шығындар миллиардтаған еуромен есептеледі.

Тиісінше, Украина дағдарысы халықаралық құқықтың арқаулық қағидаттарына, сондай-ақ, жанжалға тартылған елдердің, оның ішінде тұтастай әлемдік экономиканың дамуы мен әлемдік тәртіптің және қауіпсіздіктің жаһандық жүйесіне аса күшті әсер етіп отырған салмақты сын-қатерге айналды.

Осылайша, Украинадағы жанжал жаһандық күн тәртібіндегі аса күрделі мәселелердің біріне айналды. Сәйкесінше, Украина дағдарысын реттеуге бағытталған кез келген әрекет бүкіл әлемдік қоғамдастықтың, БАҚ-тардың, сарапшылар мен инвесторлардың назарын өзіне аударды.

2014 жылдың тамызында Минскіде Беларусь, Қазақстан, Ресей *(Кеден одағына қатысушы елдердің*

үштігі) мемлекеттері басшыларының, Украина мен Еуропалық одақ басшылығының пішіміндегі жоғары деңгейдегі тұңғыш «нәтижелі» келіссөздері аяқталды. Осы кездесудің қорытындылары бойынша Арнайы байланыс тобы оқ аруды тоқтату мен Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалды бейбіт шешуді бастау бойынша қыркүйек уағдаластықтарына қол жеткізе алғаны баршаға аян.

Өкінішке қарай, бұл шаралар жеткіліксіз болып шықты. 2015 жылдың ақпанында Минск-2 кездесуі өтіп, ол «норманд төрттігі» мемлекет басшыларының рекордты 16 сағаттық келіссөздеріне ұласты және нәтижесінде Украина дағдарысын реттеу бойынша жаңа, бұрынғыдан көлемдірек уағдаластыққа қол жеткізілді.

Тұтастай алғанда, осы кездесулер туралы ақпарат баспасөзде кеңінен көрсетілді. Шетелдік, сондай-ақ, отандық сарапшылардың егжей-тегжейлі талдамалы жарияланымдары жарық көрді.

Сонымен қатар, іс жүзінде бұл кездесулер қалай және неліктен өткенін, олардың нәтижелілігіне не нәрсенің ықпалы тигенін білетіндер аз, өйткені, басқа да әрекеттер болған еді. Оның үстіне, осы үдерістердің бәрінде Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қандай рөл атқарғанын нақты сезінетіндер де саусақпен санарлық.

Кейбіреулер көпшілікке Минск-2 атауымен белгілі «норманд пішіміндегі» жоғары деңгейдегі кездесу әуел баста Қазақстан елордасы – Астана қаласында

жоспарланып еді ғой деуі мүмкін. Бірақ, бұл тек бір мақсатта – Украинадағы қантөгісті тоқтатып, жанжалды бейбіт жолмен реттеу арнасына бұру мақсатында өткізілген орасан зор жұмыстың тек сырт көзге көрінетін бет жағы ғана. Бұл жұмыс Минск-2-ден, тіпті, Минск-1 өткізілгеннен көп бұрын басталған болатын.

Оның үстіне, бірқатар сарапшылар Қазақстан Астананы «норманд төрттігі» кездесуін өткізетін орын ретінде араағайындық миссиясынан барынша көп саяси ұпай алу үшін ұсынды деп қате пайымдауы мүмкін. Сарапшылар тарапынан шындықтың осылайша бұрмалануын түсінуге де болады, өйткені, келіссөздердің көптеген нақты жайлары мен соған байланысты орасан зор дайындық жұмыстары отырыстардан тысқары қалды.

Осымен байланысты мен 2014 жыл мен 2015 жылдың басында өткен, қызмет бабына сәйкес өзім куәсі болған сол оқиғалардың кейбір фактілерін баяндап берсем деймін.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Украина дағдарысын реттеу бойынша қызметіне мен Президенттің халықаралық мәселелер жөніндегі көмекшісі лауазымына тағайындалған 2014 жылдың шілдесінде қосылдым. Бұған дейін, Қазақстан Республикасының Германиядағы елшісі ретінде, орын алып жатқан оқиғаларды БАҚ-тар мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратынан алған ақпараттарға сүйене отырып

қана бақылауға мүмкіндігім бар еді. Сондықтан, осы кітаптың Минскідегі тамыз кездесуінің басталуына дайындыққа дейінгі кезеңді қамтитын бірінші бөлімі менің ой-пайымдарым мен байқағандарыма негізделген. Ал кейінгі бөлімдер Мемлекет басшысының Украина дағдарысы мәселелері бойынша келіссөздерінің нақты детальдарымен және өзімнің жеке жазбаларымдағы үзінділермен толықтырылған.

Мен Украинада болған немесе сонымен байланысты оқиғалардың барлығын бірдей қамтуға ұмтылған жоқпын. Негізінде, бұл ақпараттар кеңінен қолжетімді. Оның үстіне, қызмет бабыма сәйкес мен өткен келіссөздердің барлық ұңғыл-шұңғылын жайып сала алмаймын, бірақ мүмкіндігінше болған оқиғаларды барынша егжей-тегжейлі айтуға тырысамын. Мен, сондай-ақ, өткір мәселелерден айналып өткенді жөн көрдім. Дағдарысқа кінәлілерді табуға да ұмтылмадым, өйткені, уақыт өте келе тарих бәрін де өз орнына қоятынына сенімдімін.

Оқырманды Қазақстан Президентіне қозғау салған, ешқандай тәуекелдерге қарамастан және өзі үшін ешқандай ынталандыруды күтпестен Украина дағдарысын реттеуге ықпал ету бойынша оны белсенді шаралар қабылдауға итермелеген детальдар қызықтыратынына және ол бұл істі бойына сіңіретініне шын ниетіммен үміттенемін.

Қазақстанның Украина дағдарысына тартылуына байланысты түрлі алаңдаушылықтар да болды. Еліміздің ішкі тұрақтылығы мен төңірегіне ықпал

ете алатын тәуекелдер де көп еді және оны қаперге алмауға да болмайтын еді. Оның үстіне, көптеген сарапшылар Қазақстанның араағайындық миссиясы туралы түрлі идеяларға, тіпті, басқа елдердің саясаткерлері Н.Ә.Назарбаевқа Украина дағдарысына тартылған ана немесе мына тарапқа ықпал етуді ұсынған кезде де шүбәлана қарады.

Сонымен қатар, мен жұмысқа тереңірек бойлаған сайын біздің Президентімізге моральдің кез келген дана саясаткерге тән болуы тиіс жалпыадами қалыптары қозғау салып отырғанын тереңірек түсіне түстім.

Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан үшін ықтимал тәуекелдер туралы өте жақсы білетін еді, сондай-ақ, жан-жақтан жұмыла күш-жігер жұмсалмаса, бейбітшіліктің де ауылы алыстай беретінін, ал мұның аяғы бүкіл халықаралық қоғамдастық үшін бұдан да зор салдарларға соқтыратынын нақты түсінді. Сондықтан, ол Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалды реттеудің бейбіт үдерісіне ықпал етудің бірде-бір мүмкіндігін қалт жіберген жоқ. Оны дағдарысты бейбіт жолмен шешуден басқа балама жоқ, тек осылай еткенде ғана қантөгісті тоқтатып, саяси үдерістерге, оның ішінде, жағдайды тұрақтандыру мен елді әрі қарай дұрыстауға болады деген нық сенім шынайы итермелеген еді.

Осы күш-жігердің барлығы босқа кеткен жоқ. Мен өзім Н.Ә.Назарбаевтың тараптардың ұстанымдарын өз қолымен жазып алып, Франция, Украина,

Ресей және Германия басшыларымен кездесулер сериясын өткізген кезде осы дағдарысты жағдайдан шығу жөніндегі өзінің жолдарын ұсынғанының куәсі болдым. Осы жазбалардың көпшілігін кейін мен Минск-2-нің қорытындылары бойынша қол жеткізілген нақты уағдаластықтар түрінде тағы көрдім. «Норманд төрттігі» көшбасшыларына қажет болған керекті серпінді нақ біздің Президент тек кездесу өткізу үшін ғана емес, нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін де берген болатын.

Ресей, Украина, Германия және Франция басшылары Қазақстан Президентіне – жанжал аймағынан мыңдаған километр қашықтықта жатқан елдің басшысына не себепті құлақ асты?

Оған сенеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әлемдік қоғамдастыққа өзінің қағидалары мен міндеттемелерінен кері шегінбейтін, дәйекті саясат жүргізетін, бейбіт қатар даму идеясының сенімді жақтаушысы болып табылатын «адал менеджер» ретінде белгілі. Қазақстан Президенті әлемдік қоғамдастық елдерінің, олардың географиялық орналасуына қарамастан, өзара іс-қимылы маңызды екенін, елдерді қарсы тұруға емес, бәсекеге негіздей отырып дамыту қажеттігін талай мәрте атап көрсетті.

Өте ауыр 90-шы жылдары, Қазақстан тәуелсіздігінің таңсәрі шағында, Президент Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту туралы дәуірлік шешім қабылдағанын еске түсірсек те жеткілікті. Бұл шешімге қарсылар да көп болған еді. Халықаралық

келіссөздерде күш тұрғысынан қашанда көзірге ие болу үшін Кеңес Одағынан мұраға қалған осы қатерлі қаруды сақтап қалуға кеңес берген артықпысықтар да кездесті. Мемлекет басшысы Қазақстанның ядролық арсеналы болуы елімізге әлемдік қоғамдастықтың сенімсіздігін арттырғаннан басқа ештеңе бермейтінін нақты түсінгендіктен, ондай сөздерге құлақ асқан жоқ.

Сол кезеңде, керісінше, ескі таптаурындарды еңсеріп, әлемнің шешуші елдерімен және ықтимал инвесторлармен сындарлы және сенімді үнқатысуды жолға қою маңыздырақ болатын. Өткен жылдар дәл осы ұстанымның жалғыз дұрыс ұстаным болғанын көрсетіп берді. Бүгінде елімізді әлем танып, құрметтейді, ал сонау 90-шы жылдардағы шешімді Қазақстанның бейбітшілік қалыптастыру мен жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан бірегей үлесі ретінде қарастырады.

Егер Қазақстан Президентінің өмірбаянын мұқият қарасаңыз, қызықты жайларға тап боласыз. Оның Украина дағдарысындағы бітімгерлік қызметі – бірінші оқиға емес. Сонау 1991-1992 жылдары Н.Ә.Назарбаев Ресей Президенті Б.Ельцинмен бірге алғашқылардың бірі болып үн қатып, Кеңес Одағының екі бұрынғы республикалары: Әзербайжан мен Армения арасында нағыз соғыс оты тұтанған кезде Таулы Қарабаққа барып қайтқан еді. Кейін Алматыда келіссөзге алаң ұсынылып, Н.Ә.Назарбаев біз үшін бауырлас республикалардағы қантөгісті

тоқтату жолында алғашқы қадам болған Таулы Қарабақ бойынша келіссөздерге өзі қатысқан-тын. Осы келіссөздерге қатысқан Әзербайжан мен Арменияның сол жылдардағы дипломаттары өзінің барлық дипломатиялық талантын пайдалана отырып, тараптарды бітімге келуге сендіре алған Қазақстан көшбасшысының салмақты ұстанымын күні бүгінге дейін ұмытпайды.

Көрші Қырғызстандағы 2005-2010 жылдардағы ішкісаяси дағдарыстар да, әсіресе, еліміздің 2010 жылғы ЕҚЫҰ-дағы төрағалығын қаперге ала келгенде, Қазақстан үшін айтарлықтай сынақ болды. Екі жағдайда да Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзін бейбітшіліксүйгіш саясаткер ретінде көрсете келіп, жақын көрші елде азамат соғысы өрістеуіне жол бермеу үшін қолынан келгеннің бәрін тағы да жасады. 2010 жылдың наурызында нақ қазақстандық ұшқыштар Жоғарғы Бас қолбасшы Н.Ә.Назарбаевтың бұйрығымен оппозиция проблеманың негізгі көзі деп білген Қырғызстанның тағынан тайдырылған президенті Қ.Бакиевті Джалалабадтан алып шыққанын еске сала кетейік. Сондай-ақ, 2005 жылы А.Ақаев та осылай шығарылған болатын. Дәл осы фактілер Қырғызстандағы ашық қарулы қарсы тұрушылықтың алдын алуға мүмкіндік берді. Кейін сарапшылар қауымдастығы Н.Ә.Назарбаевтың сол кезеңдегі қызметін ЕҚЫҰ жұмысының эталоны ретінде келтіреді. Біздің Президентіміздің күш-жігері Батыстағы әріптестеріміз тарапынан жоғары бағаланған еді.

Мемлекет басшысы қызметінің ең басты ерекшеліктерінің бірі – ол стратегиялық міндеттерді нақты, уақтылы және көрегендікпен қоя біледі, содан соң белгіленген мақсаттарға дәйектілікпен бірте-бірте қадам басады. Мұның Қазақстанды дамыту мәселелеріне және тұтастай халықаралық қоғамдастықта бейбітшілікті сақтау мен өзара сенімді күшейтудің жаһандық идеясына да қатысы бар. АӨСШК, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі, түрлі өңірлік бастамалар, сондай-ақ, Мемлекет басшысының араағайындық күш-жігері – осының барлығы бір ғана аса ауқымды мақсаттарды көздейді.

Осындай жауапты миссия тек нағыз еуразияшыл, қарсы тұрушылықтың емес, бәсекелестіктің жақтаушысы, әлемдік деңгейдегі дәйекті және сарабдал саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевтың ғана қолынан келеді. Ол – жаһандық ауқымдағы бітімгер болуға жаралған тұлға.

Қазақстан Президентінің саясатына осындай кешенді көзқарас жұртшылық Минск-2-ге, яғни 2015 жылдың 11-12 ақпанында өткен «норманд төрттігі» елдері көшбасшыларының кездесуіне дейін Нұрсұлтан Назарбаевтың Украина дағдарысын реттеуде атқарған рөлін қалың жұртшылық білсін деген ниет мені осы кітапты жазу қажеттігіне түпкілікті сендірді.

Бұл кітап саясатқа қызығушылық танытатын барша оқырманға, әсіресе, еліміздің болашағы – қазақстандықтардың өскелең ұрпағына пайдалы болады ғой деп пайымдаймын.

I. МАЙДАННАН УКРАИНАДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУҒА ДЕЙІН: ЕКІҰШТЫЛЫҚПЕН ӨТКЕН КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢ

Украина дағдарысы Украинаның оңтүстік-шығысындағы қарулы қарсы тұрушылық пен Майдандағы қақтығыстардан көп бұрын басталған болатын. Мен, тіпті, В.Януковичтің Еуропалық одақпен ассоциация туралы келісімге қол қоюдан бас тартуы да дағдарыстың басы емес, тек белсендірек іс-қимыл мен ашықтан-ашық қарсы тұрушылыққа алып келген оның алғашқы себептерінің қисынды жалғасы ғана еді деп батыл түрде болжам жасай аламын.

Шын мәнінде, сонау 2004 жылы-ақ Украинада «қызғылт-сары революция» деп аталатын оқиға орын алғаны белгілі. Украиналықтар, басым жағдайда батыс өңірлерінің тұрғындары президенттік сайлаудың В.Янукович жеңіске жеткен бірінші турының қорытындыларын мойындаған жоқ. Содан кейін есеп бойынша үшінші (конституциялық емес) қайта сайлау орын алып, В.Ющенконың дәуірі, Ю.Тимошенконың

премьерлігі, В.Януковичтің билікке қайта оралуы (оның Өңірлер партиясы Жоғарғы Радада көпшілік дауыс иеленген соң) болды. Осылайша, Украинада соңғы 10 жылда әлеуметтік-экономикалық даму мен қарапайым азаматтардың әл-ауқатын арттырудың нақты мәселелері екінші кезекке ысырылып, бұл ел іс жүзінде саяси айла-шарғыға белшесінен батты.

Осындай жағдайларда Украинаның дәстүрлі түрде мәдениеті мен діні бойынша Ресейге жақын өндірісті шығысы мен еуроинтеграцияға үміттенген, яғни Еуропалық одақпен шекара қашан ашылады деп күткен ауылшаруашылықты батыс арасындағы идеологиялық алшақтық ұлғая түскені түсінікті.

Менің жеке сенімім бойынша, егер Украина басшылығы ішкі мемлекеттік тұрақтылықты нығайтып, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға және халықты ұйыстыруға бірінші кезекте мән бергенде, мұндай екіге жарылу орын алмас еді.

Қазақстанда саяси қайта жаңғырулар ойластырылған ұлтаралық келісімді, ынтымақтастық пен діни төзімділікті қамтамасыз еткен тиімді экономикалық реформалардан кейін басталып, елімізде тұрақты өсімді көрсеткенін және экономикалық дамудың қарқыны бойынша көшбасшы болуға мүмкіндік бергенін еске сала кеткен жөн. Тек осыдан кейін ғана Мемлекет басшысы саяси құрылысты жетілдірудің қадамды шараларын ұсынып, бірінші кезекте, қазақстандық біртектілікке негізделген демократия қағидаттарын енгізе бастады.

Ал Украинада біз мүлдем басқа үдерістерді көрдік. 1990 жылдардың жабайы кезеңдері тынышталып үлгермей жатып, елде түрлі полярлы екі саяси бағыт: еуроинтеграция мен Ресеймен одақтастық пайда болды. Оның үстіне, түрлі полярлықтың мәні күні бүгінге дейін дамудың осы сыртқы саяси векторларының сәйкессіздігінде емес (олар, керісінше, сәйкеседі), Украина басшылығының қашанда екі ірі ойыншы: Еуропалық одақ пен Ресей Федерациясы мүдделерінің арасынан пайда табуға ұмтылғанында, яғни тепе-теңдікті сақтауға емес, екі жақтан да өзі үшін біржақты тиімділік көруге тырысушылықта жатыр. Осының салдарынан, тұтастай алғанда, ел ретінде Украина стратегиялық тұрғыдан тек ұтылыс тапты.

Нақ өзінің жауапкершілігін түсінуге негізделген елдің болашақ дамуын біртұтас болжаудың жоқтығы, сондай-ақ, жекелеген адамдардың мемлекет мүддесінен өз мүддесін жоғары қоюы, шешім қабылдаудағы дәйексіздік пен қабылданған міндеттемелерді орындамау бүгінгі дағдарысқа алып келді.

Өкінішке қарай, Украинада біз екі тұжырымдаманы қағидатты қарсы қоюшылықты көрдік, ал біздіңше, барлық тараптардың, яғни сыртқы және ішкі мүддені есепке алатын бір ортақ стратегиялық бағдарламаны қосу бойынша жұмыс істеп, содан кейін оны дәйектілікпен жүзеге асыру қажет еді.

Елді дамытудың шығыс және батыс өңірлерін қарсы қоятын емес, осы облыстарды біріктіретін стратегияны іздеудің неліктен қажет болғанын түсіну

үшін Украина сыртқы саудасының құрылымына қарау жеткілікті. Дағдарысты кезеңге дейін Украина экспортының 5/1 үлесі Ресейге, соншасы Еуропалық одаққа тиесілі еді. Оның үстіне, РФ-ға негізінен алюминий тотығы, темір мен құрыш сымдар, дизельді-электрлі локомотивтер, барлық үлгідегі вагон-цистерналар, қозғалтқыштар, яғни елдің шығысында өндірілген өнім экспортталып келді. Ал Еуропаға жүгері, темір рудасы, антрацит, рапс тұқымы, бұршақ тұқымы, күнбағыс майы жөнелтілді, яғни елдің шығысынан шикізаттар, батысынан ауылшаруашылық өнімдері жіберіліп келді. Басқаша айтқанда, Украина, меніңше, өзінің байланысын Ресеймен де, Еуропамен де үзбеуі керек еді. Тиісінше, Украина басшылығы осы екі бағытты бір-біріне қарсы қоймай, керісінше, екі жақпен де теңдестірілген дәйекті саясат ұстануы тиіс-тін. Өкінішке қарай, бұлай болмады.

Атап айтқанда, жалғасқан егесушілік пен дәйексіздік фактісін Еуроодақпен қауымдасу туралы қол қою күні белгіленген келісімді В.Януковичтің ауыстыру туралы шешім қабылдауынан-ақ нақты көруге болады.

Қалыптасқан жағдайды толықтай түсіну үшін тараптардың аталған келісімге қол қойылмай тұрып-ақ баршаға белгілі болған ұстанымдарын білу қажет. Атап айтқанда, 2013 жылдың жазында-ақ Ресей тарапы Украина мен ЕО арасындағы келісім РФ-ның экономикалық мүдделеріне қатер төндіреді, оған қол қойылған жағдайда Ресей экономикасына

айтарлықтай нұқсан келеді деп қайта-қайта мәлімдей бастады. Мәскеу өз ұстанымына айғақ ретінде Украинаның бұрын да, қазір де ТМД-ның Еркін сауда аймағында тұрғанына назар аударды. Тиісінше, Қауымдастық туралы келісім күшіне еніп, Украинаның Еуроодақпен Еркін сауда аймағы құрылған соң, Украина тауарлары анағұрлым сапалы Еуропа өнімдері тарапынан бәсекелестікке төтеп бере алмай, Ресей нарығына ысырылып шығарылатын болады. Бір жағынан, Украина тауарлары демпингтік бағалармен, екінші жағынан, Еуропа өнімдерінің Украинадан РФ-ға заңсыз реэкспорты фактілерін де жоққа шығаруға болмайды, Ресей кәсіпорындарына орны толмайтын шығын келтіретіні түсінікті еді, ал бұл жерде әңгіме өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, автомобиль жасаудағы, құрылыс пен басқа да салалардағы аса ірі жобалар турасында болып отыр. Оқиғалардың осындай даму тәуекелі жағдайларында РФ үкіметі шетелдіктерді қоса алғанда, инвесторлар алдында міндеттемелері бар екенін, оларды Украина Еуроодақпен қауымдастық туралы келісімге келген жағдайда сауда режимін қатаңдату жолымен де қорғайтынын ашық айтты. Айтқандай, осы ұстанымын Ресей тарапы әлі күнге жалғастыруда.

Бұл жерде еуропалықтар нені басшылыққа алды? Еуропада ұзақ жыл жұмыс істеген мен осыдан екі жыл бұрын ЕО-да Украинаның Еуроодаққа іс жүзінде өтуі туралы нақты ойланғандар көп болған жоқ деп нық сеніммен айта аламын. Бұл үдеріс өте ұзаққа созылады деп болжанды. Бұдан бөлек, жаһандық

дағдарыстың салдары мен Еуропадағы ішкі проблемалар Украинаның экономикаларын жедел қайта құру мақсатында 1990 жылдары орасан зор қаржы бөлініп, ірі инвестициялар құйылған Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі секілді еуроинтеграцияны ілгерілету үшін қандай да бір қаржылай көмек алуға деген барлық үмітін жоққа шығарды.

Қазақстанның Германиядағы елшісі болып жұмыс істеген кезімде мен неміс баспасөзін тұрақты түрде оқып тұрдым. Украина дағдарысы белең алған сәттен бастап, жарияланым үшін аса қарама-қайшылықты тақырыптар жанжалдың экономикалық себептері болғаны қызық факт екені анық. Мәселен, 2014 жылдың сәуірінде-ақ ЕО-ның энергетика жөніндегі комиссары Гюнтер Эттингер «Welt am Sonntag» газетіне берген сұхбатында «Украинаның Еуропалық одаққа өтуі алыс перспектива» деп бағалаған еді. Сонымен қатар, ол осы перспектива Украинадағы бүгінгі жанжалды шешудің құралы бола алмайтынын атап көрсете келіп, бұл мәселені көкейкесті емес деген болатын. Оның пікірінше, Украина дағдарысы үшін жауапкершіліктің бір бөлігі Еуроодақ мемлекеттеріне тиесілі. Саясаткер «бізге Украинаны Еуроодақпен жақындастыру жөніндегі келіссөздер үдерісіне ресейлік әріптестерді түбегейлі түрде қосқан жөн еді» деп атап өтті. Екінші жағынан, Эттингердің сөзіне қарағанда, Ресей Президенті Владимир Путинге бұрынғы кеңестік республиканың тәуелсіздікке ұмтылысына қарсы тұрмау керек еді. Еурокомиссар

атап көрсеткендей, «өзінің болашағын айқындау – бұл украиналықтардың өз ісі»¹.

Украинаның өзіне қатысты айтсақ, біріншіден, ЕО-мен қауымдастық туралы келісімге қол қойғаннан кейінгі алғашқы 1-2 жыл бедерінде ел экономикасы сезіне алатын теріс салдарларды еңсеру үшін Киевке орасан зор қаржы қажет болатын. Еуроинтеграция теоретиктерінің төзімділік таныта тұруы керек еді, ал біртұтас Еуропа нарығына қосылудан кейінгі кумулятивті тиімділік, оның стандарттары мен жаңа технологиялары Украинаның алға қарай айтарлықтай секіріс жасауына мүмкіндік беріп, оның экономикасына оң әсер етер еді деп сөз саптайтыны сөзсіз.

Сонымен қатар, Украина экономикасы объективті тұрғыдан мұндай қайта өзгертулерге дайын емес еді, Ресеймен дәстүрлі сауда, өндірістік, кооперациялық ажырау қатері алдында тұрды. Және бұл ел 2008-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыстан әлі айыға қоймаған кезеңде болды. Дегенмен, Батыстан қаржылай көмек көрсетілмеді, ал Халықаралық валюта қоры В.Януковичтің бүкіл әлеуметтік саясатын жоққа шығаратын аса ауыр шарттар қойды. Сөйте тұра, ол 2013 жылдың 17 желтоқсанындағы Ресейге сапары барысында 15 млрд. доллар кредит алды және Украина үшін газдың бір текше метрінің бағасын 400-

¹ Йохен Гаугеле (Jochen Gaugele). ЕО-ның энергетика жөніндегі комиссары Г.Эттингердің сұхбаты. «ЕО комиссары автобанды пайдаланғаны үшін бүкіл Еуропа бойынша ақы төлеуді енгізуді талап етеді» (EU-Kommissar fordert Pkw-Maut für ganz Europa). Welt am Sonntag газеті. 20/04/2014. <http://www.welt.de/politik/Deutschland/article127118482/EU-Kommissar-fordert-Pkw-Maut-fuer-ganz-Europa.html>

ден 268,5 долларға дейін уақытша төмендетуге қол жеткізді.

Осылайша, көптеген сарапшылар атап өткендей, В.Янукович таңдау алдында тұрды: Еуроодақпен қауымдастық туралы келісімге қол қойып, болжам бойынша ел экономикасын терең рецессияға ұрындыруы немесе РФ-ның несие қаржысын қабылдап, еуроинтеграцияны тоқтата тұруы және әрі қарай да тактикалық дивидендтер алу үшін «еуропалықтар мен ресейліктердің көңіл-күйлерінде ойнауын» жалғастыруы керек болды. Олардың пікірінше, ол соңғысын таңдады.

Басқа нұсқа да бар. В.Янукович РФ-мен және ЕО-мен ұстанымдарын тағы бір мәрте келісуге әрекет ету үшін, сондай-ақ, барлық тараптарға ұнамды сауда-экономикалық ынтымақтастықтың тұжырымын жасау үшін келісімге қол қоюды кейінге қалдырған жөн деп шешті.

В.Янукович қандай уәждерді басшылыққа алмасын, ол Майданда, Қырымда, ал кейінірек Донецк мен Луганск облыстарында орын алған оқиғаларға алғышарт жасаған сол тарихи шешімді қабылдаған еді.

Қалыптасқан жағдайға шағын экономикалық талдауды есепке ала келгенде, В.Януковичтің ЕО-мен қауымдастық туралы келісімге қол қоюды кейінге қалдыру туралы шешімі қате болды деп кесіп-пішіп айтуға болмайды. Сонымен қатар, ол осы шешімді іс жүзінде қол қою датасы белгіленген қарсаңда қабылдап, мұнысымен өз іс-әрекетінің дәйексіздігін көрсетті және негізінен Украинаның қарапайым

азаматтарының, батыс өңірлеріндегі тұрғындардың сенімдеріне селкеу түсірді.

В.Янукович соңғы сәтке дейін Еуропадан Украинаға қаржылай көмек көрсету туралы оң шешім күтті, қателескеннен кейін еуроинтеграцияны тоқтата тұруға мәжбүр болды. Сөйте тұра, Украина жұртшылығымен ешқандай түсіндіру жұмыстары жүргізілмеді. Жоба оның ықтимал тиімділігі мен ықтимал тәуекелдерін егжей-тегжейлі ойластыру үшін кең көлемді талқылауға шығарылған жоқ. Аңғал халық келісімге қол қойылғаннан кейін қалғаны оңай деп, өзін ЕО-ға өту табалдырығында тұрмын деп сезінген еді, бірақ билік олардан алшақ кеткенін көрсетіп, күткен көңілдерді күпті етті. Іс жүзінде өне-міне қол қойылады деген сәтте В.Янукович келісім жобасын қосымша жан-жақты ашық сараптамаға жіберіп, ол осы шешімі бойынша шамамен жарты жылға кешігіп қалды және Батыстағы әріптестері оның мұнысын түсінбеді. Ал бұл жайт оппозиция үшін іске көшуге белгі болып табылды.

2008-2010 жылдары Қазақстанда да осыған ұқсас жағдай қалыптасуы мүмкін болғанын атап өткен жөн. Қазақстан Республикасының халқы мен бизнесі Беларусь, Қазақстан және Ресейдің Кеден одағын құру бойынша жүргізіп жатқан жұмыс туралы аз құлақтандырылған еді. Интеграциялық үдерістерге көңілдері толмайтындар тарапынан артық-ауыс сөздер айтыла бастады. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев жағдайды дер кезінде түзетті. Ол түсінік жұмыстары әлсіз жүргізіліп жатқанын атап

көрсетіп, үш ел үкіметін бірнеше мәрте сын тезіне алды. Нәтижесінде, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт жобасымен жұмыс басталған кезде, оған Қазақстан бизнесі («Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы) мен сарапшылар қоғамдастығы қосылды. Шарттың өзі жоба сатысында-ақ онлайн-қолжетімді болды және қол қойылып, тараптардың бәрі ратификациялаған қазіргі кезде де қолжетімді. Оның үстіне, интеграцияның ең күрделі мәселелерін ашық талқылау жалғасып жатса, бұл жайт ЕАЭО-дағы әріптестер тарапынан түсіністікпен қабылдануда, өйткені, осы экономикалық одақ аясындағы интеграциялық үдерістер, бәрінен бұрын, қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес мақсаттылық пен прагматизмге негізделіп отыр.

Украинадағы оқиғаларға қайта оралсақ, Қауымдастық туралы келісімге қол қоюды кейінге шегеру жөнінде қабылданған шешім мен оның жұртшылыққа қалай жеткізілгенінің өзі салдары қасіретті оқиғаларға алып келген алғашқы адами қателік болды дер едім. Артынша Майдан бұрқ етті. Киевтің орталығына еуроинтеграция жақтастары тосқауыл қойды. Осы кезеңде наразылық білдірушілерді бірлесе қолдаған Батыстың ұстанымы айқындала бастады. Еуроодақ ел билігін келісімге келуде енжарлық танытты деп айыптап, Қауымдастық құру жөніндегі келісім бойынша Киевпен келіссөздерін тоқтатты, ал АҚШ Украина басшылығына санкциялар қолданамыз деп доқ көрсетті.

Украинадағы саяси дағдарыс аса күрделі пішінге еніп, көшедегі демонстранттардың радикалды бөлігін

билікке күш көрсету арқылы қарсы тұруға арандатты. Қақтығыстардың қатаңдана түсуін Жоғарғы Рада 2014 жылдың 16 қаңтарында қабылдаған рұқсат берілмеген көше акцияларына жазаны қатайту туралы заңдар пакеті тездетті. Киевтің орталығында жаппай тәртіпсіздіктер бой көрсетті. Бірқатар өңірлерде митингке қатысушылар облыстық әкімшіліктер ғимаратын бақылауларына алу мүмкіндігіне қол жеткізді.

2014 жылдың ақпанында Украинадағы саяси дағдарыс елді азамат соғысы мен аумақтық бөлініс қатеріне әкелген аса өткір белесіне өтті.

Украинада күш көрсету ушыға түсуімен байланысты 2014 жылдың 18 ақпанында мәлімдеме жасаған ГФР-дің Федералды сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайер «жекелеген адамдарға» қатысты санкциялар қолданылатынын айтып, сес көрсетті. Ол Киевтің орталығында немесе Украинаның кез келген басқа жерінде қантөгіске әкелетін шешім қабылдаған адам жауапты болатынын, Еуропаның бұған дейінгі жеке адамдарға санкциялар қабылдау бойынша өзінің ұстамды көзқарасын қайта қарауы ықтимал екенін атап көрсетті. Аталған жағдайда әңгіме Украинаның бұрынғы үкіметі мүшелерінің Еуропаға кіруіне тыйым салу туралы болатын. Ф.-В. Штайнмайердің айтуынша, күш көрсетуді ушықтыру – бұл «қазір елге керектінің ең соңғысы». Сондай-ақ, ол жағдайды күрделендіре түсуде ерекше жауапкершілік Украинаның қауіпсіздік күштеріне жүктелетінін атап өтті.

Дағдарысты шешудің саяси жолын іздеуге алғашқы әрекет те жасалды. 2014 жылдың 21 ақпанында Украинадағы дағдарысты реттеу туралы билік пен оппозиция арасында келісімге қол қойылды (келісімнің толық мәтіні қосымшада беріліп отыр). Құжатқа Польша мен Германия СІМ-лерінің, сондай-ақ, Франция СІМ-нің өкілі куәгерлік етті. Сонымен бір мезгілде, «Оң сектор» радикалды қозғалысының серкесі Д.Ярош аталған келісімді қабылдамай тастады және тайталастың жалғасатынын жария етті.

2014 жылдың 22 ақпанында В.Янукович Украинаның оңтүстік-шығыс облыстары депутаттарының съезі өтеді деп жоспарланған Харьков қаласына келді. Сол кезде Жоғарғы Рада мемлекет басшысының конституциялық өкілеттігін орындаудан өзін өзі шеттетуі жөнінде қаулы қабылдады. Жағдайды В.Януковичтің елден Ресейге қашуы ушықтыра түсті, бірақ ол өзінен Украина президенттігінің өкілеттігін алмаған еді.

2014 жылдың 24 ақпанында ГФР СІМ-нің басшысы Ф.-В.Штайнмайер Украинаның жаңа билігін кек қайтару актілерінен бас тартуға шақырды. Оның айтуынша, «болашақ саяси басшылар күш көрсетуді ушықтыруды тоқтатулары тиіс». Германия сыртқы саясат ведомствосының басшысы Украинаның жаңа билігіне «саяси партиялар мен өңірлер арасындағы үнқатысу мен тепе-теңдікті іздестіруді» ұсынды. Ол Германияның, Франция мен Польшаның араағайындығымен келісіліп, Украинадағы қарсы тұрушы саяси лагерьлер қабылдаған жоспар жағ-

дайды реттеуге «парасатты жол» ашатынын атап өтті.

Сол дүдәмалдық кезеңінде жасалған Ф.-В.Штайн-майердің болжамы нағыз көрегендік болып шықты. Ол Украинадағы жағдайды күрделі күйде қалып отыр деп бағалай келіп, «Еуропаның алдағы кезеңде де Украинаның анархия мен азамат соғысы ұйығына батып кетпеуінің алдын алу және елдегі ұлттық бірлікті сақтап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы тиіс» екенін атап көрсеткен еді. Өкінішке қарай, оның үндеуін тыңдар құлақ табылмады.

Елде өздерінің болашақтарын Ресеймен ынтымақтастықпен байланыстыратын, еуроинтеграция ұрандарын қабылдамаған, бірақ бұрынғы ел басшылығы «лақтырып» кеткен, олигархтар ортасы елеп-ескермеген және жаңа билік те есепке алмаған басым бөлігі өндірісі дамыған оңтүстік және шығыс өңірлердің қарапайым азаматтары қалды.

Осылайша, Украина тарихының, өкінішке қарай, үмітті ақтамаған қайғылы да қатал жаңа парағы басталды.

Көтеріңкі көңіл-күй үстінде қабылданған шешімді қате деп қарастыруға бола ма, оны бағалау қиын. Алайда, 2014 жылдың 23 ақпанында, оппозиция Жоғарғы Радаға бақылау орнатқан күннің ертеңіне-ақ, украиналық заң шығарушылар Тілдер туралы заңның күшін жойды. Еске сала кетсем, осы заңмен Украинаның өңірлеріне орыс тілінің мәртебесін ішкіөңірлік қарым-қатынаста ресми тіл ретінде өзі айқындауға құқық берілген еді.

Заңның күшін жоюды жақтап 450 депутаттың 232-сі дауыс берді. Шешімді оппозициялық «Батькивщина» және УДАР фракцияларының көпшілік депутаттары қолдаса, оған ұлттық «Свобода» фракциясы өз дауыстарын толық құрамында берді.

Бұл бұрынғы заң берген мүмкіндікті пайдаланған өңірлердегі жергілікті өзін өзі басқару органдары тарапынан наразылық туғызбай тұра алмады. Өзге ұлттық азшылықтардың, негізінен Украинадағы орыс тілді халықтың құқықтары белден басылды. 2014 жылдың 3 наурызында Украина президентінің міндетін атқарушы А.Турчинов парламенттің тіл саясаты туралы заңның күшін жойған шешіміне Жоғарғы Рада жаңа заң қабылдағанша қол қоймайтынын мәлімдегеніне қарамастан, жұлқынып тұрған жын бөтелкеден шығып үлгерген еді.

Билікке келген оппозицияның орыс тілінің өңірлік мәртебесін жою жөніндегі жедел шаралары, Украинаның блоктан тыс тұру мәртебесін алып тастауға шақырған үндеулер мен НАТО-ға ену үдерісінің басталуы осы елдегі Шығыс пен Батыс арасындағы түсінбеушілікті тек күшейте түсті.

Нәтижесінде, оқиға ошағы Киевтен Қырымға ауысқаны белгілі. 2014 жылдың 27 ақпанында Қырым Автономиялық Республикасының Жоғарғы Кеңесі өзінің шешімімен Қырым премьер-министрінің лауазымын «Орыс бірлігі» партиясының жетекшісі С.Аксеновті тағайындады, оны Киевтегі жаңа билік мойындамады. 2014 жылдың 27 ақпанына қараған түні Қырым үкіметі мен Жоғарғы Кеңесінің ғимарат-

тарын белгісіз қарулы адамдар басып алды. Екі ғимараттың үстіне де Ресей тулары тігілді.

Қырым автономиялық республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы С.Аксеновтің бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етуге ықпал көрсету туралы өтінішіне жауап ретінде Ресей Президенті В.Путин РФ Федералдық Жиналысы Федерация кеңесіне үндеу жолдап, Ресей заң шығарушылық органының жоғары палатасынан РФ Қарулы күштерін Украина аумағында ондағы жағдай қалыпқа келгенше пайдалануға келісімін алды.

Ресей СІМ-нің статс-хатшысы С.Карасин мәлімдегендей, РФ Федералдық Жиналысы Федерация кеңесінің келісімі Ресей Президенті В.Путин РФ Қарулы күштерін қолдану туралы берілген құқықты пайдаланады дегенді білдірмейді. Соған қарамастан, мұндай шешім қабылданып үлгерген еді. Украинадағы қарсы тұрушылық жаңа пішімге ауысты. Ресей факторы пайда болды.

2014 жылдың 11 наурызында Қырым Автономиялы Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Севастопольдің қалалық кеңесі олардың пікірінше, сәйкес шешім референдумда қабылданған жағдайда, Қырымның Ресейдің құрамына кіруіне заңнамалық мүмкіндік беретін Қырым Автономиялық Республикасы мен Севастополь қаласының тәуелсіздігі туралы декларация қабылдады. Мәскеу декларацияны заңды және негізді деп атаса, ал Украина СІМ оны антиконституциялық және «заңнама тұрғысынан түкке тұрғысыз» деп есептеді. Сондай-ақ, 2014 жыл-

дың 16 наурызында референдум жарияланды, онда түбектің тұрғындарына екі сұрақтың біріне дауыс беру ұсынылды: 1) Сіз Қырымның Ресейге Ресей Федерациясының субъектісі құқымен қайта қосылғанын қалайсыз ба; немесе 2) Сіз Қырым Республикасының 1992 жылғы конституциясының іс-әрекеті қалпына келгенін және ҚАР-дың Украинаның бір бөлігі ретіндегі мәртебесін қалайсыз ба?

2014 жылдың 16 наурызындағы Қырымның мәртебесі туралы референдумда сайлаушылардың 96%-дан астамы республиканың РФ құрамына қосылуын жақтап дауыс берсе, 18 наурызда тиісті шартқа қол қойылды. 21 наурызда Ресей Президенті Қырымның қосылуы туралы заңға қол қойды.

Қырымдағы референдумның қорытындылары, сондай-ақ, түбектің Ресей Федерациясына қосылғаны Киев тарапынан мойындалған жоқ. Мәскеудің барлық түсіндірмелері мен Косовода осыған ұқсас жай орын алғанына сілтеме жасауы есепке алынбады. Ресейге Батыстың Қырымды аннексиялады және елдің аумақтық тұтастығы туралы халықаралық құқық қағидаттарын бұзды деген айыбы қарша борай бастады. АҚШ пен Еуроодақ, Австралия, Жаңа Зеландия мен Канада активтерді тоқтатып тастауды және «қара тізімге» енгізілген адамдарға визалық шектеулер енгізуді, сондай-ақ, санкция салған елдердің компанияларына тізімге енгізілген адамдармен және ұйымдармен іскерлік қатынастар ұстануға тыйым салуды қарастыратын санкциялардың алғашқы пакетін іске қосты.

Оқиғалар, күшейе түскен дағдарыстан шығудың басқа жолдарын табуға әрекеттер болғанына қарамастан, жедел дамыды. Оның үстіне, болып жатқан оқиғалардан хабар таратқан ақпараттар ағынында, сондай-ақ, 2014 жылғы наурыздың 10-ы мен 14-і аралығында Қазақстан Президентінің АҚШ, Германия, Ұлыбритания және бірінші кезекте Ресей басшыларымен бірқатар телефон арқылы сөйлесулері болды деген хабар көрініс берді. Іс жүзінде, бұл Қазақстан басшысының осындай күрделі геосаяси мәселеде араағайындық күш-жігер танытқан алғашқы оқиғасы еді.

Барлық телефон арқылы сөйлесулер референдум өткенге дейін болғанын қаперге алсақ, әңгіменің не туралы өрбігенін түйсіну қиынға түспесе керек. Батыс елдерінің басшылары Н.Ә.Назарбаевқа Ресей Президенті В.Путинмен Қырым үдерістеріне ықпал ету туралы сөйлесуін сұрап, өтінішпен шықты деп батыл түрде болжам жасай аламын.

Атап айтқанда, Қазақстанның Германиядағы Елшісі ретінде мен Мемлекет басшысының А.Меркельмен телефон арқылы сөйлесуін ұйымдастыруға тікелей қатыстым. Осы әңгімені дайындау барысында және оның мазмұнын өзімнің неміс әріптестеріммен кейінгі талқылауларым кезінде менің батыстық серіктестердің Нұрсұлтан Назарбаевты осы күрделі мәселені талқылауға болатын және сенім артуға лайықты адам ретінде көргеніне көзім жетті.

Сонымен бір мезгілде, Украинада түбегейлі өзгерістер өте жылдам жүріп, сол кезге дейін түзеп

болмайтын қателіктер жіберіп үлгерілген еді және жанжалға тартылған тараптардың көңіл-күйі әбден шегіне жеткен болатын. Осының барлығы іс жүзінде оқиғалардың даму барысын өзгертуге еш мүмкіндіктің қалмағанын білдіреді.

Қырымның Ресейге қосылуы, Германияны қоса алғанда, Батыста теріс қабылданғаны сөзсіз. Мәселен, 2014 жылдың 14 сәуірінде немістің «Der Spiegel» басылымының журналисі Беньямин Биддер Мәскеу Қырымды қосып алып, «қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін қалыптасқан тәртіптің аяғын аспаннан келтірді деп жазды. Оның пікірінше, «Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін алғаш рет бір мемлекет күш қолдану әдісімен екінші бір елдің шекарасын өзгертті, бұл осыдан бар-жоғы бірнеше ай бұрын ойға келмейтін жай еді»².

Германия Канцлері А.Меркель Қырымның Ресей құрамына кіруін халықаралық құқықты өрескел бұзу, өйткені, бұл Украина конституциясына қарама-қайшы еді және Киев үкіметімен келісілмеген болатын, деп көрсетті. Сонымен қатар, ол Еуроодақтың дағдарысты ушықтыруға мүдделі емес екенін атап өтті. Германия канцлері украиналық саясаткерлерді әлеуметтік жіктелуді еңсеру бойынша күш-жігерді жандандыра түсуге шақырды. «Мен Украина іс-әрекеті қайшылыққа

² Беньямин Биддер (Benjamin Bidder). «Шығыс Украинадағы эскалация: Ресейдің қауіпті мүмкіндіктері» (Eskalation in der Ostukraine: Russlands gefahrliche Optionen). Spiegel журналы. 14/04/2014.

[Http://www.spiegel.de/politik/ausland/Ukraine-will-putin-anschluss-einmarsch-oder-buergerkrieg-a-964408.html](http://www.spiegel.de/politik/ausland/Ukraine-will-putin-anschluss-einmarsch-oder-buergerkrieg-a-964408.html).

емес, келісімге бағытталған саясаткерлерге мұқтаж деп ойлаймын», – деді А.Меркель. Өкінішке орай, Киевтегі жаңа билік неміс саясаткерінің үндеуіне құлақ аспады. Қырымдағы оқиғалармен байланысты Украинаның оңтүстік және шығыс өңірлеріндегі Ресейге бүйрегі бұратын азаматтардың бойын билеген эйфория қысым ошағын басқа облыстарға ауыстырды. Дәл осы кезең – наурыздың соңы мен сәуірдің басы – Украинаның осы өңірлерінің проблемаларын қатты қиналмай шешуге болатын кезең еді. Сол кезде Донбасстың тәуелсіздігіне немесе өңірді Ресейге қосуға шақырған үндеулер соншалықты қатқыл және үзілді-кесілді емес-тін. Дәл сол шақта Киев пен елдің оңтүстік-шығысы арасындағы сындарлы үнқатысуды жүзеге асыруға мүмкіндік әлі де болса бар еді. Алайда, өкінішке қарай, мұны ешкім пайдаланған жоқ.

2014 жылдың 6 сәуірінде Донецк, Луганск және Харьков облыстарында далалық және облыстық әкімшіліктер мен құқық қорғау органдарының ғимараттарын жаппай басып алулар басталды. Бейілі Ресейге берілген ереуілшілер қаруға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Донецк мен Луганскіде оларға өздерін бұрынғы басшылық сатып кетті және жаңа билік қуғынға ұшыратты деп есептеген құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері қосыла бастады. Бұған қоса, операцияларға бұрынғы әскерилер қатарында болған ресейлік еріктілер араласты. Митингке шыққандардың серкелері жасақтар штабының жетекшілеріне айналды. Жергілікті белсенділер, олардың сөздеріне қарағанда, орыс тілін ресми

пайдалануға тыйым салуға қарсы наразылық білдірді. Қырым факторын есепке алғанда, орыс тілінің мәртебесі туралы бұл ұрандар тәуелсіздікке және Ресейге қосылуға шақырған үндеулерге күрт ұласты.

2014 жылдың 10 сәуірінде өзін өзі жариялаған Донецк Халық Республикасы (ДХР) өңірдің мәртебесі туралы референдум өткізу үшін сайлау комиссиясын жасақтай бастады.

2014 жылдың 28 сәуірінде өзін өзі жариялаған Луганск Халық Республикасында (ЛХР) ЛХР-дің өзін өзі айқындауына арналған референдум өткізуге дайындық басталғаны туралы хабарланды.

Өзін өзі жариялаған ДХР мен ЛХР-де референдумдар өткізу күні 2014 жылдың 11 мамырына, 2014 жылдың 25 мамырына тағайындалған Украинадағы президенттік сайлау өткізуден екі апта бұрын деп белгіленді.

Донецк мен Луганскідегі оқиғаларға Германия қалай қарады? 2014 жылғы сәуірдің басында неміс БАҚ-тарындағы түсініктемелердің әуені айтарлықтай өзгерді. Атап айтқанда, Қырым қосылғаннан кейін кейбір саясаткерлер мен шолушылар Еуроодақ пен АҚШ-ты сынай келе, Кремльдің іс-әрекетін ақтады. Дағдарысқа кінәні олар, өздерінің пікірінше, Ресей басшылығының ерекшеліктерін ескермеген Батысқа аударды. Бірақ, ресейлік бейілдегі ереуілшілердің 7 сәуірге қараған түні Украинаның шығысындағы әкімшілік ғимаратты басып алып, «Донецк халық республикасын» жариялағаннан кейін «Suddeutsche Zeitung» газеті «Мемлекетті жүйелі түрде қирату»

деген тақырыппен журналист Юлиан Ханстың мақаласын жариялады, онда ол былай деп жазды: «Егер болашақта саясаттанушылар қандай да бір мемлекетті жүйелі түрде қалай қиратуға болатынын талдағылары келсе, онда Ресейдің көрші Украинаға қатысты іс-әрекеті нағыз үлгі бола алады. Оның рецептіне сенімсіздікті өрістету мен экономикалық қысым көрсету және әскери үрей туғызу кіреді. Мәскеу қашқын президент Януковичті ауық-ауық нафталиннен алып, ол қағаз жүзінде Киевтегі өтпелі үкіметтің беделін түсіретін нәрсенің барлығын таратып келеді. Барак Обама Украинада федералдық құрылыс орнату туралы Кремль жоспарларының қармағына ілікпегеннен кейін Мәскеу өзіне Қырымдағы табысын қамтамасыз еткен құралдарға қайта оралды. Осы алғашқы қадамнан Путин өзі үшін айтарлықтай салдарлар болмайтынын түсінген сабақ алды. Енді Брюссель мен Берлин қандай сабақ алғандарын көрсетулері тиіс»³.

2014 жылдың 15 сәуірінде Украина президентінің міндетін атқарушы А.Турчинов антитеррорлық операция (АТО) бастау туралы жариялады, ол сәтсіздікке ұшырады. Басым жағдайда аумақтық қағидат бойынша жасақталып, әлсіз жарақтанған және асығыс үйретілген, нашар басқарылатын Украина армиясы жасақтардың ұйымдасқан және алдын ала

³ Юлиан Ханс (Julian Hans). «Мемлекетті жүйелі түрде қирату» (Ein Staat wird systematisch zerstört). Sueddeutsche Zeitung газеті.08/04/2014.

[Http://www.sueddeutsche.de/politik/unruhen-in-der-ostukraine-ein-staat-wird-systematicsch-zerstoert-1.1931824.](http://www.sueddeutsche.de/politik/unruhen-in-der-ostukraine-ein-staat-wird-systematicsch-zerstoert-1.1931824)

жоспарланған партизандық операцияларына қарсы тұруға қабілетсіз болып шықты.

Украинаның оңтүстік-шығысындағы жағдайдың ушығуына байланысты батыстық санкциялар кеңейтіле бастады. Санкцияларды ұйымдастырушылар Ресейді Украинаның аумақтық тұтастығын бұзуға, оның ішінде ресейлік бейілдегі көтерілісшілерге қару беруге бағытталған іс-әрекеттер жасап отыр деп айыптады.

2014 жылдың 7 мамырында өткен баспасөз мәслихатында РФ Президенті В.Путин ЕҚЫҰ төрағасы Дидье Буркхальтермен бірге Луганск мен Донецкінің басшылығына Украинаны өзін өзі жариялаған Донецк мен Луганск халық республикаларынан бөлу туралы 11 мамырға белгіленген референдумды кейінге шегеру өтінішімен қайырылды. Сондай-ақ, ол Украинада 25 мамырда кезектен тыс президенттік сайлау өткізу «дұрыс бағыттағы қозғалыс» болып табылатынын нұсқады.

ДХР орталық сайлау комиссиясының төрағасы Роман Лягин «егер Донецк Халық Республикасының басшылығы референдум күнін өзгерту туралы шешім қабылдаса, онда біз онымен келісуге мәжбүр боламыз», бірақ президенттік сайлаудың Донецкіде өткізілмейтіні анық деп мәлімдеді.

2014 жылдың 8 мамырында ДХР депутаттары (ЛХР-дің қоғамдық кеңесі секілді) өңірлердің мәртебесі туралы референдум күнін жалғасып жатқан АТО үшін басқа мерзімге ауыстырмау жөнінде шешім қабылдады.

2014 жылдың 12 мамырында ИТАР-ТАСС-тың В.Путиннің референдум қорытындыларын тану туралы ұстанымына РФ Президентінің өзі федералдандыру жақтастарын референдум мерзімін біраз уақытқа шегеруді сұрағаны ықпал ете ме деген сұрағына баспасөз хатшысы Д.Песков: «Президент сұраған жоқ, осындай ұсыным жасады», – деп нақтылады.

ДХР-дағы да, ЛХР-дағы да референдумдарға бар болғаны бір-ақ сұрақ шығарылды: «Сіз Донецк Халық Республикасының мемлекеттік өзін өзі басқару туралы актісін қолдайсыз ба?» және тиісінше: «Сіз Луганск Халық Республикасының мемлекеттік өзін өзі басқару туралы актісін қолдайсыз ба?». Жауаптың «Иә» немесе «Жоқ» деген екі нұсқасы болды.

2014 жылдың 12 мамырындағы референдумдардың қорытындылары бойынша ДХР да, ЛХР да егемендіктерін жариялап, Ресейдің құрамына өту және Новороссияға бірігу жөнінде тілектерін білдірді.

Референдум өткізу туралы шешім Киев пен ЛХР және ДХР өкілдерінің тіресуіндегі шешуші сәттердің бірі болды, өйткені, облыстар шекарасы шеңберінде референдум өткізу рәсімі Украинаның қолданыстағы конституциясында қарастырылмаған еді.

Дауыс беру тек жағдайды ЛХР мен ДХР жақтастары бақылауында ұстаған елді мекендерде ғана өтті. Дауыс беру сайлаушыларды жергілікті билік қолдаған аудандарда аса белсенді жүрді.

2014 жылдың 12 мамырында РФ Президентінің баспасөз хатшысы Д.Песков Владимир Путин До-

нецк және Луганск облыстарының мәртебесі туралы референдумға қатысты өзінің көзқарасын «олардың қорытындыларына сәйкес» білдіретінін мәлімдеді. Содан кейін Президенттің баспасөз қызметі тарапынан «Мәскеудің Донецк және Луганск облыстары халқының ерік білдірулеріне құрметпен қарайтыны және референдумдар қорытындыларын іс жүзінде жүзеге асыру өркениетті жолмен, қандай да бір күш көрсету әрекеттерінсіз Киев, Донецк және Луганск өкілдері арасында үнқатысу арқылы өтетініне сенім білдірілетіні, осындай үнқатысуды орнықтыру мүддесіне орай кез келген араағайындық күшжігер, оның ішінде ЕҚЫҰ арқылы бойынша да қуатталатыны» хабарланды.

АҚШ пен Еуроодақ референдум басталғанға дейін оның қорытындыларын мойындамайтынын хабарлап, егер Украинаның шығысындағы дауыс беруге байланысты онда 25 мамырға тағайындалған президенттік сайлау өтпей қалатын болса, онда Ресей Федерациясына қарсы экономикалық санкциялардың үшінші пакеті енгізілуі ықтимал екендігін ескертті. АҚШ мемлекеттік департаментінің өкілі Джен Псакидің сөзіне қарағанда, Украинадағы барлық өңірлік референдумдар заңсыз және «жалған» болып табылады, бұл қадам «бөліну мен тәртіпсіздіктерге алып келеді».

ЕҚЫҰ төрағасы, Швейцария президенті Диде Буркхальтер дауыс берулерді «заңсыз» деп атады.

Донецк мен Луганскідегі референдумдар Германияда да мойындалмады. 2014 жылдың 12 мамырын-

да ГФРСІМ-нің басшысы Франк-Вальтер-Штайнмайер Украинаның шығыс өңірлерін бөлу мәселесі бойынша өткен референдумдарды мойындамайтынын және оларды заңсыз деп есептейтінін мәлімдеді. «Украинаның шығысында кейбіреулер іздеп жүрген жол жоқ», – деп мәлімдеді неміс саясаткері. Оның пікірінше, өткізілген сауалнамалардың нәтижелері шындап қабылдана алмайды және қабылдануға тиісті емес.

«Deutsche Welle» украин редакциясының жетекшісі Бернд Йохан Донецк мен Луганскіде өткен референдумдардың қорытындылары туралы былай деп жазды: егер Украинаның шығысындағы шешім Ресейге бейілді күштердің еркі бойынша өтсе, онда Еуропадағы шекаралар Қырымның аннексиясынан кейін екінші қайтара қарастырылады. Донецк және Луганск облыстарында екі жаңа мемлекеттік құрылымдар – тәуелсіз «халық республикалары» дүниеге келді. Іс жүзінде олардың екеуі де Ресейге бағыт ұстанады, өйткені, саяси, сондай-ақ, экономикалық жағдай Кремльдің қолдауына тәуелді болады. Осындай стратегияның идеологиясы мен нәсіхаты көрші мемлекеттер бірінен кейін бірі домино секілді құлап, Мәскеу жағына өтеді деген алғышарт қалыптастырады. Осындай сценарий Украинаның кейбір басқа өңірлеріне де қатер төндіреді. Сепаратистер Донецк мен Луганскінің мысалында басқа да «халық республикалары» пайда болғанын қалайды. Кейіннен олар «Жаңа Ресей» деген атаумен жаңа мемлекеттік құрылымға біріге алады. Бұл туралы

қазірдің өзінде Донецк мен Луганскіде, бірінші кезекте Мәскеуде айтылып жүр. Ресей президенті Владимир Путин де «Жаңа Ресей» терминін қолданады. Бұл жерде Украинаның шығысынан бастап Қырым мен Одесса арқылы Молдавия мен Румынияға жететін және осылайша Еуроодақ шекарасына дейін созыла алатын өңір меңзеліп отыр⁴.

2014 жылдың 13 мамырында ГФР сыртқы істер министрі Ф.-В. Штайнмайер сапармен Киевте болды және премьер-министр А.Яценюкпен бірге өткізген брифинг кезінде Германия «Украина үкіметінің елде ұлттық үнқатысу ұйымдастыру бойынша шараларын қолдайтынын» мәлімдеді. Ол осындай жағдайларда басып алынған мемлекеттік мекемелерді босату үшін әрі қарай шаралар қабылдау, сондай-ақ, біртіндеп заңсыз әскери құрылымдарды қарусыздандыру мүмкін болатынына үміт білдірді.

Ф.-В.Штайнмайер 2014 жылдың 25 мамырындағы президенттік сайлаудың мемлекеттегі жанжалды шешудегі және азаматтардың осы сайлауға жоғары деңгейде қатысудағы рөлін атап өтті. Шығыс Украинадағы жағдайды неміс дипломаты қатер төндіретін және қауіпті деп бағалады, сондай-ақ, Украина басшылығының қалыптасқан жағдайдағы күш-жігері құрметке лайық екенін атап көрсетті.

«Bild» газетіндегі сұхбатында Германия экономика министрі Зигмар Габриэль Ресейге Украинадағы

⁴ Бернд Йохан, түсініктемелер, Украинаның Deutsche Welle редакциясының жетекшісі, 2014 жылғы 12 мамыр.

Дерек көзі: <http://dw/h/1Bxzy>

президенттік сайлауға кесірі тиген жағдайда қатаң экономикалық санкциялар салынатынын айтты, сес көрсетті: «Ресей 25 мамырға белгіленген Украинадағы президенттік сайлаудың өтуіне ықпал етуі, ал оның нәтижелері бүкіл тараптан танылуы тиіс, – деді ол. – Егер президенттік сайлау өтпей қалса, онда біз қауіпті шекке жақын келеміз». Сондай-ақ, ол Ф.-В.Штайнмайердің сайлаудың көңілдегідей өтуі мен онда барлық Украина азаматтарының еркі көрініс беруі үшін мүмкін жағдайдың бәрін жасап жатқанын атап өтті. Оның сөзіне қарағанда, Еуропа «егер дауыс беруге сырттан кедергі жасалатын болса, жай ғана қарап отырмайды. Ондай жағдайда Ресейге қарсы жаңа санкциялар туралы айтуға тура келеді»⁵.

2014 жылдың 25 мамырында Украинада президенттік сайлау өтіп, онда П.Порошенко жеңіске жетті. Украинаның Орталық сайлау комиссиясы электронды хаттамаларды 100% өңдеуден өткізгеннен кейін П.Порошенконы сайлаушылардың 54,7%-ы қолдағанын хабарлады. Екінші орында – Ю.Тимошенко (сайлаушылардың 12,8%-ы).

Дауыс берудің қорытындылары бойынша сөйлеген сөзінде П.Порошенко өзінің президент лауазымындағы негізгі міндеті Украинада бейбітшілік пен

⁵ Ангелика Хеллеман (Angelika Helleman). Германия вице-канцлері – экономика және энергетика министрі З.Габриэльдің сұхбаты. «Біз орта тапқа жұмыс жүктеуге тиіспіз» (Wir müssen die mittleren Einkommen entlasten). Bild am Sonntag газеті, 18/05/2014. <http://www.bild.de/politik/inland/sigmar-gabriel/wir-muessen-die-mittleren-einkommen-entlasten-36021512.bild.html>.

тұрақтылыққа қол жеткізу екенін атады. Сондай-ақ, көкейкесті міндеттер қатарында ол экономиканы жандандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту, халықаралық қаржы және саяси институттармен ынтымақтастықты тереңдету мәселелерін белгіледі. Ол Мәскеумен үнқатысуды кез келген пішімде жалғастыру ниеті бар екенін, Ресей президенті В.Путинмен кездесуге дайын екенін мәлімдеді. Бұған қоса, ол Қырымға қатысты қатаң саясат ұстану ниеті бар екенін атап көрсетті.

П.Порошенко, сондай-ақ, Қазақстанмен байланысты қалпына келтіру қажеттігін атап өтті: «Мен Қазақстанға баруға ықыластымын. Бізде шешуді қажет ететін екіжақты ынтымақтастықтың орасан зор мәселелері бар. Экспорт, сауда-саттық, қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында да айналысатын жұмыстар жоқ емес. Және мен Қазақстан Украина Президенті бірінші кезекте айналысатын басымдықтар қатарында ғой деп ойлаймын», – деді П.Порошенко.

Украинадағы президенттік сайлауда П.Порошенконың жеңіске жетуіне орай Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев мынадай мазмұнда құттықтау жеделхатын жолдады:

«Қазақстан халқының және жеке өзімнің атымнан Сізді Украина Президенті лауазымына сайлауыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Өткен сайлаудың қорытындылары Сіздің көкейкесті әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, ішкі саяси тұрақтылыққа қол жеткізу мен қоғамды топтастыруға бағытталған сайлауалды бағ-

дарламаңыз кең көлемді қолдау тапқанын айғақтайды.

Сіздің Қазақстан мен Украина арасындағы достық қарым-қатынас пен өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту қажеттігі туралы пікіріңізді толықтай қолдаймын.

Сіздің жауапты қызметіңізге табыс, ал бауырлас украин халқына бейбітшілік, тұрақтылық пен өсіп-өркендеу тілеймін», – делінген Қазақстан Президентінің құттықтауында.

2014 жылдың 25 мамырында ГФР СІМ-нің басшысы Ф.-В.Штайнмайер неміс БАҚ-тарына берген сұхбатында «Украинада қантөгіс қатері бой көрсетіп, сайлау науқанын өткізу ықтималдығы көңілде күдік ұялатқан тұста елде президенттік сайлау өткеніне өзімнің қанағат сезімімді білдіремін», – деп мәлімдеді. Сонымен бірге, неміс сыртқы саясат ведомствосының басшысы Украинаның кейбір облыстарында ақыры толыққанды сайлау өткізу мүмкін болмағанына өзінің өкінішін білдірді. Ф.-В.Штайнмайер Украинаны демократиялы президенттік сайлау өткізгенімен ресми құттықтап, Германия Украинадағы сайлауға байланысты Ресейден де сондай баға күтетінін мәлімдеді.

2014 жылдың 7 маусымында Киевте Украина Президенті П.Порошенконың инаугурация рәсімі болып өтті. Шараға 20-дан астам шет мемлекеттердің басшылары қатысты. АҚШ-тан Вице-президент Дж.Байден, Ресейден елші М.Зурабов келді. Инаугурация рәсімінде Қазақстаннан Премьер-Министр К.Мәсімов қатысты. Осы жұмыс сапары

шеңберінде, сондай-ақ, екі ел үкіметтерінің басшылары К.Мәсімов пен А.Яценюктің кездесуі болды. Екіжақты ынтымақтастықтың көкейкесті мәселелері талқыланды.

Президенттік сайлау, ақырында, елдің оңтүстік-шығысындағы жанжалды реттеп, экономиканы қалпына келтіруде және Украина азаматтарының әлауқатын арттыру бойынша аса күрделі міндеттерді шешуде орасан зор жауапкершілік арқалаған Украина халқына заңды билікке ие болуға мүмкіндік берді. Шетелдік әріптестер үшін де ресми кездесулер өткізіп, келіссөздер жүргізуге мүмкіндік туды.

Украинадағы президенттік сайлаудан кейін Киевтегі жаңа билік елдің оңтүстік-шығысындағы дағдарысты реттеу бойынша белсенді жұмыс жасай бастағанын айтқан жөн. Атап айтқанда, 2014 жылдың маусымында Нормандияда (Бенувиль, Франция) одақтастардың десант түсіруінің 70 жылдығын (1944) мерекелеу кезінде Германия, Ресей, Украина және Франция басшыларының аталған елдер сыртқы істер министрлерінің қатысуымен алғашқы кездесуі өтті. Донбасстағы тіресушіліктің салдары мен дағдарыстың Украина экономикасына ықпалы талқыланды. Аталған келіссөздер «норманд пішіміндегі» алғашқы кездесу, ал сол келіссөздерге қатысушы елдер «норманд төрттігі» деп атала бастады.

Кейінгі екі аптада П.Порошенко барлық мүдделі тараптармен өзінің елдің шығысындағы жағдайды реттеудің бейбіт жоспарын белсенді талқылады. Атап айтқанда, бұл жоспарды ол 2014 жылдың 19 мау-

сымында Донецк және Луганск облыстарының ресми билік өкілдерімен әңгімеге де өзек еткен еді.

2014 жылдың 20 маусымында П.Порошенко елдің шығысындағы атысты 20 маусымнан 27 маусымға дейін біржақты тоқтатуға бұйрық беріп, 15 тармақтан тұратын «Украина Президентінің Украинаның шығыс өңірлеріндегі жағдайды реттеу бойынша Бейбіт жоспарын» ресми түрде ұсынды:

1. Барлық келіссөздерге қатысушылардың қауіпсіздігіне кепілдік беру.

2. Қаруын тастаған және ауыр қылмыс жасамаған адамдарды қылмыстық жауапкершіліктен босату.

3. Аманатқа алынған адамдарды босату.

4. Ресей-Украина мемлекеттік шекарасында 10 шақырымдық буферлік аумақ құру. Заңсыз қарулы құрылымдарды шығару.

5. Ресейлік және украиналық жалдамалылардың шығуы үшін кепілді дәліз ашу.

6. Қарусыздану.

7. ІІМ құрылымында бірлесіп патрульдеуді жүзеге асыру үшін бөлімшелер құру.

8. Донецк және Луганск облыстарындағы заңсыз ұсталып отырған әкімшілік ғимараттарды босату.

9. Жергілікті билік органдарының қызметін қалпына келтіру.

10. Донецк және Луганск облыстарында орталық теле- және радио таратуларды жаңарту.

11. Билікті орталықсыздандыруды (атқару комитеттерін сайлау, орыс тілін қорғау, конституцияға өзгерістер жобасын әзірлеу жолымен) жүзеге асыру.

12. Донбасс өкілдерімен сайлауға дейін губернаторларды келісу (пікір қайшылығы орын алған жағдайда шешімді Президент қабылдайды).

13. Мерзімінен бұрын жергілікті және парламенттік сайлаулар өткізу.

14. Өңірде жұмыс орнын құрудың бағдарламасын жасау.

15. Өнеркәсіптік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың нысандарын қалпына келтіру.

АҚШ пен Еуропалық одақ бейбіт жоспарды белсенді қолдады және Ресейді де П.Порошенконың бейбіт бастамасын қолдауға шақырды.

2014 жылдың 21 маусымында Ресей Федерациясы Президентінің Әкімшілігі В.Путин П.Порошенконың елдің оңтүстік-шығысындағы оқ атуды тоқтату туралы шешімін қолдайтынын хабарлады.

2014 жылдың 24 маусымында Ресей Президенті Ресей Федерациясы Федералды Жиналысының Федерация Кеңесіне Украинаның шығыс өңірлеріндегі жағдайды реттеу мәселелері бойынша үшжақты келіссөздердің басталуына орай Ресей қарулы күштерін Украина аумағында пайдалану туралы қаулының күшін жоюды ұсынды. Донецкіде Донецк және Луганск халық республикалары көшбасшыларының Киев делегациясымен кездесуі болды. Кездесуге, сондай-ақ, Ресей мен ЕҚЫҰ-ның өкілдері қатысты.

2014 жылдың 25 маусымында Ресей Федерациясы Федералды Жиналысының Федерация Кеңесі Украина аумағында Ресей әскерилерін пайдалану туралы қаулының күшін жойды.

Дәл осы күні ГФР үкіметінің ресми өкілі Штеффен Зайберт Германия үкіметі Ресей Федерациясы Федерация Кеңесінің Ресей әскерилерін Украинаға енгізуге рұқсат беруді кері қайтарып алуын қуаттайтынын хабарлап, Федерация Кеңесінің шешімін дұрыс бағыттағы қадам және оқиғалардың оң дамуы деп атады.

Осы аралықта неміс саясаттанушылары Германия жұртшылығы арасында Ресейге деген сенім деңгейі төмендеп келе жатқанын атап өтті. Неміс публицисі Райнхард Везер өзінің «Frankfurter Allgemeine Zeitung» газетіне «Сенімсіздіктің жөні бар» деген тақырыппен берген түсініктемесінде «соңғы айлардың тәжірибесі бұл жерде сенімсіздіктің жөні бар екенін байқатады. Оның үстіне, Мәскеудің өз ұстанымын өзгертуіне не нәрсе мәжбүрлегені осы кезге дейін айқын емес. Демек, Путин мүмкіндігінше тезірек өз ниетінің дұрыстығына дәлелдеме ұсынуы, мәселен, сепаратистер кепілдікке алғандарды босатуға қол жеткізуі немесе атып түсірілген тікұшақ секілді бұзушылықтарды айыптауы тиіс. Олай болмаған жағдайда, осының барлығы тек Еуроодақтың саммитінде Ресейге қарсы экономикалық санкциялар енгізудің алдын алу үшін жасалған тактикалық маневр ғана деген әсерден арылу қиын»⁶.

⁶ Райнхард Везер (Reinhard Vesper). «Сенімсіздіктің жөні бар» (Misstrauen ist angebracht). Frankfurter Allgemeine Zeitung. 24/06/2014. [Http://www.faz.net/aktuell/politik/ausland/Ukraine-krise-misstrauen-ist-angebracht-13008465.html](http://www.faz.net/aktuell/politik/ausland/Ukraine-krise-misstrauen-ist-angebracht-13008465.html).

«Suddeutsche Zeitung» газеті Франк Ниенхюйзеннің «Арзан тепе-теңдік» тақырыбымен түсініктемесін жариялады, онда ол Владимир Путин Батыс пен Ресейдің санкцияларды болдырмау бойынша ортақ мүддесі бар екенін түсінеді деген пікір білдіреді. Автор Қырымның аннексиясы туындатқан патриотизмнің көтеріңкі толқынына орай, Ресейдің геосаяси салмағын өрістеткенін күтіп отырған халықтың бөлігі үшін Украина дағдарысы посткеңестік Еуропада тағы бір «оқшауландырылған жанжалдың» ошағы болуы ықтимал, деп мәлімдеді. Журналистің пікірінше, аталған мәселедегі зиянды тепе-теңдіктің мәні мынада: бір жағынан, Ресейдің барлық ұмтылысына қарамастан, Қауымдастық туралы келісімге қол қоюмен байланысты ЕАЭО Киевтен қол үзеді; екінші жағынан, Ресей бұдан бауырлас славян елінің НАТО-ға өтуіне және Украинаның келешекте Еуропалық одаққа өту ықтималдығына тосқауыл қоюдың жақсы мүмкіндігін көреді⁷.

2014 жылдың 27 маусымында Украина (Грузиямен және Молдовамен бірге) Еуроодақпен қауымдастық туралы келісімнің экономикалық блогына қол қойып, осы әрекеті арқылы Еуропалық одақпен еркін сауда аймағын құру үдерісін бастап кетті. Украина Президенті П.Порошенко Киевтің Еуропалық одаққа «біржақты өту ниеті» бар екенін мәлімдеді. Осыған орай, Ресей-Украина-Еуроодақ

⁷ Франк Ниенхюйзен (Frank Nienhuysen). «Арзан тепе-теңдік» (Billige Balance). Suddeutsche Zeitung газеті. 25/06/2014. <http://www.sueddeutsche.de/politik/russlands-rolle-im-ukraine-konflikt-billige-balance-1.2013717>.

ұштағанындағы экономикалық тіресушілік күшею және қатаю шегіне жетті.

Мұның Украинаның оңтүстік-шығысындағы қарулы тіресушілікке де қатысы бар еді. Өкінішке қарай, жанжалды бейбіт реттеу үрдісі ұзаққа созылмады. 2014 жылдың 1 шілдесінде Украина Президенті П.Порошенко елдің оңтүстік-шығысындағы оқ атпау режимін тоқтату туралы хабарлады. АТО-ның белсенді белесі қайта жалғасты.

2014 жылдың 6 шілдесінде Украина күш құрылымдары Славянск мен Краматорскіде, кейінірек Дружовка, Константиновка және Артемовск қалаларына бақылау орнатты. 2014 жылдың 8 шілдесінде П.Порошенко Славянскіге жұмыс сапарын жасады. 2014 жылдың 18 шілдесінде АТО күштері халық жасағы бақылауындағы 10-15 шақырым аумаққа тереңдей енді.

Украина мен Ресей төңірегіндегі ахуал Украинаның Донецк облысындағы дүниені дүр сілкіндірген қасіретті авиаапаттан кейін күрт нашарлап кетті. 2014 жылғы 17 шілдеде Амстердамнан Куала-Лумпурге ұшып бара жатқан «Malaysia Airlines» компаниясының «Boeing-777» жолаушылар ұшағы апатқа ұшырады. Ұшақ бортындағы барлық жолаушылар мен экипаж мүшелері – 295 адам қаза тапты.

«Malaysia Airlines» ұшағының апатқа ұшырауы Украина төңірегіндегі жағдайдың дамуына айтарлықтай өзгеріс енгізді: бір жағынан, халықаралық қоғамдастықтың Украина дағдарысын реттеу бойынша күш-жігері белсенді бола түсті, екінші жағынан, Батыс пен Ресей арасына үлкен қысым әкелді.

Мәселен, бірқатар Батыс елдері, әсіресе, АҚШ, Ұлыбритания, сондай-ақ, Украина «Boeing-777» әуе кемесінің апатына Украинаның шығысындағы сепаратистер мен Ресейді айыптады. Дәл осы апат Ресейге қарсы батыстық санкциялардың қатаңдануына ықпал етті және алғаш рет «қара тізім» шеңберінен шығып, санкциялардың Ресей экономикасының нақты салаларына әсері тиген үшінші пакетін қабылдауға алып келді. 2014 жылдың 25 шілдесінде Еуропалық одақ елдері Тұрақты өкілдерінің комитеті санкциялық тізімге Ресей мен Украинаның 15 азаматын, сондай-ақ, Украина дағдарысында өзіндік рөл атқарған 18 компанияны қосып, оны кеңейте түсті. Жаңартылған тізімге Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Н.Патрушев, Ресей Федерациясы Федералды қауіпсіздік қызметінің директоры А.Бортников, Сыртқы барлау қызметінің басшысы М.Фрадков пен Чешенстан басшысы Р.Қадыров енгізілді.

2014 жылдың 29 шілдесінде жаңа шектеулер енгізілетіні мәлім болды. Еуропалық одақ Ресейге тиесілі қаржы институттарының капитал нарығына қолжетімділік көлемін төмендетті; Ресеймен қару-жарақ саудасына эмбарго енгізіп, Ресейге әскери секторға арналған қосарланған мақсаттағы тауарлар сатуға тыйым салды. Сондай-ақ, Ресей үшін «сезімтал» технологияларға, әсіресе, мұнай саласындағы технологияларға қолжетімділік шектелді.

Ресей экономикасының шешуші секторларына қатысты жаңа санкциялар енгізілетіні туралы АҚШ Президенті Б.Обама да жария етті.

2014 жылдың 31 шілдесінде Минскіде Украинаның шығысындағы жағдайды реттеу бойынша үш-жақты байланыс тобының (Украина-ЕҚЫҰ-Ресей) өзін өзі жариялаған ДХР өкілдерімен консультациясы өтті.

Байланыс тобында Украинаның экс-президенті Л.Кучма, Ресейдің Украинадағы елшісі М.Зурабов және ЕҚЫҰ төрағасының өкілі Х.Тальявини өкілдік етті. Келіссөзге қатысушылар екі негізгі мәселе бойынша уағдаластыққа қол жеткізді. Атап айтқанда, халықаралық сарапшылардың «Boeing-777» ұшағының апатқа ұшыраған жеріне қауіпсіз жетуі мен жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету туралы және тұтқынға алынған адамдардың белгілі бір бөлігін дереу босату туралы шешім қабылданды.

Сонымен бірге, Донбасста қарулы қарсы тұрушылық жалғасып, бейбіт халық қаза тауып жатты. Украина дағдарысын қандай да бір бейбіт жолмен реттеу әрекеті еш нәтиже бермеді.

Көптеген байқаушылардың пікірлерінше, Украина төңірегіндегі дағдарысты шешудегі негізгі кедергі оған қатысушы барлық тараптың, әсіресе, Ресей мен Батыс арасындағы сенімнің тапшылығы болып табылды. Бұл жайт, тіпті, болар-болмас мәмілеге қол жеткізу мүмкіндігінен де айырып, жағдайды одан бетер күрделендіре түсті. Ресей Батысты Украинада мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырды және 21 ақпандағы В.Янукович пен оппозиция арасындағы мәміле келісімін бұзды деп айыптады. Өз кезегінде Батыс жағы Ресей Украинаны өзіне бағындырып алуға ұмтылып отыр деп санады. Батыстық

көшбасшылар Ресей болжап болмайтын және, тиісінше, қазіргі заманғы әлемдік тәртіп үшін қауіпті елге айналып отыр деп пайымдап, өңірдегі күрделі жағдайдың сақталуына жауапкершілікті тек Мәскеуге жүктеді.

Не Батыс, не Ресей сындарлы үнқатысуға дайын емес еді, алайда, қатаң сценарий да жанжалға тартылған тараптарға тиімді емес-тін, өйткені, бұл жайт «қырғи-қабақ соғысты» қайтадан ашық жаңғырту болатын.

Осындай жағдайларда көпшілік стратегиялық мәмілеге қол жеткізу былай тұрсын, белгілі бір тиімді келісімге келудің өзі мүмкін емес деп санады. Осындай күрделі кезеңде қандай да бір тарап бастамашылықты өз қолына алуы тиіс еді, әйтпесе, жанжалдың әрі қарай ушыға түсетіні түсінікті болатын. Мұны біздің Мемлекетіміздің басшысы да түсінді және, менің пайымдауымша, қалыптасқан жағдайды жан-жақты ойластыра бастады. Дәл осы кезеңде мен жаңа тағайындау алып, Астанаға оралдым.

2014 жылғы шілденің соңынан Украинаның оңтүстік-шығысындағы дағдарысты жағдайдан шығудың және Ресей мен Батыс арасындағы, басым жағдайда Еуропалық одақпен арадағы қарым-қатынасты дұрыстаудың дипломатиялық жолдары белсенді іздестіріле бастады. Мұнда ұйымдастырылуында Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев айтарлықтай рөл атқарған Беларусь, Қазақстан, Ресей (Кеден одағына қатысушы елдер) президенттерінің, Украина мен Еуропалық одақ басшылығының кездесуі шешуші оқиға болғаны сөзсіз, бұл туралы кітаптың келесі бөлімінде әңгімелейтін боламыз.

II. МИНСКІДЕГІ ТАМЫЗ КЕЗДЕСУІ: УКРАИНАНЫҢ ОҢТҮСТІК- ШЫҒЫСЫНДА АСҚЫНА ТҮСКЕН ДАҒДАРЫСТАҒЫ БЕТБҰРЫСТЫ СӘТ

Малайзия Боингінің апатқа ұшырауы Украинаның оңтүстік-шығысындағы жағдайды түбегейлі өзгерткені сөзсіз. Кітап жазыла бастаған кезде шын мәнінде ұшақ апатына кімнің кінәлі екені әлі белгілі емес еді. Киев халық жасағын айыптады. Мәскеу Украинаның АТО күштерін кінәлады. Түсініспеушілік күшейе түсті. Бұған дейін айтылғанындай, Батыс санкциялары алғаш рет Ресей экономикасына әсер ете бастады.

Соған қарамастан, сындарлы үнқатысуды жалғастырып, жанжалды бейбіт келіссөздер арнасына бұруға деген ұмтылыс сақталып қалды. Бұған, атап айтқанда, 2014 жылдың 29 шілдесінде Италия Республикасының премьер-министрі Маттео Ренцидің Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа соққан телефон қоңырауы айғақ бола алады.

М.Ренци мен Н.Назарбаевтың арасында өте жақсы достық қатынас қалыптасқан. Телефон қоңырауынан бір ай бұрын, яғни 2014 жылғы шілденің ортасында италиялық премьер біздің елімізде жұмыс сапарымен болып, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің мәжілісіне қатысты (*Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай курортты аймағы*). Екі көшбасшының сол Бурабайдағы кездесуінде Қазақстан-Италия қарым-қатынасын мұнай-газ саласы, көлік, энергетика және ауыл шаруашылығы секілді секторларда дамытудың перспективалары қарастырылды. Қазақстанның 2014 жылдың екінші жартысында Италия төрағалық еткен Еуропалық одақпен өзара іс-қимылы мәселелері қозғалды. Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев пен Маттео Ренци Украина дағдарысын қоса алғанда, халықаралық күн тәртібінің аса көкейкесті мәселелері бойынша пікір алмасты.

Еуропалық одақ Кеңесінің іс басындағы төрағасы ретінде Маттео Ренци Қазақстан Президентіне Украинадағы жанжал ушыға түсіп отырған жағдайда бәрінен бұрын қандай іс-қимыл таныту керектігі мәселесі бойынша достық кеңеспен қоңырау шалды.

Нұрсұлтан Әбішұлы Италия премьерінің назарын екі шешуші сәтке аударды. Біріншіден, келіссөз үдерісіне көшіп, Ресейдің, Украина мен Еуропаның басын біріктіретін қандай да бір келіссөз бағдарламасын ұсыну қажет. Екіншіден, Малайзия

Боингі апатының неліктен болғанын дәл біліп, объективті тексеру жүргізу маңызды.

Іс жүзінде, М.Ренцидің телефон қоңырауынан кейін белсенді байланыстар басталып, нәтижесінде Минскіде Кеден одағына қатысушы елдер президенттерінің, Украина мен Еуроодақ басшылығының 2014 жылдың 26 тамызындағы тарихи кездесуі жүзеге асты.

М.Ренцимен сөйлескеннен кейінгі екінші күні Мемлекет басшысы телефон арқылы Ресей Президенті В.Путинмен сөйлесіп, Италия премьері көтерген мәселелерді талқылады және, сонымен бірге, Украина дағдарысын реттеу бойынша өзінің дәлел-дәйегін жайып салды.

Ақорда сайтында бұл факт мынадай шағын хабарламамен атап өтілді: «Әңгіме барысында екі ел көшбасшылары екіжақты ынтымақтастық пен Еуразиялық экономикалық одақты дамыту мәселелерін, сондай-ақ, жоғары деңгейдегі қыркүйек кездесуіне дайындық барысын талқылады.

Екі мемлекет басшысы Украинадағы жағдай жөнінде және қалыптасқан дағдарыстан шығудың жолдары туралы пікір алмасты.

Қазақстан Президенті бейбіт халықтың, бірінші кезекте, әйелдер мен балалардың өліміне байланысты алаңдаушылық танытып, жанжалдасушылар тарапынан оқ атуды тоқтату және Украинада бейбіт келіссөздерді бастау бойынша барлық шаралар қабылданатынына үміт білдірді».

2014 жылдың тамызы оқиғаларға толы болды. Олардың кейбіреулері Батыс пен Ресей арасындағы тіресушілікті қатаңдата түсті. Басқалары, керісінше, Украина жанжалын бейбіт келіссөздер арнасына бұруға белсенді ықпал етті.

Атап айтқанда, 2014 жылдың 6 тамызында Батыстың санкцияларына жауап ретінде Ресей үкіметі Австралиядан, Канададан, Еуроодақтан, АҚШ пен Норвегиядан келетін сиыр мен шошқа және құс еттеріне, балыққа, ірімшікке, сүт пен жеміс-көкөніс өнімдеріне бір жыл мерзімге толық тыйым салды.

Ресей тарапынан, сондай-ақ, алғаш рет Украинаның оңтүстік-шығысындағы тұрғындарға гуманитарлық көмек жеткізу ұйымдастырылды. 2014 жылдың 12 тамызында Ресей Украинаның оңтүстік-шығысына 270 жүк көлігіне тиелген гуманитарлық көмек жөнелтті. 2014 жылдың 22-23 тамызында Украинаның аталған өңірлеріне шамамен 2 мың тонна азық-түлік, дәрі-дәрмек және шаруашылық тауарлары жеткізілді.

Ресейдің Украинаның оңтүстік-шығысына гуманитарлық көмек көрсету жоспары бұл қадамнан күні бүгінге дейін «гуманитарлық басқыншылық» көріп отырған Батыста нағыз күйгелектік туғызды.

Сол уақытта, басты акторлардың бірі ретінде Қазақстан Президенті көрінген белсенді телефон келіссөздері жүріп жатты. 2014 жылдың 4 тамызындағы П.Порошенко мен А.Лукашенконың телефон әңгімесі маңызды болды. Бұл жаңа Украи-

на президентінің ТМД-ға қатысушы елдер көш-басшыларының бірімен іс жүзінде алғашқы байланысы еді. Оның үстіне Украина мен Беларусь шекаралас елдер және екіжақты көкейкесті мәселелер, нақтылай түссек, Беларусь мұнай өңдеу зауыттарынан мұнай өнімдерін алу бойынша тығыз әріптестік қарым-қатынас қалыптасқан елдер болып табылады. Бұл жерде әңгіме бұрынғы жасалған келісімшарттар мен белорус кәсіпорындарының міндеттемелері туралы болып отырғанымен, осы сөйлесудің өзі үдеріске тың серпін берді.

2014 жылдың 7 тамызында Ресей Президенті В.Путин өзінің Кеден одағы бойынша әріптестері – Қазақстан және Беларусь президенттерімен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында Ресей үкіметінің бірқатар Батыс тауарларына не себепті шектеу енгізгенін түсіндірді.

Оның үстіне, Қазақстан басшысы Н.Ә.Назарбаевпен әңгімеге орай, баспасөзде Украина президентінің қатысуымен жоғары деңгейде кездесу өткізу туралы ресми ұсыныс алғаш рет көрініс береді. Атап айтқанда, Ақорда сайты мынадай хабарлама жариялады: «Екі мемлекет басшысы Украинадағы дағдарысты жағдай, сондай-ақ, Украина президентімен түрлі пішімдерде, соның ішінде Кеден одағы мүшелері мен Украина кездесуі шеңберінде немесе ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезектен тыс мәжілісінде тікелей келіссөздер өткізу бойынша бірлескен ықтимал

қадамдарға бару туралы пікір алмасты». Мұндай қадамдар қабылданды да.

Осы идеяны ұсына отырып, Н.Ә.Назарбаев бұл кездесуде 2014 жылдың маусымында Украинаның Еуроодақпен қауымдастық туралы келісімге қол қоюын есепке ала келіп, әрі қарайғы ынтымақтастықтың барлық экономикалық мәселелерін талқылау және сенімсіздік пен қауіптену дегенді сылып тастайтын формула жасау мүмкін болады деп есептеген еді. Оның үстіне, осы кездесуде басталатын үнқатысу Украинаның оңтүстік-шығысындағы гуманитарлық апатқа әкеліп тіреген аталған өңірдегі қантөгісті тоқтатуға мүмкіндік беретін еді.

Еуразиялық «үштік» пен Украина кездесуін өткізу ықтималдығын Қазақстан Президенті, сондай-ақ, 2014 жылдың 11 тамызында телефон арқылы Беларусь президенті А.Лукашенкомен талқылады.

Басқаша айтқанда, осындай кездесу өткізу туралы келісу миссиясы бұған дейін қалыптасқан байланысты пайдаланып, 2014 жылдың 12 тамызында телефон арқылы осы мәселені П.Порошенкомен талқылаған Беларусь президентіне жүктелді. Осы әңгіменің нәтижесі туралы А.Лукашенко дереу В.Путин мен Н.Назарбаевты құлағдар етті.

Қысқаша айтқанда, А.Лукашенко мен С.Порошенко әңгімесінің тоқетері Украина президентінің, тұтастай алғанда, Кеден одағына қатысушы елдер президенттері мен Украинаның кездесуін өткізуге қарсылық білдірмегеніне, бірақ бұған Еуропа көш-

басшыларының қатысуы жағдайында ғана келісетініне барып тіреледі. Әрі қарай телефон арқылы көптеген келіссөздер жүргізілді. Олардың барлығы бірдей ресми ақпараттық көздерде көрініс тапқан жоқ. Барлығы 10-нан астам қоңырау шалулар болды.

Жасыратыны жоқ, еуропалық тараптың қатысу мәселесі проблемалы болды. Дәлірек айтқанда, Брюссельдің Минскімен баршаға мәлім қарым-қатынасын ескергенде, Минскідегі кездесуге Еурокомиссия төрағасы Ж.М.Баррозудың қатысуы күмәнді көрінді. Онсыз Беларусь астанасына Украина Президенті де бармас еді.

Осы келіссөздер үдерісінде аталған кездесуді Астанада өткізу туралы ұсыныстың шығуының өзі қызғылықты факт болып табылады, онда баруға іс жүзінде келіссөзге тартылған тараптардың бәрі, әсіресе, Украина мен Еурокомиссия өздерінің дайын екендіктерін білдірді. Сонымен бірге, Қазақстан Президенті бұл жерде де өз іс-қимылдарының дәйектілігін көрсетті.

Атап айтқанда, Астананы осы аталған кездесуді өткізу орны ретінде алғашқылардың бірі болып ұсынушы 2014 жылдың 18 тамызында Мемлекет басшысына телефон шалған Финляндия президенті Саули Ниинистё еді. Осы әңгімеге дейін фин президенті Сочиде Ресей Президенті В.Путинмен және Киевте Украина Президенті П.Порошенкомен екіжақты жеке кездесулер өткізді.

Сөз жоқ, Нұрсұлтан Әбішұлы Астанада келіссөздер үшін алаң ұсынуға толық дайын екенін білдірді, дегенмен, Кеден одағы елдерінің үш президентінің осы миссия Минскіге жүктеледі деген уағдаластығы бар болатын. Осыған байланысты Мемлекет басшысы еуропалық көшбасшыларды Минскіден айнымай, кездесуді дәл осы қалада өткізуге табанды түрде көндірді. Нәтижесінде Еурокомиссия басшысы Ж.М.Баррозу, өзі Беларусь астанасына бармаса да, ол жаққа сауда және энергетика мәселелері, яғни Ресей – Украина – Еуроодақ үштағанының негізгі қайшылықтарымен байланысы бар экономиканың шешуші секторлары үшін жауап беретін Еуроодақтың сыртқы саясат ведомствосының басшысы К.Эштонды жіберу жөнінде шешім қабылдады.

Қазақстан Президентінің өзінің жұмысбастылығына және Алматы облысына барған өңірлік сапарына қарамастан, 2014 жылдың 19 тамызында Еуропалық комиссия төрағасы Ж.М.Баррозумен телефон арқылы сөйлескенін атап өту қажет. Осы әңгіме қорытындысында Еурокомиссия басшысы 2014 жылдың 26 тамызында Минскіде Кеден одағы, Украина және Еуропалық одақ елдерінің кездесуін өткізу туралы Қазақстан ұсынысына қолдау білдірді. Сонымен бірге, қажет болған жағдайда осындай кездесуді Астанада өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Осы әңгіменің еуропалық тараптың бастамасымен өтуінің өзі қызықты. Бұл еуропалықтардың соңғы сәтке дейін күмәнданғанын

және осы жағдайда қалай жасау қажет деген мәселе бойынша Н.Ә.Назарбаевпен ақылдасқанын білдіреді. Айтқандай, телефонмен әңгіме барысында Ж.М.Баррозу, сондай-ақ, Қазақстанға 2014 жылдың қазанында өткен «Азия-Еуропа» (АСЕМ) үдерісіне қосылу жөнінде ұсыныс жасады, бірақ ол туралы келесі тарауда айтылатын болады.

Осылайша, 2014 жылдың 11-інен 19 тамызына дейінгі кезеңде болған көптеген қоңырау шалулардан кейін барлық мүдделі тараптар Беларусь, Қазақстан, Ресей (Кеден одағына қатысушы елдер), Украина және Еуропалық одақ президенттерінің тарихтағы алғашқы кездесуін өткізетін күн мен орынды түбегейлі анықтады – Минск, 2014 жылдың 26 тамызы. Осы іс-шараға шұғыл дайындық басталды.

Минск кездесуіне бірнеше күн қалғанда – 2014 жылдың 23 тамызында Киевке ресми сапармен ГФР Канцлері А.Меркельдің баруы назар аударарлық. Кездесу қорытындысы бойынша П.Порошенко украин-ресей шекарасын реттестіруде Германиямен және Еуроодақпен ынтымақтастықты кеңейту жөнінде хабарлады. Өз кезегінде, А.Меркель ресми Киевті қолдайтынын растады. Сонымен бірге, көптеген байқаушылар мен сарапшылардың бағалауынша, украиналық президент неміс канцлерімен өзі Минскідегі кездесуде ұстануды жоспарлаған негізгі тезистері мен позициясын келісіп алды.

Минск кездесуіне дайындық ол күндері, Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевты қоса алғанда, оған

қатысушы өзгелер үшін де маңызды міндеттердің бірі болды. Осынау таза жұмыс үдерісінде бір қызықты оқиға орын алды. Әрине, мүмкін деген барлық тәуекелдерді ескеру мақсатында қазақстандық мемлекеттік органдар Украинаның Еуроодақпен қауымдасуы туралы келісімнің экономикалық блогының күшіне енуі Қазақстан экономикасына қандай теріс ықпал ететіндігі туралы егжей-тегжейлі ақпарат әзірледі. Ол сақтандырарлықтай еді, бірақ Мемлекет басшысы Қазақстан сыртқы саудасының барлық қырларын емес, нақтылы географиялық бөліністегі тек жекелеген тауарлар түрін ғана ескеретін тар бағыттылығын атап көрсете отырып, аталмыш құжатты одан әрі жетілдіре түсу үшін кері қайтарды. Бұл ақпаратты ұштай отырып, біз қорытындысында Украинамен және Еуроодақпен неғұрлым тығыз және кең көлемде байланысқан Ресей экономикасына қарағанда, ол ықпалдың Қазақстан экономикасы дамуының жалпы үрдісімен салыстырғанда елеусіз болып табылатынын анықтадық. Бұл жаһандық және ұзақмерзімді міндеттерді бір сәттік пайда мен жекелеген тар ведомстволық мүдделерден әрқашанда жоғары қоятын Қазақстан Президентінің стратегиялық ойлау қабілетін тағы бір рет көрсетіп берді.

Минск кездесуін өткізудің маңыздылығы мен қажеттігін Қазақстан Президенті былайша түсіндірді: «Украинадағы ахуал ширығу шегіне жете отырып, әлдеқашан бір ел шеңберінен шығып, халықаралық

ауқымға ие болған. Шиеленістің одан әрі ұлғаюы тек өңірлік қана емес, сонымен бірге, жаһандық ауқымда да тосын зардаптарға апарып соқтыруы мүмкін, ал ол бүкіл әлемге қатер төндіреді».

«Өзара мәмілеге келу мен шегіністерсіз қандай да бір нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Көптеген жайлар Украинаның, Ресей мен Еуроодақтың өздерінің сындарлы ұстанымдарына байланысты. Біз Беларусь президенті Александр Лукашенкомен екеуміз бастамашы болған бүгінгі кездесуге үлкен маңыз береміз. Бәрі де біздер оң нәтижелерге қол жеткізеді деп үміттенеді. Өз тарапынан Қазақстан айтарлықтай күш-жігер жұмсады, өз ұсыныстарын білдірді», деп атап өтті Н.Ә.Назарбаев өзінің Минск саммитінде сөйлеген сөзінде.

Нұрсұлтан Әбішұлы өзі үшін қандай мақсаттар қойды және ол алда тұрған Минск кездесуінде қандай нәтижелерге қол жеткізуді қалады?

Біріншіден, Украинаның оңтүстік-шығысындағы гуманитарлық ахуал біздің Мемлекет басшысын алаңдатпай қала алған жоқ. Донбасс гуманитарлық апат шебінде тұрды. Осы өңірлердегі бейбіт тұрғындарға ең қажетті қарапайым дүниелер мен азық-түлік жетіспеді.

БҰҰ-ның Гуманитарлық мәселелерді үйлестіру жөніндегі басқармасының 2014 жылғы 15 тамыздағы есебіне сәйкес, толассыз артиллериялық атқылаулар салдарынан Украинаның шығысында орналасқан екі қала Донецк мен Луганскіден бес күнде 22 мың

адам қашып шықты. «Донецк мен Луганскінің ұзақ уақыттар бойы атқылануы қонысынан айырылған адамдар санының өсуіне апарып соқтырды. 1 және 8 тамызда бір аптадағы (қашқан) 6,2 мың адаммен салыстырғанда соңғы бес күнде Донецк мен Луганскіден 22 мыңнан астам адам қашып шыққан», деп атап көрсетілген ГМҮБ есебінде. «Гуманитарлық қажеттіліктер өсе түсуде. Луганскіде тұрған 200 мыңдай адам 10 күннен астам уақыт бойы электр қуатынсыз, ауыз сусыз және байланыссыз қалған», деп атап көрсетілген есепте.

Ішкі қоныс ауыстырушылар, яғни өз үйлерін тастап кеткен, бірақ ел аумағында қалған адамдар Украинада 155,8 мың адамға дейін жетті, деп хабарлады ГМҮБ. Салыстыру үшін айтсақ, тамыз айының басындағы жағдай бойынша олар 117 мың адамды құраған болатын.

Осы орайда, Ресей шекарасынан өткен және РФ ресми органдарына өтініш білдірген украиндықтар саны екі апта ішінде 20 мың адамға артып, 188,2 мың адамға дейін жеткен. Сонымен бірге, көптеген босқындардың Федералдық көші-қон қызметіне немесе басқа ведомстволарға өтініш айтпайтындығынан бұл цифрлар Ресей жеріне өткен украиндықтардың жалпы санын көрсете алмайды. Осылайша, 5 тамыздың өзінде БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы үкіметтік күштер мен жасақтардың қарулы қақтығысынан сәуірден бастап Украинаның

шығысында 730 мың украиналық тұрғын Ресейге қашқан деп хабарлады.

Жалпы, ГМҮБ мәліметтері бойынша, сәуірдің ортасынан бастап 19 тамызға дейін «Украинаның шығысында 2119 адам өлтірілген, олардың арасында кемінде 20 бала бар, оған қоса 5043 адам жарақат алған».

Минскідегі саммит осындай күрделі жағдайда өтті. Сондықтан да кездесуде Н.Ә.Назарбаев ең алдымен барлық қатысушылар мен әлемдік қоғамдас-тықты Украинаның шығысындағы гуманитарлық апатты шұғыл түрде шешуге шақырды. «Қазір, бәрінен бұрын, Украинаның зардап шеккен халқына кең көлемді гуманитарлық көмекті қамтамасыз ету керек. Ресей Федерациясы оны қазірдің өзінде көрсете бастады. Бұл үдеріске Кеден одағы, ТМД елдерін қоса алғанда, халықаралық ұйымдар атсалысуы тиіс. Өз тарапынан, біздің еліміз, соның ішінде Қызыл крест пен Қызыл жарты ай қоғамының қазақстандық бөлімшесінің тарапынан да барлық қолдан келген қолдауды көрсетуге дайын. Бұл ұйым сондай-ақ, өзге мемлекеттердің гуманитарлық жүктерін алып өту барысында бейтарап делдал міндетін де атқара алар еді. Бүтіндей алғанда, бүгінде Украинаға гуманитарлық көмек жеткізуде алалықсыз халықаралық бақылауды қамтамасыз ету қажет. Сондықтан мен жанжалдасушы тараптарды зардап шеккен адамдарға көмек көрсету кезінде бітім жариялауға шақырамын», деп мәлімдеді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Бүкіл халықаралық қоғамдастықтың кең ауқымды көмегі тек Украинаның оңтүстік-шығысына ғана емес, сонымен бірге, бүкіл Украина экономикасына да қажет, деп атап өтті Мемлекет басшысы. «Оған Украинаның Батыстағы да, сол сияқты Шығыстағы да көршілері атсалысуы тиіс. Ол осы елдегі әлеуметтік-экономикалық жаппай күйреудің алдын алу үшін өте мәте маңызды. Апатты ахуалды еңсеру үшін арнаулы халықаралық штаб немесе Украина экономикасына қолдау көрсету қорын құру туралы мәселе жөнінде ойласу орынды. Бірлескен күш-жігермен Украина экономикасын құтқару бойынша бірінші кезекті шаралардың дағдарысқа қарсы жоспарын әзірлеу қажет. 2008-2009 жылдардағы дағдарыспен күрес шаралары Қазақстанда дұрыс деп танылды, сондықтан біз өз тәжірибемізбен бөлісуге дайынбыз», – деді Қазақстан Президенті.

Кейіннен Қазақстан Үкіметі Қызыл крест халықаралық комитеті тарапынан Украинаның оңтүстік-шығыс өңірінің гуманитарлық мұқтаждарына 30 000 АҚШ доллары көлемінде қаржы бағыттады. Оның сыртында 2015 жылдың 10 қаңтарында Северодонецк қаласында украин тарапына жалпы сомасы шамамен 70 млн. теңгеге тамақ өнімдері қазақстандық гуманитарлық көмек ретінде берілді. Сондай-ақ, Қазақстан Үкіметі де Чернобыль АЭС-індегі халықаралық жобаларды аяқтауға үлес ретінде «Укрытие» Чернобыль қорына қаржылай қолдау көрсету және 1 миллион еуро бөлу жөнінде шешім

қабылдады. Осының бәрі Мемлекет басшысының біздің әріптестеріміз ауыр жағдайға тап болған кезде қолдау көрсетуге әрқашан дайын екенін тағы бір рет айғақтайды.

Менің пайымдауымша, Минск келіссөздерінде Қазақстан Президенті әсіресе, ақпараттық кеңістіктегі қызбалық шегін төмендетуді екінші міндет ретінде белгіледі. Ушықтырудан үнқатысу мен келіссөздерге көшу, әлемдік ақпараттық агенттіктерге ашу-ыза тудыратын мақалалар беруден бас тартуға жағдай жасау және оларды мәмілелер іздеуге шақырумен алмастыру маңызды болды.

Н.Ә.Назарбаев Ресей мен Украина президенттері В.Путин мен В.Порошенконың жеке кездесулерін – Порошенконың Украина мемлекетінің басшысы лауазымына сайлануы мен кірісуінен кейінгі олардың алғашқы екіжақты кездесулерін ұйымдастыру қажеттігіне айрықша маңыз берді. Қазақстан көш-басшысының бұл ниеті жүзеге асты да.

Минскіде Нұрсұлтан Әбішұлы ресейлік және украиналық әріптестерін өзара кездесуге және барлық қордаланып қалған мәселелерді талқылауға риясыз көндірді. Тамыз оқиғаларын бағамдаған адам В.Путин мен В.Порошенконың алғашқы толыққанды екіжақты кездесуінің соңғы сәтке дейін болар-болмасының белгісіз күйде келгенінен хабардар, бірақ кездесу басталғаннан кейін ол 2 сағаттан астам уақытқа созылды.

Атап айтқанда, негізгі іс-шараға дейін болған П.Порошенкомен кездесуде Қазақстан Президенті былай деп мәлімдеді: «Біздің елдеріміз арасындағы қарым-қатынастар әр кезде де достық сипатта болды. Сондықтан Украинада қалыптасып жатқан ахуал мені өте мазалайды және алаңдатады. Сіздің Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен үнқатысуыңыз үлкен маңызға ие. Ресей үшін де, Украина үшін де ақиқат айтылар ақтық сәт туды, өйткені, бұл қантөгіс одан әрі созылуға тиіс емес. Қарапайым адамдар зардап шегуде. Қазір дәл осы туралы айту қажет».

Нұрсұлтан Назарбаев, сол сияқты Украинада қалыптасқан ахуалды аса ауқымды қақтығысқа соқтыратындай жағдай ретінде бағалай отырып, Қазақстанның ұстанымын былайша жеткізді: «дау-жанжалды тоқтатып, қалпына келтіру үдерісін бастау үшін түйісу нүктелерін табу қажет». Мемлекет басшысы біздің еліміздің Украинамен ізгі қарым-қатынастарға ие екенін және сауда-экономикалық өзара іс-қимылдарды жалғастыруға ниетті екенін атап көрсетті.

Бұл сөздерді украин президенті өте жылы қабыл алды. П.Порошенко Мемлекет басшысына Украинада бейбітшілік орнатуға деген оның берік ұстанымы үшін өз ризашылығын білдірді. Өзінің иығына түскен салмаққа қарамастан, ол дағдарыстан шығу жолын қалады және ол үшін қажетті одақтастар іздестіруде

болды, олардың арасында ол, сөз жоқ, Қазақстан Президентін де қарастырды.

Минскіде өткен іс-шаралардың қорытындысына орайластырылған брифингте Қазақстан Президенті басты мақсаттардың бірі Ресей мен Украина президенттерінің кездесуін ұйымдастыру болғанын мәлімдеді. «Қазақстан мен Украинаның арасында тарихи байланыстар бар. Украинамен сауда біздің еліміздің сыртқы саудасында үлкен үлес алады. Біздің арамызда әркезде де сенімді қарымқатынастар болған, бізді Украинада болып жатқан оқиғалар өте қатты алаңдатады. Мен тараптардың уағдаластыққа қол жеткізіп, орын алған мәселелерді шешуі үшін бүкіл күш-жігерімді жұмсадым. Ортақ мәмілеге келу қажет, ол белгілі бір өзара шегіністерге бару қажеттігін білдіреді. Владимир Путин мен Петр Порошенконың жеке кездесуі – бүгінгі іс-шараның басты қорытындысы», – деді Мемлекет басшысы.

Н.Ә.Назарбаев Минск кездесуінің (үшінші) тағы бір мақсатын дау-жанжалды бәсеңдетуге және дағдарысты шешудің күшке салуға негізделген нұсқаларынан бас тартуға қол жеткізу қажеттігі ретінде көрді.

Бұл тезисті Қазақстан Президентінің өзі атап көрсеткендей, «бейбіт тыныс алу қажет, ол әскери-саяси қарсы тұрушылықтың кепіліне айналған бейбіт тұрғындар өмірін құтқаруға жағдай жасайды. Біз зорлық-зомбылықты айыптаймыз. Тараптарды атысты тездетіп тоқтатуға шақырамыз. Бұл үдерісте

халықаралық уағдаластықтарды сақтаудың кепілі ретінде көріне алатын ЕҚЫҰ белсенді іс-қимыл жасауы тиіс».

Минск саммитінің қорытындысы бойынша Украинаның шығысындағы ахуалды реттеудің бейбіт жоспарын қалыптастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілуі өзіндік мәнге ие. Осы уағдаластықты жүзеге асыру үшін Минск байланыс тобы өз жұмысын одан әрі жалғастырды. Оның қызметіне ДХР және ЛХР өкілдері тартылды. Нәтижесінде Байланыс тобы 2014 жылдың 5 қыркүйегіндегі Минск хаттамасын және 2014 жылдың 19 қыркүйегіндегі меморандумды қабылдады (қосымшада осы құжаттардың толық мәтіні келтірілген).

Аталған екі құжатта украин дағдарысын шешу жөніндегі бүкіл былайғы күш-жігерлердің арқауланғанын атап өту қажет. 2015 жылдың 11-12 ақпанында өткен «норманд төрттігі» саммитінің нәтижелері де Минск келісімдеріне негізделген және оның кең көлемді егжей-тегжейлі нұсқасы болып табылады.

Төртіншіден, Қазақстан Президенті, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылуын, Украинаның ЕО-мен ассоциациясы туралы келісімнің экономикалық блогына қол қойылуының қарсаңын және Украинаның ТМД-мен еркін сауда аймағы туралы әлі де сақталған келісімді айрықша ескере отырып, одан арғы сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелерін ашық талқылағысы келді.

Өкінішке орай, В.Януковичтің президенттігі кезінде Н.Азаров үкіметі ресейлік тараптың тілектері мен қауіптерін ескеру қажеттігі жөнінде қаншалықты үгіттесе де, еуропалық тарап Украинамен қауымдастық туралы келісім нормаларын қайта қарауға қандай да бір мүдделілік танытпағандықтан, мұндай үнқатысудың болмауы украин дағдарысының ұлғая түсуіне апарып соқтырды.

Кездесуде Қазақстан Президенті халықаралық қоғамдастық Украина мен Ресей арасындағы газ жеткізу мәселелері жөніндегі келіссөздер барысына оң ықпал ету керектігін, оның өзі қысқы маусым қарсаңында мейлінше маңызды екендігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ, Қазақстанның кездесуде Украина мен ЕО арасындағы қауымдастық туралы келісімнің шарттарын талқылау ниетін қолдайтынын жеткізді. «Бұл құжаттың көршілердің, соның ішінде Кеден одағының мүдделерін барынша ескергені маңызды. Осы орайда біз ашық үнқатысуды қолдаймыз және пікір алмасуға дайынбыз», деп атап өтті Н.Ә.Назарбаев.

Қазақстан Президенті тетіктердің бәрінің бірдей іске қосылмағанына және үшжақты үнқатысудың қайткенде де мүмкін екендігінен үміттенді. Және ойы дұрыс болып шықты.

Мемлекет басшысы саммит қорытындысында атап өткендей, болып өткен кездесудің тақырыптарының бірі Украинаның Еуропа одағымен қауымдас-

тығы туралы келісімінің Кеден одағы елдері үшін мүмкін деген зардаптары еді. «Мәселе сонда, аталмыш қауымдастық нәтижесінде Еуропа елдерінен Украинаға тауар енгізу үшін кедергілер толықтай жойылатын болады. Ол сапалы және арзан еуропалық тауарлар Украинаға тасымалданады да, ал бұл елдің тауарлары Ресейге, сондай-ақ, біздің елге экспортталады дегенді білдіреді. Біз оны ескеруіміз керек. Еуропалық комиссия басшыларымен бірге қауымдасу туралы келісімді имплементациялаудың біздің елдердің сауда қатынастарына нұқсан келтірмеу мәселесі қарастырылды. Осы мәселелермен жұмыс істейтін және қажет болған жағдайда Украинаның Еуропалық одақпен уағдаластығына өзгерістер енгізетін жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Минск кездесуінің қорытындылары бойынша бірқатар уағдаластықтарға қол жеткізіліп, оларды жүзеге асыру қантөгісті тоқтатуға және неғұрлым елеулі проблемалы мәселелерді кейінге қалдыруға жағдай жасаған маңызды шешімдер қабылдауға мүмкіндік туғызды. Осындай Минск-1 қорытындыларының ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1. Украина, Ресей және Еуропалық одақ отын және энергетика министрлерінің қатысуымен энергетика мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу туралы.

Бұл келіссөздердің нәтижесі сол, Украинаға Ресей газын жеткізу алда тұрған қыс кезеңінде де

жалғасады. Қыста жылусыз қалу қатері төнген Украинаның қатардағы азаматтарының мұқтаждары өткір мәселеге айналғанын ескергенде, ол келісімнің мәніне баға жетпейді. Ресей тарапы қолдау білдіріп, қарапайым адамдар саяси алауыздықтардың құрбанына айналмас үшін, газ бойынша бүкіл талаптарды жылыту маусымының соңына дейін кейінге қалдыруға келісті.

2. Украина мен Еуроодақ арасында еркін сауда аумағын құрудан РФ үшін болатын экономикалық зардаптар мәселесі бойынша сарапшылық деңгейде консультациялар өткізу туралы.

Бұл уағдаластық та, уақытша болғанына қарамастан, нақты нәтижелер берді. Өңгіме Украинаның ЕО-мен ассоциациясы туралы келісімінің экономикалық блогы шеңберіндегі міндеттемелердің күшіне енуін 2015 жылдың соңына дейін шегеру туралы шешім қабылдау жөнінде болып отыр. Бұл ретте еуропалықтар осы келісімнің өз бөлігін біржақты тәртіпте орындауға міндеттенді.

Тиісінше, Украинаның, Ресей мен Еуроодақтың сауда-экономикалық алауыздығы оларды реттегенге дейін кейінге шегерілді. Өкінішке орай, осынау уақытша үзіліс әзірге нәтиже берген жоқ, дегенмен, үнқатысудың әлі де жалғасып жатқандығы үміттендіреді.

Әлі күнге дейін көкейкесті және Қазақстан Президенті батыстық және ЕАЭО бойынша әріптестерімен талқылауды жалғастырып келе жатқан бесінші

мәселе санкциялық тіресушілікті жою және өзара іс-қимылдарға көшу қажеттігі болып отыр.

«Сауда соғыстары қисыны, санкциялар алмасуды қатаңдату біздің бәрімізді тығырыққа тіреді, бұл – ешқайда апармайтын жол. Өзара санкциялардан елдің экономикалық әлеуеті әлсірейді, қарапайым адамдар зардап шегеді, әлеуметтік шиеленіс артады, әлемдік дағдарыстың жаңа орамы жасалады. Бірінші кезекте, біздер – Еуропа және Азия, еуразиялық құрлық зардап шегетін болады. Сондықтан экономикалық прагматизм мен өзара тиімділік қағидаттарындағы сындарлы өзара іс-қимылдарға қайта оралуға шақырамыз. Біртіндеп санкцияларды ала бастау қажет. Қазақстан Кеден одағы шеңберінде, сондай-ақ, Украинамен және Еуропалық одақпен өзара тиімді сауда-экономикалық қарым-қатынастарды нығайтуға мүдделі. Біз көпжақты сауда байланыстарын қалпына келтіру жолдарын талқылауға дайынбыз», деп атап өтті Мемлекет басшысы Минскідегі саммитте.

Осылайша 2014 жылғы 26 тамыздағы Минск кездесуі тарихи оқиғаға айналды. Осыған дейін өзара тиімді шешім қабылдау мүмкін еместей көрініп келген мәселелер алғаш рет жоғары деңгейде ашық түрде талқылана бастады.

Минск уағдаластығы осы оқиғаға тартылған барлық тараптарға, әсіресе, Украинаға қажет болды. Осыған дейін атап көрсетілгендей, Украина ТМД елдерімен, ең алдымен, Ресеймен шаруашылық

байланыстардың үзілуіне төтеп бере алмас еді. Украинаның оңтүстік-шығысындағы дау-жанжалдардың ұлғаю сәтінен бастап Киевке ақшалай қаржының атымен жетіспеуі ахуалды одан бетер күрделендіре түсті. Бүкіл бюджет шығындарының елеулі бөлігі Донбасстағы операцияларға кетті. Сонымен бірге, Украинаның экономикалық жағдайы күн санап нашарлай түсті. Гривна екі есе дерлікке құлап түсті. Елдің сыртқы борышы өсуін жалғастырды. Осыған дейін көмір экспорты бойынша жетекші позицияны иеленген Украина енді оны сатып алуға мәжбүр болды. Осының бәрі ел іс жүзінде дайын емес, жақындап келе жатқан күзгі-қысқы кезең аясында орын алды.

Осындай жағдайларда Минскіде қол жеткізілген уағдаластықтар украин шындығының «шексіз проблемалар теңізіндегі құтқарушы шеңберіне» айналды. Әлемдік қоғамдастық, БАҚ-тар мен сарапшылық қоғамдастық Минскідегі саммит нәтижелерін оптимизммен қарсы алды. Атап айтқанда, британдық сарапшы Марк Ахмед тамыз келіссөздерінің қорытындыларын былайша бейнеледі: «Кеден одағы көшбасшылары мен Украина президентінің Минскіде өткен кездесуі – орын алған дау-жанжалдарды шешудегі алғашқы орасан зор серпіліс. Келіссөздердің жоғары деңгейде өтуі және түбегейлі қарама-қарсы көзқарастардың дипломатиялық арнаға шығарылуы – тараптардың қарама-қарсылықтарды

мейлінше аз шығындармен аяқтауға деген шынайы ниеттерінің айғағы».⁸

Сарапшының айтуынша, Президент Назарбаевтың келіссөздердегі рөліне баға жетпейді. Көптеген адамдар, оның ішінде Батыста да, Қазақстан көшбасшысына үлкен үмітпен қарайды. Украина дағдарысы бір елдің шегінен шықты, дау-жанжал халықаралық сипат ала бастады. Шиеленістің өршуі тек өңірлік қана емес, сонымен бірге, жаһандық ауқымда да күтпеген зардаптарға соқтыруы мүмкін. «Президент Назарбаев – өте беделді саясаткер. Оның пікіріне Ресейде де, Украинада да, Батыста да құлақ асады. Украин жанжалында Қазақстан Президенті бітімгер рөлін атқарады және ол оны тамаша жүзеге асыруда», – дейді М.Ахмед. Британ баспасөзі Украина президентінің Нұрсұлтан Назарбаевтың кеңестерін зор құрметпен және мұқият қабылдайтынына назар аударған. Атап айтқанда, П.Порошенко Қазақстанның қай кезде де Украинаның сенімді досы болғанын және қиын минуттарда оған қолдау жасағанын атап көрсеткен. «Мен нендей жағдай болса да, Қазақстан-Украина қарым-қатынастарының достық жағдайда қалатынына сенімдімін».

Оның үстіне П.Порошенко Мемлекет басшысымен Минскідегі кездесуде екі президент 2014 жыл-

⁸ Франк Ниенхуйзен (Frank Nienhuysen). «Арзан тепе-теңдік» (Billige Balance). Sueddeutsche Zeitung газеті. 25/06/2014. <http://www.sueddeutsche.de/politik/russlands-rolle-im-ukraine-konflikt-billige-balance-1.2013717>.

дың 28 тамызында Түркияның жаңадан сайланған президенті Р.Т.Эрдоғанның инаугурация салтанатына қатысуы тиіс Анкарада екіжақты үнқатысуды жалғастыруға деген ниетін білдірді. Өкінішке орай, 2014 жылдың 28 тамызында Украинаның солтүстік-шығысындағы ахуал күрт нашарлады. Украиналық және батыстық БАҚ-тар (BBC, Reuters, The Guardian) жасақтардың «РФ әскери қолдауымен» кең ауқымды қарсы шабуылы туралы хабарлады. Жасақтар Украинаның Луганск облысындағы бірнеше елді мекендерге бақылау орнатты. Оның сыртында, Ресей азаматтарының Украинаның оңтүстік-шығысындағы соғыс қимылдарына қатысуы туралы ақпарат шындыққа айналды. ДХР премьер-министрі А.Захарченко жасақшылар арасында шамамен 3-4 мыңдай ресейлік еріктілердің бар екенін мәлімдеді. Осы орайда НАТО өкілі Украина аумағындағы ресейлік әскер санының мыңнан астам адам екенін хабарлады. Украина Президенті П.Порошенко өзінің Түркияға сапарынан бас тартып, Донбасстағы ахуалға байланысты ҰҚҚК-нің шұғыл отырысын шақырды. Барша жұрт ахуалды жұмсартуға тиіс болатын ҰҚҚК шешімі мен Ресей басшылығының шешімін күтті. Соғыс жағдайы енгізілген жоқ. Өз кезегінде, В.Путин қоршауда қалған украин әскерилерін құтқару үшін гуманитарлық дәліз ұсыну жөнінде жасақшыларға үндеу арнады.

Сарапшылардың пікірінше, қарсаңда, 28 тамызда өткен Минск келіссөздері болмаса, Үлкен соғыстың

туындап кетуі мүмкін еді. Минскідегі келіссөздер мен Беларусь астанасында басталған П.Порошенко мен В.Путиннің жеке кездесулері саяси және әскери қызбалықты төмендетуге жағдай туғызған аз да болса «сенім қорын» жасай білді. Басқаша айтқанда, Минскіде дағдарысты ахуалдардағы «Порошенко – Путин» тікелей өзара іс-қимылы үшін тұғыр жасалды. Бұл қорытындыны сарапшылар 28 тамыздан кейін қалыптасқан шиеленісті төмендетуде Украина мен Ресей президенттері арасындағы телефон арқылы келіссөздер шешуші сәт болды деп дәйектейді.

Осылайша Қазақстан Президентінің 26 тамызда Минскіде П.Порошенко мен В.Путиннің алғашқы кездесуін ұйымдастыруда көрсеткен белсенді күшжігері Донбасста бітім орнатуға кепіл болды, рас, өкінішке орай, уақытша болса да.

Оқиғаның одан әрі өрбуі оған тартылған тараптардың бәрінің дау-жанжалды өршітпеу және оқ атуды тоқтату жолдарын іздегендігін айғақтады. П.Порошенко Әкімшілігі әлем қоғамдастығына Украина басшысының бейбіт жоспары бар екенін, оның оны барлық тартылған тараптармен талқылап жатқандығын хабарлады. Кейін украин президентінің ұсыныстары жарық көрді. Олар 14 тармақтан тұрды және төмендегілер атап көрсетілді:

1. Бүкіл келіссөзге қатысушылар үшін қауіпсіздік кепілі.

2. Қаруларын тастағандарды және ауыр қылмыс жасамағандарды қылмыстық жауапкершіліктен босату.

3. Аманатқа алынғандарды босату.
 4. Ресей-Украина мемлекеттік шекарасында 10 км. буферлік аймақ құру. Заңсыз қарулы құрылымдарды кейін алып кету.
 5. Ресейлік және украиндық жалдамалылардың шығуы үшін кепілді дәліз.
 6. Қарусыздану.
 7. ІІМ құрылымында бірлескен патрульдік қызметті жүзеге асыру үшін бөлімшелер құру.
 8. Донецк және Луганск облыстарындағы заңсыз ұстап тұрған әкімшілік ғимараттарды босату.
 9. Жергілікті билік органдарының қызметін қалпына келтіру.
 10. Донецк және Луганск облыстарында орталық теле және радио хабарларын қалпына келтіру.
 11. Билікті орталықсыздандыру (атқару комитеттерін сайлау жолымен, орыс тілін қорғау – Конституцияға өзгертулер жобасы).
 12. Губернаторларды сайлауға дейін Донбасс өкілдерімен келісу (бір кандидатураға келіскен жағдайда, алауыздық жағдайында – шешімді Президент қабылдайды).
 13. Кезектен тыс жергілікті және парламент сайлаулары.
 14. Өңірде жұмыс орындарын құру бағдарламасы.
- Өз кезегінде 2014 жылдың 3 қыркүйегінде Ресей басшысының украиналық әріптесімен телефон арқылы сөйлесуінен кейін Кремльдің баспасөз қызметі РФ Президенті В.Путиннің Украинаның

оңтүстік-шығысындағы жанжалды реттеу жөніндегі ұсыныстарын жариялады. Ол жоспар 7 тармақтан тұрды:

1. Қарулы күштердің, қарулы құрылымдардың, Украинаның оңтүстік-шығысындағы жасақтардың Донецк және Луганск бағыттарындағы белсенді шабуыл операцияларын тоқтату.

2. Украина күштік құрылымдарының қарулы бөлімшелерін елді мекендерді артиллериядан және дүркіндете ату жүйесінің барлық түрлерінен атқылау мүмкіндігін болдырмайтын қашықтыққа алып кету.

3. Оқ атуды тоқтату шарттарын сақтауға толыққанды және объективті халықаралық бақылауды және осындай жолмен құрылған қауіпсіздік аймағындағы ахуалға мониторингті жүзеге асыруды қарастыру.

4. Бейбіт азаматтарға және жанжал аумағындағы елді мекендерге қарсы соғыс авиациясын қолдануды болдырмау.

5. Күштеп ұстап отырған адамдарды қандай да бір алдын ала шарттарсыз «бәрін бәріне» формуласы бойынша айырбастауды ұйымдастыру.

6. Босқындардың қозғалуы үшін және Донбасстың – Донецк және Луганск облыстарының қалалары мен өзге де елді мекендеріне гуманитарлық жүктерді жеткізу үшін гуманитарлық дәліздер ашу.

7. Донбасстың зардап шеккен елді мекендеріне қираған әлеуметтік нысандар мен тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымдарды қалпына келтіру үшін, олардың қысқа дайындығына көмек көрсету

үшін жөндеу бригадаларын жіберу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Минскідегі байланыс тобының жұмысын қайта қалпына келтіру 2014 жылғы 28 тамыздағы дағдарыстан кейінгі оқиғалардың шарықтау шегі болды, ол да Минск саммитіндегі уағдаластықтарда қарастырылған болатын. Осылайша, 5 қыркүйекте Беларусь астанасында үш жақты топтың кезекті отырысы өтті, оған Украинаның экс-президенті Л.Кучма, өзін-өзі жариялаған ДХР-дың премьер-министрі А.Захарченко, өзін-өзі жариялаған ЛХР басшысы И.Плотницкий, РФ-ның Киевтегі елшісі М.Зурабов, сондай-ақ, ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасының Украинадағы ахуалды реттеу мәселелері жөніндегі ресми өкілі Х.Тальявини қатысты.

Отырыс қорытындысы бойынша байланыс тобына қатысушылар елдің шығысында 5 қыркүйекте жергілікті уақытпен 18.00-де оқ атуды тоқтату туралы хаттамаға қол қойды және 12 пункттен тұратын бейбіт реттеу жоспары бойынша өзара келісті. Қол жеткізілген уағдаластықтардың негізінде айтарлықтай дәрежеде Ресей мен Украина арасында жолға қойылған саяси үнқатысу жатыр. В.Путин мен П.Порошенко арасындағы «жеке қарым-қатынастар тарихы» дамуының бастау алғанын атап өту қажет.

2014 жылдың 19 қыркүйегінде Минскіде Үш-жақты байланыс тобының кезекті кездесуі өтті. Келіссөздерге ЕҚЫҰ-ның арнайы өкілі Х.Тальявини, Украинаның экс-президенті Л.Кучма, РФ-

ның Украинадағы елшісі М.Зурабов, сондай-ақ, өзін-өзі жариялаған ДХР-дың премьер-министрі А.Захарченко, ДХР-дың вице-премьері А.Пургин және өзін-өзі жариялаған ЛХР басшысы И.Плотницкий қатысты. Оқ атуды тоқтату режимін жүзеге асыру жөніндегі меморандумға қол қою кездесу қорытындысы болды.

Осыған дейін атап көрсетілгендей, сауда-экономикалық қарым-қатынастар саласында ілгерілеу байқалды. 2014 жылдың 12 қыркүйегінде Брюссельде Украинаның және ЕО-ның қауымдастығы туралы келісім бойынша Ресей – Украина – ЕО үшжақты министрлік кездесуі өтті. Кездесу қорытындысы бойынша ЕО мен Украина қауымдастығы туралы келісімді уақытша қолдану 2015 жылдың 31 қаңтарына дейін кейінге қалдырылды. Сонымен бірге, ЕО украиналық экспорттаушылар үшін автономды сауда жеңілдіктері режимінің әрекетін 2015 жылдың аяғына дейін ұзартуға келісті, ал РФ Украина мен ЕО қауымдастығы туралы келісімге имплементация жасалған мерзім бойына РФ украин тауарлары үшін баж салығын енгізбейтін болады. 26 қыркүйекте Берлинде Украинаның, Ресейдің және Еурокомиссия өкілдерінің қатысуымен газ бойынша келіссөздер өтті.

Одан әрі Жоғарғы Рада бірқатар маңызды заңдарды ратификациялады – Украина мен ЕО қауымдастығы туралы (Еуропарламентпен бір мезгілде), Донбасстың бір бөлігіне ерекше мәртебе беру және өзін-өзі жариялаған «халық республикалары»

жақтаушыларына рақымшылық жасау туралы. Заң сондай-ақ, 2014 жылдың 7 желтоқсанында жергілікті басқару органдарына сайлау өткізуді де қарастырды.

П.Порошенко Жоғарғы Рада қабылдаған заңды Донбасста бейбітшілік орнату үшін негіз деп атады. ЕО сыртқы саясат қызметінің өкілі М.Косьянчич аталған заңның қабылдануы Минск бейбіт жоспарына сәйкес келеді, деп мәлімдеді. Өзін-өзі жариялаған республикалар өкілдері анағұрлым ұстамдылық танытты. ДХР-дың бірінші вице-премьері А.Пургин жаңа құрылымдар билігінің аталған заңды оқып-зерттейтінін мәлімдеді. ЛХР өкілі А.Карякин де заң қабылдау «Минск ұстанымдарына» сәйкес келетін «дұрыс бағыттағы қадам» екенін, «нақтылық туралы айтуға әлі ерте» екенін атап өте отырып, талдау қажеттігін айтты.

Жергілікті сайлау қиын түйіндердің біріне айналды. Жасақтар бұл уақытта Киев билігін мойындамайтын болған және соған сәйкес сайлауды дербес өткізбек болды, дегенмен, Украина басшылығы бұл үдеріс республикалық Ортсайлаукомның бақылауынан тыс өтеді дегенді ойларына да алғысы келген жоқ. Осыған байланысты жасақтар Киевтің келісімінсіз және айрықша мәртебе туралы заңда белгіленген күнге кереғар ДХР мен ЛХР-дың жергілікті сайлауларының 2014 жылдың 2 қарашасына өз күнін белгіледі, ал оны Киевте және Батыс елдерінде бірден заңсыз деп таныды. Айта кету керек, жергілікті сайлау өткізу байланыс тобының

Минск уағдаластықтарының бірі болып табылады. Сонымен бірге, олар қалай өтуі керек және оларды ұйымдастыруға кімдер жауапты деген мәселелерде нақтылықтың болмауы өзіндік бір араздық себебіне айналды.

Осылайша, Минск уағдаластықтарын Киев пен жасақтардың түрліше түсіндіруі бейбіт үдерісті қисынды түрде соңына дейін реттеуге кедергі келтірді. Ресейге қарсы санкциялық режимнің қатаңдатылуы да «отқа май құя» түсті. Еуроодақ 2014 жылдың 12 қыркүйегінен бастап РФ-ға қатысты жаңа экономикалық санкциялар енгізді. Шешім ЕО елшілерінің рет саны бойынша төртінші отырысының қорытындысы бойынша қабылданды. Ресейге қарсы санкцияларының кезекті пакетінде Еуроодақ «Роснефтьті», «Транснефтьті», «Газпромнефтьті» борыштық қаржыландыруға, осы компаниялар облигацияларымен 30 күннен астам мерзімге сауда жасауға және осындай қағаздар шығаруға қатысуға тыйым салды. Сбербанк, ВТБ, Газпромбанк, Внешэкономбанк және Россельхозбанк, сондай-ақ «Уралвагонзавод», «Оборонпром» және Бірлескен авиажасау корпорациясына (БАК) қатысты да осындай шаралар енгізілді. Бүтіндей алғанда, РФ-ның тоғыз қорғаныс концерні санкцияға ілікті. ЕО, сондай-ақ, Ресей мен Украина үшін 24 фамилияны «қара тізімге» енгізіп, оның жалпы санын 119-ға дейін жеткізді. ЕО-ның Ресейге қарсы санкцияларының осы жолғы шоғыры Байланыс тобының 2014 жыл-

ғы 5 қыркүйектегі «бейбітшілік» хаттамасын қабылдағаннан кейінгі алғашқы санкция болды.

Дәл сол күні, 2014 жылдың 12 қыркүйегінде ЕО-ның соңын ала еуропалық жаңа шараларға ұқсас, АҚШ та Ресейге қарсы санкцияларды ұлғайтты. АҚШ Президенті Б.Обама АҚШ-тың жаңа санкцияларының РФ экономикасының қаржылық, энергетикалық және қорғаныс секторына әсер ететінін мәлімдеді. Б.Обаманың айтуынша, бұл Ресейді саяси оқшаулау және оның экономикалық шығындарын ұлғайту үшін, әсіресе Президент Владимир Путин мен оның айналасындағылар үшін маңызды салалардағы шығындарды ұлғайту үшін жасалып отыр. Тізімге Сбербанк, «Газпром», «Роснефть», «Лукойл», «Сургутнефтегаз», «Транснефть», «Газпромнефть», сондай-ақ, «Ростех» мемлекеттік корпорациясы ілікті. Осы компаниялардың бәріне америкалық капитал нарығына жол жабылды. Нәтижесінде америкалық санкциялар ресейлік мұнай секторының 90%-дан астамын және бүтіндей дерлік ресейлік газ өндірісін қамтыды.

Сонымен бірге, РФ-да армияға соңғы кездегі ең бір кең ауқымды тексерулер жүрді. Ең алдымен, Шығыс әскери округі әскерлерінің жағдайына және бірқатар өңірлер мен ведомстволардың «соғыс уақыты жағдайларындағы міндеттерді орындауға» дайындығына талдау жасалды. Қиыр Шығыс пен Шығыс Сібірде 19 және 25 қыркүйек аралығында өткен «Шығыс-2014» командалық-штабтық страте-

гиялық жаттығуларға 155 мыңнан астам әскери қызметшілер, 8 мыңға жуық қару-жарақ пен әскери техника, жүздеген ұшақтар мен тікұшақтар, сондай-ақ, ондаған кемелер қатысты. Оның сыртында РФ қорғаныс министрі С.Шойгу Ресей Украинадағы ахуалдың шиеленісуіне және өз шекараларына жақын жерлерде шетелдік әскери қатысудың өсуіне байланысты Қырым бағытында «толыққанды және жеткілікті қамтылған» әскери топтарды кеңінен орналастыру қажет деп мәлімдеді.

Осылайша, дау-жанжалды саябырлату жөнінде нақтылы уағдаластықтарға қол жеткізілгенімен, одан арғы бейбіт үдеріске күмән келтіретіндей жағдайлар қалыптасты.

Оның сыртында Минск келісімдерін одан әрі жүзеге асыру оларда қалай дегенде де мәселелердің бәрінің бірдей ескерілмегенін көрсетіп берді. Жағдайлардың бәрі бірдей жете ойластырылмаған, оның өзі жанжалдасушы тараптарға ол құжаттарды түрліше түсіндіру мүмкіндігін туғызды. Жасақтар мен Киев ұстанымы соңына дейін келісілмегендіктен дағдарысты реттеудің сәті түскен жоқ.

III. МИНСК УАҒДАЛАСТЫҚТАРЫ НЕМЕСЕ АҚТАЛМАҒАН ҮМІТТЕР

Екі шешуші ішкі саяси оқиға: Жоғарғы Радаға сайлау және елдің оңтүстік-шығысында жергілікті басқару органдарына мойындалмаған сайлау өткен, әуел баста бітім нышандары байқалып, кейін, өкінішке орай, жағдайды өршіту мен соғыс қимылдарының қайта басталуы орын алған Украинадағы 2014 жылдың қазан-қарашасындағы ахуалдардың өрбуін жадымызда тағы бір рет жаңғыртайық. Одан кейін Қазақстан Президентінің шет елдер басшыларымен және өзге де шетелдік саясаткерлермен көптеген кездесулеріне және келіссөздеріне тоқталамыз. Н.Ә.Назарбаевтың жұмыс кестесі бұл кезеңде дәстүрлі түрде тығыз болды және іс жүзінде бүкіл халықаралық іс-шараларда Украинадағы ахуал талқыланып жатты.

Қыркүйектің соңғы онкүндігі мен қазанның басында, БАҚ-тардың хабарлауынша, оның ауық-

ауық бітімді бұрмалаумен қоса-қабат жүргеніне қарамастан, дау-жанжал аймағында шынымен де саяси саябырлаушылық болып жатты. НАТО кейбір ресейлік әскерлердің Украина аумағынан шығарылғаны тіркелгендігін мәлімдеді (РФ қорғаныс министрі оны және онда қандай да бір ресейлік әскери қызметшілердің болу фактісін жоққа шығарады). Ресей Әскери-теңіз флоты бас штабы Қара теңіз алабында Украинаның қатысуымен өткен жаттығуларға қатысқан НАТО елдері әскери кемелерінің Жерорта теңізіне қайтып оралғанын хабарлады.

ЕҚЫҰ 2014 жылдың 2 қазанында Минскіде өткен консультациялардың кезекті раундының қорытындылары бойынша Байланыс тобының мәлімдемесін жариялады, оған сәйкес ЕҚЫҰ, Украина және РФ-ның бірлескен орталығы украиндық Дебальцевода оқ атуды тоқтату бойынша іс-қимылдарды үйлестірумен айналысқан. Байланыс тобының мүшелері бұл орталық Донбасс өңіріндегі ахуалды одан әрі тыныштандыруға жағдай жасап, ЕҚЫҰ тарапынан оқ атуды тоқтату, заңсыз қарулы құрылымдар мен техниканы Украина аумағынан шығару, сондай-ақ, Ресей-Украина шекарасында тиімді бақылау орнату жөніндегі уағдаластықтарға тиімді мониторингті қамтамасыз етеді деген үмітін білдірді.

26 қазанда Украинада өткен кезектен тыс парламент сайлауын 2014 жылдың қазанындағы басты оқиға ретінде атауға болады. Сайлау нәтижелері бойынша А.Яценюктің «Халық майданы» (22%-дан

астам дауыс), «П.Порошенко блогы» (22% дерлік), сондай-ақ, «Өзіндіккөмек» (шамамен 11%), «Оппозициялық блок» (10%-дан төмен), «Радикалды партия» (7,5%-дай) және «Батькивщина» (5%-дан астам) Жоғарғы Радаға өтті. Жоғарғы Радаға кезектен тыс сайлауға сайлаушылардың қатысуы 52,42%-ды құрады.

Ресей өз ескертулерімен парламент сайлауын өтті деп мойындады. РФ Президентінің баспасөз хатшысы Д.Песков Кремль Украинада өткен кезектен тыс парламент сайлауын мойындайды деп мәлімдеді. РФ СІМ басшысы С.Лавров, тегінде, «Украинаның бүкіл аумағында болмаса да, сайлау өтті» деп атап көрсетті.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, Жоғарғы Рада сайлауы Украина мемлекеттілігіне жасалған үлкен соққы болды. Тіпті, П.Порошенко осы сайлаудың бастамашысы ретінде, Парламентте өз басымдығына ие бола алмай ғана қалған жоқ, сонымен бірге Премьер А.Яценюктің позициясын нығайту арқылы, ол ашықтан-ашық жеңіліс тапты деген бағалаулар да айтылды. Көптеген байқаушылар Жоғарғы Раданың негізгі бөлігі Ресеймен де, Донецк және Луганскімен де қандай да бір бәтуаға баруға ниетті емес болғандықтан ендігі жерде П.Порошенкоға бітім туралы өз уағдаластықтарын орындау қиынға түседі деген ортақ пікір білдірді.

Оның сыртында өткен сайлаудағы «Халық майданының» (А.Яценюк) табысынан кейін сарапшылар П.Порошенко мен А.Яценюк арасындағы ішкі саяси

күрестің өткірлене түсетініне болжам жасады. Олар А.Яценюк Америкамен жақындасуды жақтайтын қатаң позиция ұстануды жалғастырады, ал П.Порошенко Еуроодақпен келісілген көзқарастарды ұстанатын болады деп ойлады. Басқаша айтқанда, парламенттік сайлаудан кейінгі ахуал белгілі бір дәрежеде 2004 жылғы «қызғылт-сары революция» нәтижелерін еске түсірді, яғни парламенттік коалицияның кез келген көрінісі тұрақсыз, ал президент пен премьердің бірігуі – шартты.

Жоғарғы Рададағы коалициялық көпшіліктің қалыптасуы 2014 жылғы қарашаның өн бойына созылып, тек осы айдың соңына таман аяқталды, онда да сыртқы күштердің ықпал етуімен.

Нәтижесінде Украинаның Жоғарғы Радасында құрамында бес фракцияның 302 депутаты бар – Петр Порошенко блогы (146 депутат), «Халық майданы» (83 депутат), «Өзіндіккөмек» (32 депутат), «Батьківщина» (19 депутат) және Олег Ляшконың радикалды партиясы (22 депутат) – «Еуропалық таңдау» атымен билік коалициясы қалыптасты. Оған В.Януковичтің президенттігі кезінде вице-премьер болған Юрий Бойко басқаратын оппозициялық блок енген жоқ. Билік коалициясында конституциялық басымдық қалыптасты (барлығы парламентте 450 орын, бірақ Қырым мен Донбасстағы оқиғаларға байланысты 423 адам сайланды).

27 қарашада Украинаның сегізінші шақырылған Жоғарғы Радасының бірінші отырысы өтті. Парламенттің алғашқы шешімі Владимир Гройсманды

(парламентке П.Порошенко блогынан сайланған, үкіметте вице-премьер лауазымын атқарған) төрағалыққа, ал Арсений Яценюкті премьерлікке бекіту болды.

Украина Президенті П.Порошенко жаңа сайланған Жоғарғы Радаға үндеу жариялады. Ол Украинаның парламентте алғаш рет дамудың еуропалық бағытын жақтайтын көпшілікке ие болғанын атап өтіп, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын атады. Украинаның блоктан тыс болудан бас тартуы туралы айта отырып, ол НАТО талаптарының Еуроодақпен қауымдастық туралы келісім талаптарына 96% сәйкесетінін және бес жылдан кейін реформалар Украинаның Еуроодаққа кіруге өтінім беруін қамтамасыз етуге тиіс екенін атап көрсетті.

Украинаның блоктан тыс мәртебесін жою, НАТО-ға мүшелікке бағыт ұстану және әскери шығындарды ІЖӨ-нің 3%-ына дейін көтеру туралы үндеулер тағы да қаттырақ естіле бастады, ал оны Ресей теріс сипатта қабылдады. РФ СІМ басшысы С.Лавровтың пікірінше, блоктан тыс мәртебені қолдап отырған Киев билігінің өкілдері оны Украинаның оңтүстік-шығысындағы дау-жанжалдарды күшке салу жолымен шешу үшін жасап отыр. Украинаның НАТО-ға өтуіне қарсы екенін атап көрсеткен Германия СІМ-нің басшысы Ф.-В.Штайнмайер ахуалды аздап болса да саябырсытты.

Сол сияқты радикалды көңіл-күйдегі украиналық және батыстық сарапшылардың ол өңірлерді

қалпына келтірудің барлық әлеуметтік-экономикалық салмағы Мәскеуге түсуі үшін «Луганск мен Донецкіні Ресейге беру керек», ал Украинаның қалған бөлігі Еуроодақ пен НАТО-ға өтуге жеделдетілген бағыт алуы тиіс деген үндеулері де естіле бастады. Сонымен бірге, Мәскеудің Донбассты қосып алуды жоспарламағаны айқын болатын, егер Қырым жөніндегі мәселені тыныш қалдыра тұрса, бүтіндей алғанда, Украинаның аумақтық тұтастығын қолдауы да мүмкін еді.

Бұл үдерістердің бәрі Украинаның экономикасы нашарлауының жалғасуы аясында өтіп жатты: ІЖӨ 4,6%-ға қысқарды, өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы 7,8% құрады (Донецк облысында 60%-ға, Луганскіде – 85%-ға, Киевте – 18%-ға); жыл қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі 9-10%-ға бағаланды. Қыстың жақындауына байланысты қызу сипат алған газ проблемасы да өткірлене түсті. Ресей, Еуроодақ және Украина арасындағы газ бойынша түпкілікті келісімге тек 2014 жылдың 29 қазанында ғана қол жетті. Ол Ресей газын украиналық тұтынушылар үшін жеткізіп беруді қайта жолға қою, Киевтің газ бойынша борыштарды ішінара жабуы арқылы оны Еуроодақ елдеріне тасымалдауға кепілдік беру туралы уағдаластықтарды қамтыды. Құны 4,6 млрд. доллар тұратын құжаттарға қол қою екі күндік келіссөздердің нәтижесі болып табылады, деп мәлімдеді энергетика жөніндегі еурокомиссар Г.Эттингер.

Ресей мен Украина энергетика министрлері А.Новак пен Ю.Продан, сондай-ақ, ЕО-ның энергетика жөніндегі комиссары Г.Эттингер қатысқан келіссөздер барысында Ресей газын 2015 жылдың наурызының соңына дейін жеткізу шарттары туралы уағдаластық жасалды. Сөйте тұрса да, тараптар неғұрлым ұзақ-мерзімді келісімдерге келе алған жоқ. Бұл Украинаға газ мәселесінде уақыт тек 2015 жылдың көктеміне дейін ғана ұзартылды дегенді білдірді.

Сондай-ақ, Еуроодақпен қауымдастық туралы келісім бойынша да, оның Украина үшін күшіне енуін 2015 жылдың аяғына дейін ұзартудан басқа ешқандай алға басушылық болған жоқ. Бұл мәселе бойынша келіссөздер жоғары деңгейге дейін жетіп, В.Путин тиісті хат жолдады. Дегенмен, еуропалық тарап Украинаның ЕО-мен қауымдастығы туралы келісімнің ережелері қайта қаралмайды деген өз ұстанымдарынан әлі күнге дейін танбай отыр.

Осылайша, Украинадағы экономикалық жағдай нашарлай түсті. Жаңа билікке экономикада болмағанымен, ең құрығанда елдің шығысындағы АТҰ шеңберінде болса да қандай да бір «жеңіс» қажет еді. Оның үстіне, жаңа парламентте Донбассты күштеп басуды «жақтайтындардың» ұстанымы нығая түсті.

Жоғарғы Радаға кезектен тыс сайлау өткеннен кейін тура бір аптадан соң, яғни 2014 жылдың 2 қарашасында өзін-өзі жариялаған «Донецк және Луганск халық республикаларында» жергілікті сайлаулардың өтуі ахуалды одан бетер шиеленістіре

түсті. Дауыс беру қорытындысы бойынша өзін-өзі жариялаған ДХР басшысын сайлауда сайлаушылардың 50%-дан астам дауысын жинаған іс басындағы премьер-министр А.Захарченко жеңіске жетті. Өзін-өзі жариялаған ЛХР басшысын сайлауда 63,08% дауыс алған іс басындағы басшы И.Плотницкий жеңіске жетті. 2014 жылдың 4 қарашасында өзін-өзі жариялаған «Донецк және Луганск халық республикаларының» жаңа сайланған басшыларының инаугурациялары өтті.

Батыс ДХР мен ЛХР-да өткен оқшауланған сайлауларды Минск уағдаластығын бұрмалау ретінде бағалай отырып, оларды тура мағынасында және топтасқан түрде айыптады. Оның сыртында Батыс РФ-ның ДХР мен ЛХР-дағы сайлауларды мойындаған шешімін де айыптады. АҚШ Ресейдің Донбасстағы сайлау нәтижелерін мойындау туралы шешімі Украинадағы ахуалды реттеу туралы Минск уағдаластықтарын бұрмалау болып табылады деп есептеді. Осыған байланысты АҚШ пен Германия Ресейге санкцияларды қатайту мүмкін екені туралы ескертті. Украина Президенті П.Порошенко да Ресей билігін Минск уағдаластықтарын орындамады деп айыптады.

ДХР мен ЛХР-дағы мойындалмаған сайлауларға байланысты Украинаның Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс кеңесі 2014 жылдың 4 қарашасында бірқатар шешімдер қабылдап, оларды Украина Президенті 2014 жылдың 16 қарашасында күшіне енгізді. Осы құжаттар пакетіне сәйкес, 2014 жылдың қыркүйегінің

ортасында Жоғарғы Рада қабылдаған Донбасстың кейбір аудандарының айрықша мәртебесі туралы заң күшін жойды, сондай-ақ, ДХР мен ЛХР жағында соғысып жүрген қарулы құрылымдар мүшелеріне рақымшылық жасаудан бас тарту жүзеге асырылды. Құжат, сондай-ақ, ДХР және ЛХР республикалары мен халық кеңестері басшыларының 2014 жылғы 2 қарашада өткен сайлауының қорытындысы бойынша құрылған Донецк және Луганск облыстары аумағындағы бүкіл билік органдарын заңсыз деп таныды.

Украина жағы мүлік пен құжаттарды алып шығуды жоспарлай отырып және қызметкерлерге қоныс аударуды ұсына отырып, ДХР мен ЛХР аумақтарындағы өздерінің мемлекеттік мекемелерін, ұйымдары мен билік органдарын шұғыл түрде алып кете бастады.

Украинаның ұлттық банкіне жеке тармақпен бір ай ішінде «банктердің есепшоттарға, оның ішінде карточкалық, меншіктің барлық түрлеріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілер ашқан және Донецк және Луганск облыстарының антитеррорлық операциялар жүргізу аудандарының жекелеген аумақтарындағы халыққа қызмет көрсетуді тоқтату жөнінен» шаралар қабылдау тапсырылды.

Ресей БАҚ-тарының хабарлағанындай, өзін-өзі жариялаған республикалардың көшбасшылары 2014 жылдың 16 қарашасында қол қойылған жарлықты барынша теріс қабылдады. «Киев 2 қарашада жасалған таңдау үшін Донецк халық

республикасының тұрғындарынан кек қайтаруда. Бұл экономикалық геноцид, оған Украина армиясы жасаған әскери қылмыстар қосылып отыр», – деп мәлімдеді ДХР парламентінің төрағасы А.Пургин. Өз кезегінде, ДХР басшысы А.Захарченко өздері екі айға жуық уақыттан бері сондай жағдайда өмір сүріп жатқандықтан, оның республикасы үшін Киев жариялаған құрсаудың үрейлі емес екенін атап көрсетті.

Украинаның оңтүстік-шығысында, әсіресе, Донецк облысының Дебальцево ауданында оқ ату күшейе түсті. НАТО, ЕҚЫҰ және Батыс елдері Ресейдің ауыр қару-жарақтары мен адам күшінің ДХР мен ЛХР-ға әкелініп жатқандығы тіркелгенін мәлімдей бастады. Бұл фактілерді Мәскеудің ресми түрде теріске шығарғанына қарамастан, бітім уақытында жасақтар өз күштерін қайта топтастырып, нығайта алды.

ДХР мен ЛХР-ға Киев тарапынан жасалған экономикалық құрсау күшейе түсті. Донбасстың жасақшылар бақылауындағы аудандарына әлеуметтік төлемақылар төлеу тоқтатылды.

ГМҮБ бағалауына сәйкес, 2014 жылдың 25 қарашасына дейін Украинаның шығысында 4356 адам қаза тауып, 10 мыңнан астам адам жарақат алды. ГМҮБ бағалауынша, «соғыс қимылдарын өршіту өңірдегі ахуалды нашарлатты, халық арасындағы белгісіздік пен үрейдің артуына апарып соқтырды». БҰҰ ақпараты бойынша, дау-жанжал аймағында кем дегенде 20 «қала құраушы кәсіпорындар» жабылды. Сонымен бірге, ГМҮБ Украина үкіметінің мәлімет-

терін де келтіреді, оған сәйкес соғыс қимылдары салдарынан 12 мыңнан астам мемлекеттік, сол сияқты жеке меншік өнеркәсіп кәсіпорындары қиратылған немесе оларға нұқсан келтірілген.

Бүтіндей алғанда, Донбасстың әлеуметтік-экономикалық жағдайы айтарлықтай нашарлай түсті. Бүкіл теміржол желісі қимылсыз қалды. Өңірдің инфрақұрылымы күйреді. Донецк және Луганск облыстарындағы көптеген шахталар жұмыстарын тоқтатып, оның өзі көмір мен электр қуаты тапшылығын туындатты. Жұмыссыздық өсті. Жұмыссыздар жасақтар қатарын толықтырды.

Осылайша, 2014 жылдың қазан-қарашасында бейбіт реттеудің бүкіл үдерістері мәселені күштеп шешуді жақтаушылардың қағидатты ұстанымдарына келіп тірелді. Дау-жанжал өршу сатысына ауысты. Тиісінше, украин мәселесі іс жүзінде бүкіл халықаралық іс-шаралардың, оның ішінде Қазақстан қатысатын іс-шаралардың күн тәртібіне енді. Біздің еліміздің теңдестірілген көпвекторлы сыртқы саяси бағыты Батыс пен Ресей арасындағы қатынастардың одан арғы перспективаларының белгісіздігі аясында жаңа сын-қатерлерге душар болды.

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа қол қоя отырып, өз болашағын Ресеймен байланыстырды және «Еуропаға есікті түбегейлі жапты», деді кейбір скептиктер. Бірақ олар түбегейлі қателесті. Біріншіден, Қазақстанды Ресеймен стратегиялық әріптестік пен одақтастыққа негізделген достық және тату көршілік қатынастары

тарихи байланыстырады, ал ЕАЭО туралы Шарт осынау көпқырлы ынтымақтастық элементінің тек біреуі ғана болып табылады. Екіншіден, Мемлекет басшысының 2014 жылдың 9 қазанында Брюссельге жұмыс сапары шеңберінде мәлімделген ҚР мен ЕО-ның кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы Келісімінің (одан әрі – ӘЫК) жобасы бойынша келіссөздерді аяқтау Қазақстан мен Еуропа арасында ынтымақтастық есігі еш жабылмағанын, сонымен бірге, жаңа перспективалардың ашылып отырғандығын анық бейнеледі.

Қазақстан мен Еуропалық одақ арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған сәттен бері 20 жыл өтті және осы уақыт бойына өзара байланыстар қарқынды дамыды. Мемлекет басшысы Қазақстан-Еуропа ынтымақтастығын сипаттап көрсеткендей, «Қазақстанның сыртқы саудасының 50%-ы және біздің елімізге келіп, экономикаға көмектескен тікелей шетел инвестицияларының 50%-ы ЕО мемлекеттеріне тиесілі. Қазақстан, өз кезегінде, Орталық Азиядағы бірлескен Еуропаның жетекші сауда-экономикалық әріптесіне айналды».

Еурокомиссия төрағасы Ж.М.Баррозумен кездесудің және ӘЫК жобасы бойынша келіссөздердің аяқталғаны туралы құжаттарға қол қоюдың ресми салтанатының нәтижесі бойынша Қазақстан Президенті «алғаш рет біз жаңа Келісімді дайындау туралы мәселені 2006 жылы қозғадық. Соңғы 3-4 жылда бұл бағыттағы келіссөздер белсенді жүріп, табысты аяқталды. Қазақстан – ЕО-мен екінші буын

Келісіміне қол қоятын Орталық Азиядағы бірден-бір ел. Бұл қарым-қатынастардың сапалы жаңа деңгейге шыққанын айғақтайды және біздің әріптестігіміздің стратегиялық сипаты мен жетілгендігін көрсетеді», деп хабарлады жұртшылыққа.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен ЕО арасындағы ынтымақтастықты кең көлемді спектр бойынша тереңдетуді қарастыратын қуатты заңдық тұғыр құруға назар аударды. Оның айтуынша, Келісім «халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа ықпал етуді, сондай-ақ, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, инновацияларды енгізуді қоса алғандағы саяси үнқатысуды қамтиды. Біз құқықтық саладағы, соның ішінде терроризмге қарсы тұру, ұйымдасқан және трансұлттық қылмыспен, жемқорлықпен күрестегі ынтымақтастықты күшейтуге ниеттіміз».

Сондай-ақ, жаңа Келісімде өңірлік ынтымақтастықты белсенді ету жағы көрініс тапты. Радмиссия туралы келісіммен қатар визалық режимді жеңілдету туралы Келісімді дайындау мүмкіндігі туралы уағдаластық Қазақстан мен ЕО арасындағы қарым-қатынастардағы нағыз серпіліске айналды.

Қазақстан Президенті атап өткендей, «жаңа Келісім – ол қазақстандық және еуропалық кәсіпкерлердің табысты қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін практикалық құрал. Сондай-ақ, ол біздің азаматтарымыз арасындағы байланыстарды нығайтады».

Өз кезегінде, Еуропалық комиссия басшысы соңғы жылдары тараптар әріптестігінің нығайға-

нын, ал байланыстардың анағұрлым жиілей түскенін атап көрсетті. «Қазақстан қазіргі уақытта тек сауда-экономикалық айырбас саласында ғана емес, сонымен бірге, өңірдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті алға бастыруға қатысты істерде де Еуропалық одақ үшін маңызды әріптес болып табылады және біздің ынтымақтастығымыздың ұлғаюы одан әрі жалғасуда. ҚР мен ЕО арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы жаңа Келісім неғұрлым берік саяси, экономикалық және стратегиялық өзара байланыстарға айтарлықтай жағдай жасап, сонымен бірге, біздің тараптар арасындағы тауар айналымы мен инвестицияларды қамтитын болады», – деп мәлімдеді Ж.М.Баррозу кездесу қорытындысы бойынша өткен баспасөз мәслихатында.

Осылайша, ЕО-ның қауымдастық туралы келісімі Украина үшін қандай болса, Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім Қазақстан үшін дәл сондай дерлік маңызға ие. Шешуші айырмашылығы сол, ӘЫК өзге елдер мүдделеріне қысым жасауды қарастырмайды және Қазақстанның халықаралық және өңірлік ұйымдар, ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді. Осы сәт, Н.Ә.Назарбаевтың өзі түсіндіргендей, жаңа Келісімнің шешуші қырларының бірі жаңғыртылған Сауда бөлімі болып табылады. «Ол Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі шеңберінде қабылдаған, сондай-ақ, Кеден одағы және Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарт шеңберінде қабылданған

міндеттемелерін ескереді», – дегенді қосып қойды Мемлекет басшысы.

Н.Ә.Назарбаев пен Ж.М.Баррозудың Украинадағы дағдарысты да айналып өте алмағанын атап өту қажет. Еурокомиссия басшысы баспасөз мәслихатында осы елдегі ахуалды реттеу мәселесіндегі Қазақстан Президентінің рөлін атап көрсетті. «Бізді Украинада болып жатқан оқиғалар алаңдатады. Біз осы елдегі ахуалды тұрақтандыруға ықпал етуге ықтиярлымыз, ал ол жанжалдасушы тараптардың дамуына да, сол сияқты бүтіндей алғандағы әлемдік экономиканың дамуына да кедергі келтіретін қазіргі санкцияларды біртіндеп алып тастауға негіз қалар еді», деді біздің Мемлекет басшысы.

Брюссельден кейін Н.Ә.Назарбаев бірден Минскіге ұшып, онда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекет басшылары кеңесінің және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК – Еуразиялық экономикалық одақтың мемлекет басшылары деңгейіндегі жоғары органы) кезекті отырыстарына, сондай-ақ, ЕАЭО-ның алдында болған Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Мемлекетаралық кеңесінің соңғы отырысына қатысты (осы отырыста ЕАЭО-ның құрылуына байланысты ЕурАзЭҚ-ты жою туралы келісім қабылданды).

Армения Республикасының ЕАЭО-ға қосылу туралы құжатқа қол қоюы ЖЕЭК отырысының өзіне тән ерекшелігі болды. Сондай-ақ, іс-шаралар барысында Қырғыз Республикасының ЕАЭО-ға қосылуы туралы

Іс-шаралар жоспары («жол картасы») бекітілді (Қырғызстанның ЕАЭО-ға енуі екі сатыға бөлінді: 2014 жылдың желтоқсанында негіз қалаушы, ал 2015 жылдың мамырында хаттаманың қосылу үдерісін нақтылайтын және аяқтайтын құжаттар қабылданды). Бұл құжаттардың қабылдануы еуразиялық экономикалық кеңістіктегі жаңадан құрылған экономикалық ұйымға үшінші елдердің өсе түскен қызығушылығын бейнеледі.

Мемлекет басшысы қатысқан 2014 жылдың қазанындағы ірі халықаралық іс-шаралардың бірі «Азия-Еуропа» немесе оның айтылып жүргеніндей – АСЕМ (ASEM – Asia-Europe Meeting) форумы болды. Бұған дейін бұл іс-шараға Еурокомиссия басшысы Ж.М.Баррозудың 2014 жылдың тамызында болған телефон арқылы әңгімеде шақырғаны айтылған болатын. Кейінірек Қазақстан Президенті атына ұйымдастырушылардан ресми шақыру келіп түсті.

Бұл Форум – Азия мен Еуропа елдерін біріктіретін халықаралық ұйым. АСЕМ-ге еуразиялық құрлықтың әлемдік сауданың 2/3 және әлемдік жалпы өнімнің 60%-ға жуығы тиесілі 50-ден астам елі және 2 халықаралық ұйым кіреді (Еуропалық одақ және АСЕАН).

2014 жылдың 16-17 қазанында Миланда (Италия) Қазақстан орталықазиялық елдер ішінде бірінші болып осынау беделді ұйымның толық құқылы мүшесіне айналды, оның өзі біздің еліміздің және Мемлекет басшысының жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға, Еуропа мен Азия арасындағы

тығыз сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға ықпал етуге қосқан орасан зор үлесін мойындау болып табылады.

Оның сыртында АСЕМ Форумының тұжырымдамасы Мемлекет басшысының «Еуразиялық идеясымен» толық үндес және қарсы тұрушылық емес, бәсекелестік пен ынтымақтастық қағидаттарын ілгері бастырады. Талай ғасырлардан бері Еуропа мен Азия арасындағы байланыстырушы көпір болып табылатын ел – Қазақстанның осынау маңызды үнқатысу алаңының нығаюы мен дамуына орасан зор үлес қосатынына сенім мол.

Миландағы Форумның пленарлық сессиясында Мемлекет басшысы Еуропа мен Азия арасындағы ынтымақтастықты тереңдету бойынша бірқатар маңызды ұсыныстар айтты. Атап айтқанда, қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қауіптерге салиқалы жауаптар іздеу міндеті Еуропа мен Азия мемлекеттеріне бірлестіретін күн тәртібін ұсынады, деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық өңірдің интеграциялық әлеуетін ашуды дағдарысты еңсерудің ең тиімді жолы ретінде атады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы құрлықтағы ынтымақтастықтың перспективаларына қатысты өз көзқарастарын ортаға салды. Оның пікірінше, халықаралық ынтымақтастықтың парадигмасын алмастыру қажет, ал ол тамыр-таныстық кедергілерді жою, нарықтар ашу және өзара сауданы өрістету мәселелерінде нақты іс-қимылдарға көшуді білдіреді.

Мемлекет басшысы жаһандық қаржы архитектурасын трансформациялауды, қаржы секторындағы теңсіздікті еңсеруді және капиталдың халықаралық қозғалысын реттеудің тиімді моделін қалыптастыруды өзге бағыттар ретінде атады.

Қазақстан Президентінің пайымдауынша, көлік-транзит инфрақұрылымын дамыту, атап айтқанда, Еуропадан Азияға ең қысқа және қауіпсіз жолды қамтамасыз ететін Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту бүкіл өңірді дамытудың тағы бір шешуші шарты болып табылады.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы қазіргі заманғы технологиялар мен энергетикалық ресурстарға қолжетімділіктің маңыздылығын атап көрсетті. Қазақстан Еуропа мен Азия үшін тұрақты энергия жеткізуші бола отырып, энергетикалық маршруттарды одан әрі әртараптандыру бойынша күш-жігер жұмсауда.

Жалпықұрлықтық инфрақұрылым қалыптастыру өңірдің тұрақты дамуы үшін басымдықты маңызға ие, Еуразиялық экономикалық одақ оның шешуші буынына айналуы тиіс.

Оның сыртында, Қазақстан Президенті қазіргі уақытта Азия мен Еуропаның өздері үшін бір-бірін қайтадан ашуы, қағидатты түрде жаңа қарым-қатынастар негізін қалыптастыруы талап етілетінін атап көрсетті.

АСЕМ Форумы қорытындысы бойынша Миланда өткен брифингте Қазақстан Президенті мұндай іс-шаралардың өзге мемлекеттер басшыларымен көкейкесті мәселелер бойынша пікір алмасу мүм-

кіндігін беретінін атап өтті. Атап айтқанда, саммиттің бір жарым күнгі жұмысында Нұрсұлтан Назарбаев Ұлыбритания, Жапония, Германия, Қытай, Оңтүстік Корея, Венгрия, Италия және Нидерланд басшылығымен екіжақты кездесулер өткізді.

Мемлекет басшысы олармен өткізілген келіссөздердің ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мен тереңдетуге, сондай-ақ, өзара іс-қимылдардың жаңа жолдарын белгілеуге бағытталғанын жеткізді. «Бұл кездесулер біздің еліміздің әлемдік аренадағы беделін көтереді, жаһандық экономикадағы күрделі ахуал жағдайында Қазақстанға инвестициялар тарту үшін мүмкіндіктерді ұлғайтады, сондай-ақ, біздің республикамызға қолайлы қарым-қатынас қалыптастырады. Көптеген елдер Қазақстанға қаржы салуға ұмтылуда, ал ол экономиканы дамыту үшін, жаңа жұмыс орындарын ашу және біздің халқымыздың тұрмысын жақсарту үшін ынталандырулар жасайды», – деп түсіндірді Н.Ә.Назарбаев.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті Миландағы саммитке қатысушылардың Украинадағы ахуалды реттеу мәселесін кеңінен талқылағанын атап көрсетті. Бұл дау-жанжалды тек қана келіссөздер үдерісі жолымен шешу қажет және Қазақстан өз тарапынан ол үшін қажет деген барша күш-жігерді ұсынады, деп атап өтті Нұрсұлтан Әбішұлы.

Осынау еуропалық саясаткерлердің бүкіл екіжақты кездесулерінде оларды Қазақстан Президентінің украин мәселесі жөніндегі бағалаулары мен

оның Украинаның оңтүстік-шығысында бітімге қол жеткізудің мүмкін деген жолдары туралы пікірлері қызықтыруы назар аударарлық. Батыстық әріп-тестерден шыққан бірнеше жаңа үрдістер бірден көзге түсті. Атап айтқанда, Қырым туралы мәселені ешкім қағидатты түрде көтерген жоқ, бірақ түбектің Ресейге қосылуын ешкімнің мойындайын деп жатпағаны да айдан анық болды. Ең алдымен, ЕО елдері көшбасшыларын Кремльдің саясаты, сондай-ақ, жасақтардың ниеттері, олардың одан арғы мақсаттары мен міндеттері алаңдатты. Осыған байланысты украин дағдарысынан шығу жолын іздестіруде, сондай-ақ, Қазақстан Президентінің беделі мен орасан зор тәжірибесін жоғары бағалай отырып, еуропалық көшбасшылар одан әрі қандай іс-шаралар қабылдау қажеттігі жөнінде одан ашық және сенім білдіре отырып ақыл-кеңес сұрады.

АСЕМ Форумы шеңберінде, сондай-ақ, «норманд төрттігі» – Франция Президенті Ф.Олландтың, ГФР Канцлері А.Меркельдің, Ресей Президенті В.Путиннің және Украина Президенті П.Порошенконың келіс-сөздерінің екінші раундының өткенін де атап көрсету қажет. Осы кездесуде Донбасстың айрықша мәртебесі туралы Украина заңы – көп үміт күттірген, өкінішке қарай, небәрі бір айдан кейін күшін жойған құжат талқыланды. Оған Киев пен жасақтардың жергілікті сайлауды өткізуде өзара іс-қимылдарға барғысы келмеуі себеп болды. Әр тарап өз шарттарын табандап қорғап тұрып алды: Киев украин заңнамаларымен толық сәйкестікте және

ОСК бақылауымен 2014 жылдың 7 желтоқсанында, жасақтар – егер оны өзіміз өткізетін болсақ деген шартпен, 2014 жылдың 2 қарашасында қалды, ақыры олар солай жасады да.

Мемлекет басшысының жұмыс кестесіне қайта орала отырып, 2014 жылдың қазанымен салыстырғанда 2014 жылдың қарашасының тығыздығы жағынан еш жеңіл болмағанын атап көрсеткім келеді. Нұрсұлтан Назарбаев олардың Қазақстанға ресми және жұмыс бабындағы сапарлары шеңберінде ГФР СІМ-нің басшысы Ф.-В.Штайнмайермен, Швейцария Президенті және ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы Д.Буркхальтермен, Чехия Президенті М.Заманмен, РФ Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасының Төрағасы С.Нарышкинмен өте мазмұнды әңгімелер өткізді. Бұл ай Өзбекстан Республикасының Президенті И.Каримовтың Астанаға ресми сапарымен және тиісінше, екі мемлекеттер басшыларының шағын және кеңейтілген құрамдағы сындарлы да тыңғылықты келіссөздерімен аяқталды. Бұл кездесулердің әрқайсысына нақтылы тоқталып жатпаймын, меніңше, оқырмандар үшін неғұрлым қызығушылық туғызатын тұсты – тек украин дағдарысы айтарлықтай егжей-тегжейлі талқыланғандарын ғана баяндамақпын.

Ең алдымен, Мемлекет басшысының Германия федералдық сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайермен 2014 жылдың 10 қарашасында Астанада өткен кездесуінің күн тәртібінде украин мәселесі шешуші мәселелердің біріне айналды.

Ақорда сайтына салынған ресми хабарға сәйкес, кездесу барысында Қазақстан-Германия сауда-экономикалық, инвестициялық және отын-энергетикалық ынтымақтастығын одан әрі нығайту мәселелері талқыланған. Сондай-ақ, өңірлік және халықаралық күн тәртібінің көкейкесті қырлары да қозғалған. Қазақстан Президенті 2014 жылдың қазанында Миланда өткен федералдық канцлер А.Меркельмен арадағы келіссөздердің жемісті болғанын атап көрсетті. Өз кезегінде Ф.-В.Штайнмайер Қазақстанға осы жолғы сапарының ол үшін Германияның сыртқы істер министрі ретіндегі үшінші сапары екенін және талқылау үшін тақырыптардың көп екенін айта отырып, кездесу үшін алғысын білдірді. Әлемдегі ахуал күрделене түсті, бірақ қалай дегенде де біздің айналып өтуімізге болмайтын тамаша сәттер де бар: осылайша кеше (ескерту: кездесу 2014 жылдың 9 қарашасында өтті) Германияда Берлин қабырғасы құлауының 25 жылдығы атап өтілді», деді.

Дейтұрғанмен, екі саясаткер Украинадағы ахуалды және осы елде қалыптасқан дағдарыстан шығудың мүмкін деген жолдарын айтарлықтай егжей-тегжейлі талқылады. Бұл кезеңде Украинаның оңтүстік-шығысында жағдайдың өрши түсуінің байқалғанын, өзара оқ атысулардың тоқталмағандығын, осының бәрі кейін бейбіт тұрғындар арасындағы жаңа құрбандықтарға апарып соқтырған кең ауқымды соғыс қимылдарының қайта басталғандығының айғағына айналғанын атап өту қажет.

Мемлекет басшысының Ф.-В.Штайнмайермен кездесуіне өзімнің тікелей қатысқанымды ескере оты-

рып, болған әңгіменің кейбір егжей-тегжейлі тұстарын баяндағым келеді. Оның үстіне дәл осы кездесуде Қазақстан Президентінің кейіннен оның нақты араағайындық күш-жігеріне ұласқан украин дау-жанжалын реттеу жөніндегі алғашқы идеялары көрініс бере бастаған болатын.

Біріншіден, Мемлекет басшысы Украинадағы дау-жанжалды реттеуде көптеген жағдайдың Германияға байланысты екенін атап көрсете отырып, Ф.-В.Штайнмайерді тоқталып қалмай, дипломатиялық жұмысты жалғастыруға шақырды. Н.Ә.Назарбаев, сондай-ақ, қадамдық іс-қимыл жоспарын қалыптастырудың (Донбасстағы келісілген негіздегі жергілікті сайлаулар, осы өңірдің айрықша мәртебесі, орыс тілінің мәртебесі, Донецк мен Луганскіні Украинаның құқықтық алаңына қайтару және басқа да шаралар) маңыздылығын атап өте отырып, неміс министріне таласқа тартылған тараптардың әрқайсысының стратегиясының қандай екенін түсіну жөнінде кеңес берді. Осындай жоспарды жүзеге асыра отырып, бәріне де, Ресейге де, Еуропаға да ауыр тиген Ресейге қарсы санкцияларды алып тастауға болар еді.

Екіншіден, Қазақстан Президенті мен Германия СІМ-нің басшысы «бұқаға арналған қызыл шүберек» ретінде қабылданған және дау-жанжалды өршітуге итермелейтін мәселелердің бәрі кейінге қалдырылуы тиіс деген мәселеде ортақ пікірде болды. Ең алдымен, әңгіме Украинаның НАТО-ға қосылуы туралы. Сөз жоқ, бұл шешім, ең алдымен,

украин халқының еншісінде, елдің альянсқа өтуін немесе өтпеуін анықтауға тек солар ғана құқылы. Сонымен бірге, осынау өз ауқымы жағынан геосаяси мәселені қазіргі қалыптасқан жағдайда шешу мейлінше нәтижесіз болар еді. Осы мәселеге қатысты белгілі ғалым және саясаттанушы Ноэм Хомский түсінік бергендей, Мәскеудегі бірде-бір саламатты ойлайтын басшы оқиғаның бұлайша өрбуімен келіспейтіндіктен, Украинаның НАТО-ға өтуі, елдің қауіпсіздік мәселесін шеше алмауымен қатар, Украина қауіпсіздігіне қатерді күшейте түседі.

Үшіншіден, Еуразиялық кеңістіктегі экономикалық интеграция тенденцияларының мәнін қайта пайымдау жүзеге асты. Шынын айтсақ, Мемлекет басшысы Батыста Еуразиялық экономикалық одақ құру жөніндегі жұмыстарды «Кеңес Одағын қайта қалпына келтіру» ретінде қате қарастырғандығын айтып, неміс министрін достық рәуіште жеңіл мінеп өтті. Сонымен бірге, Қазақстан Президенті ЕАЭО-ның тек қана экономикалық ұйым екенін үнемі түсіндірумен келді. Онда саясат жоқ. ЕАЭО-ны құрудың алғышарты экономикалық прагматизмде және теңдік, өзара құрмет пен оған қатысушылардың бәрінің мүдделерін ескеру қағидаттарына негізделген. Нәтижесінде Н.Ә.Назарбаев пен Ф.-В.Штайнмайер ЕО-ЕАЭО пішініндегі үнқатысу мен ынтымақтастықты дамыту идеясын бірлесіп алға бастыруға келісті. Сөз жоқ, бұл үдеріс әсіресе, Ресей мен Еуропа арасындағы

санкциялық тіресушілік аясында ұзақмерзімді болмақ, дегенмен, оның дамуы үшін қазірдің өзінде тұғыр жасау қажет.

Оның сыртында, ГФР СІМ-нің басшысы Қазақстан Президентіне 2014 жылдың 18 қарашасына Мәскеуде жоспарланған Ресей сыртқы істер министрі С.Лавровпен кездесу кезінде ЕО – ЕАЭО шеңберіндегі үнқатысу мен ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылайтындығына уәде берді. Ол бұл уәдесінде тұрды, ал ресейлік әріптеспен келіссөздердің қорытындысы бойынша жаңа пішімдегі өзара іс-қимылдарды бастау қажеттігі жөнінде ресми мәлімдеме жасады.

Бүтіндей алғанда, ГФР федералдық сыртқы істер министрі Ф.-В.Штайнмайердің Қазақстанға сапары мейлінше жемісті болды. Германия СІМ-нің басшысы өзімен бірге қомақты бизнес-делегацияны ала келді. Қол жеткізілген уағдаластықтар екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығының белсенділігін арттыруға және оны сапалы жаңа деңгейге шығаруға жағдай жасады. Болып өткен кездесулер мен келіссөздерден кейін Ф.-В.Штайнмайер Қазақстанның Шығыс Азия мен Еуропа арасындағы «көпірге» айналғанын атап көрсетті. Ал сапар қорытындысы бойынша әзірленген баспасөз парақшасында біздің елімізге мынадай баға берілген: «Қазақстан – Германия мен ЕО үшін маңызды әріптес. Ел Орталық Азиядағы ең ірі сауда әріптесі және ең ірі мұнай

жеткізушілердің бірі болып табылады. Еуразиялық Кеден одағының мүшесі ретінде Қазақстан өңірдегі тұрақтылықтың саяси зәкіріне айналды».⁹

Іс жүзінде 10 күннен кейін 2014 жылдың 20 қарашасында Швейцария Конфедерациясының Президенті, ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы Дидье Буркхальтер біздің елімізге келді. Осы орайда, барлық кездесулерде Буркхальтер Қазақстанға ең алдымен ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы ретінде емес, Швейцария Президенті ретінде қазақстан-швейцар екіжақты ынтымақтастығын дамытуға және нығайтуға деген берік ниетпен келгенін атап көрсетті.

Кездесу барысында екі ел президенттері сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара іс-қимылдарды нығайтудың негізгі мәселелерін талқылады. Халықаралық күн тәртібінің көкейкесті мәселелеріне қатысты пікір алмасулар болды. ЕҚЫҰ-ның ағымдағы қызметінің шешуші қырлары да қозғалды.

Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, Швейцария Қазақстанның Еуропадағы маңызды экономикалық әріптесі болып табылады. 2005 жылдан бері Швейцария Қазақстанға шамамен 12 млрд. доллардай инвестиция салды және еліміздің Еуропадағы төртінші сауда әріптесі болып табылады. Екіжақты сауда айналымы 4,5 млрд. долларды құрайды.

⁹ М.Ахмедтің сұхбатынан. Британдық сарапшы: Президент Назарбаев – өте беделді саясаткер. 24KZ. 2014 жылдың 29 тамызы. Қайнар көз: <http://24.kz/ru/news/policy/item/23171-britanskij-analitik-prezident-nazarbaev-ochen-avtoritetnyj-politik>.

Қазақстанда елуге тарта швейцарлық компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар жұмыс істейді. Қазақстан Халықаралық валюта қорының швейцарлық кіші тобына атсалысады.

Болып өткен келіссөздер қорытындысы бойынша ұйымдастырылған бірлескен брифингте Мемлекет басшысы, сондай-ақ, Д.Буркхальтердің ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы екеніне назар аударды: «Украин жанжалын және басқа да оқиғаларды ескергенде, ЕҚЫҰ-ға швейцар төрағалығы ауыр кезеңге тура келді. Қазақстан аталған Ұйымға 2010 жылы төрағалық етті. Және онда арнаулы Астана декларациясы қабылданды. Біздің еліміздің тиісті тәжірибесі бар және біз ол пайдаланылатын болады деп үміттенеміз». Мемлекет басшысы ол елде бейбітшілік пен бақуаттылық орнауы үшін украин дағдарысын тезірек шешуді жақтай отырып, екі елдің де халықаралық саясаттағы оқиғаларға қатысты ұқсас позициялар ұстанатынын атап өтті.

«Орталық Азия» (әсіресе, Қазақстан) біз үшін Еуропа мен Азия арасын байланыстыратын көпір ретінде маңызды мәнге ие...», деп мәлімдеді Д.Буркхальтер өз сөзінде. Ол ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы ретінде Қазақстанның Украинаға қатысты және Минскіде қабылданған шешімдерді нақтылаудағы айрықша күш-жігерін атап көрсетті. «Бізге қалыптасқан жағдайдан үнқатысу және конституциялық реформалар жолымен шығу үшін тек екіжақты шеңберде ғана емес, сонымен бірге, Ресейдің, Украинаның, Еуроодақтың және

басқа да тараптардың қатысуымен көпжақты ынтымақтастықта да шаралардың белсенділігін арттыру қажет», – деп түсіндірді Д.Буркхальтер.

Бүтіндей алғанда, Мемлекет басшысы Швейцария Президентімен әңгімеде, осыған дейін Ф.-В.Штайн-майермен болғандай, украин мәселесін айтарлықтай егжей-тегжейлі талқылады. Оның сыртында неміс министрімен кездесуде айтылған украин дағдарысын реттеу жөніндегі іс-қимылдардың қадамдық жоспары туралы өз ойын жетілдіре отырып, Н.Ә.Назарбаев Д.Буркхальтермен әңгімеде келесі формуланы ұсынды деп ойлаймын: «Ресейдің айтқандарын, Украинаның айтқандарын, Еуропаның айтқандарын жайып сала отырып, бәтуалар іздестіруді бастау қажет».

Өзімнің одан кейінгі оқиғалардың куәгері болғанымды ескере отырып, 2014 жылдың желтоқсаны мен 2015 жылдың қаңтарында Франция, Украина, Ресей президенттерімен және Германия канцлерімен келіссөздердің екінші раунды өткен кезде Мемлекет басшысының бәтуалар іздестірудің дәл осы формуласын өзіне қару етіп алғанын сенімді түрде айта аламын. Қазақстан Президенті украин дағдарысына тартылған тараптардың бүкіл ұсыныстары мен талаптарын бір папкаға жинағанда, ең жоғары деңгейде жаңа келіссөздер шақыру қажеттігін дәлелдейтін жалпы картина көрініс берді. Нәтижесінде Минск-2 кездесуі өтті.



Беларусь, Қазақстан, Ресей (Кеден одағына қатысушы елдер), Украина президенттері мен Еуропалық одақ басшылығының кездесуі, 2014 жылдың 26 тамызы.



Украинаның жаңадан сайланған Президенті Петр Порошенкомен алғашқы екіжақты кездесу,
Минск, 2014 жылдың 26 тамызы.



Ресей Президенті Владимир Путин мен Украина Президенті Петр Порошенконың қол алысуы, Минск, 2014 жылдың 26 тамызы.



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев және Еуропалық комиссия төрағасы Ж.М.Баррозу ҚР мен ЕО арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы Келісімнің жобасы бойынша келіссөздердің аяқталғаны туралы хаттамаға қол қойғаннан кейін, Брюссель, 2014 жылдың 9 қазаны.



Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысында, Минск, 2014 жылдың 10 қазаны.



«Азия-Еуропа» форумы, Милан, 2014 жылдың 16-17 қазаны.
Қазақстан орталықазиялық елдер ішінде алғашқы болып аталған беделді форумның
толық құқылы мүшесі болды.



Еуропалық Кеңестің төрағасы, Италия Республикасының Премьер-министрі Маттео Ренцимен кездесу, Милан, 2014 жылдың 17 қазаны.



Германия федералдық Канцлері Ангела Меркельмен келіссөздер, Милан, 2014 жылдың 16 қазаны.



Ұлыбритания Премьер-министрі Дэвид Кэмеронмен әңгіме, Милан, 2014 жылдың 17 қазаны.



Германия федералдық сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайермен кездесу, Астана, Ақорда, 2014 жылдың 10 қазаны.



Швейцария Конфедерациясының Президенті, ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы Дидье Бурхальтермен кездесу, Астана, Ақорда, 2014 жылдың 20 қарашасы.



Француз Республикасының Президенті Франсуа Олландпен келіссөздер, Астана, Ақорда, 2014 жылдың 5 желтоқсаны.



Украина Президенті Петр Порошенкомен кеңейтілген құрамдағы келіссөздер, Киев, 2014 жылдың 22 желтоқсаны.



Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесу, Мәскеу, Кремль,
2014 жылдың 22 желтоқсаны.



Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев пен ГФР Канцлері А.Меркель, Берлин, 2014 жылдың 9 қаңтары.



«Норманд төрттігі» елдері көшбасшыларының кездесуі алдында, Минск, 2015 жылдың 11 ақпаны¹⁰.

¹⁰ Фотосурет РФ Президентінің ресми сайтынан алынды. <http://www.kremlin.ru/events/president/news/47664/photos>

IV. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРААҒАЙЫНДЫҚ РӨЛІ: ҚОЛДАУ МА, ҚАРСЫ БОЛУ МА?

Сөйтіп, 2014 жылдың қазаны мен қарашасы бір-қатар қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Мәселен, кейбір байқаушылардың пікірі бойынша, Еуроодақ елдерінің жетекшілері В.Путин басқаратын Ресей тең дәрежелі әріптес ретінде үнқатысуға әзір деген пайымға келді. Басты рөл әрине, РФ мен ГФР арасындағы үзілмей жалғасып келе жатқан үнқатысуға берілді.

Дағдарысты шешудің жаңа перспективалары еуропалық саясаткерлердің Еуразиялық Экономикалық Одаққа қатысты көзқарастарын өзгертулерінен пайда болды. ЕО – ЕАЭО үнқатысу пішімін қалыптастырудың қажеттігі туралы үндер естіле бастады. Мұның өзі келіссөздер үдерісінің аясын кеңейтуге, сондай-ақ, Батыстың еуразиялық интеграцияға деген күдігін кемітуге мүмкіндік берді.

Ресей қалыптасқан жағдайға сәйкес Украинадағы «өз мүддесін қорғауды» жалғастыра түсті. Мәскеу өздерін өздері жариялаған ДХР мен ЛХР басшылығы мен депутаттарын сайлауды ұйымдастыруға көмек көрсетті және мойындалмаған «халықтық республикалардағы» сайлауларды айыптаған БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мәлімдемесіне тосқауыл қойды. Оның үстіне Ресей Федерациясындағы экономикалық құлдырауларға қарамастан, Ресей халқының басым бөлігі В.Путиннің украин бағытындағы саясатын қолдады.

Мұның сыртында, ресми Киев мойындалмаған ДХР мен ЛХР алдында қандай да бір болсын шегінушілікке жол бергісі келмеді және елдің оңтүстік-шығысындағы қарсылықты күшпен басуды жақтады. Киев пен мойындалмаған ДХР мен ЛХР арасындағы көзқарас айырмашылығы, олардың Минск келісімін, Донбасқа экономикалық тосқауылды әртүрлі түсіндірулері және басқа да ішкі және сыртқы факторлар Украинаның оңтүстік-шығысындағы жағдайға ықпал етті, кикілжіңнің шиеленісуіне және антитеррорлық операциялық күштер мен ерікті жасақтар арасындағы қатыгез қарсылыққа алып келді.

Шиеленіскен жағдайдан шығудың жолын ешкім білмеді. Қантөгісті тоқтату үшін келіссөздердің қажет екендігін барлығы да түсінді, бірақ онда не ұсыну қажеттігін білмеді. Оның үстіне, біреудің бастамашылдықты қолына алуы қажет болды.

Өйткені, кикілжіңге тартылған тараптардың барлығы бір-бірімен сөйлеспеді немесе келіссөздер кезінде бірін-бірі «естігісі» келмеді.

Міне, нақ осы кезеңде Қазақстан Президентіне украин дағдарысын реттеудегі араағайын – бейбіт келіссөздердің бастамашысы болу жөнінде өтініштер түсе бастады. Бұл жөнінде Миландағы «Азия – Еуропа» саммиті форумы аясындағы кездесулерде де айтылды, бұл жайында Ф.-В.Штайнмайер де, Д.Буркхальтер де сөз қозғады.

2014 жылдың 7 қазаны күні Астанаға Украинаның экс-президенті Л.Кучма өз бастамашылдығымен бір ғана мақсат бойынша – Қазақстан Президентімен кездесу мақсатында келді. Оны Мемлекет басшысы қабылдады. Кездесу негізінен жабық есік жағдайында өтті. Кездесу барысында Украинадағы оқиғаға байланысты пікір алмасулар болғандығы кейіннен маған мәлім болды. Л.Кучма Н.Ә.Назарбаевтан 2014 жылдың тамызында Минскіде болғанындай, араағайындыққа жүру, бейбіт келіссөздерді қайта жалғастыру жөнінде жеке өтініш жасапты.

Өкінішке орай, қазанда да, қарашада да жанжалды бейбіт арнаға көшіру үшін белсенді, одан да маңыздырағы, нәтижелі келіссөздер жүргізуге деген ұмтылыс байқала қоймады. Осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев желтоқсанның басында-ақ бұл бағытта бірқатар әрекет жасап көрді. Назарға Н.Ә.Назарбаевтың кезінде Ф.-В.Штайнмайерге және Д.Буркхальтерге ұсынған формуласы, атап

айтқанда – таласқа тартылған тараптардың барлық талаптары мен тілектерін жинақтап, оларды салыстыру және осының негізінде украин дағдарысын шешудің азды-көпті нәтиже беретіндей жоспарын әзірлеу жөніндегі формуласы алынды.

Бұл бағыттағы бірінші қадам Ресей көзқарасын талдау болды. Ресейлік әріптестермен тұрақты түрде жұмыс істей отырып, біз Владимир Путиннің бірқатар өзіндік ерекшеліктеріне бірнеше рет көз жеткіздік. РФ Президенті – логикалық ойлауға бейім тұратын прагматик және интеллектуал, сыпайы және біртоға, Ресей мүдделерін қорғауда тұрақты, бірақ берік. Ой қисындылығы мен ұстамдылық оған көптеген дағдарысты жағдайлардан шығуға көмектеседі. Соңғы 15 жылда В.Путиннің көшбасшылық қасиетінің арқасында Ресей тұрақты дамуға ие болды.

Тұтастай алғанда, бізді Ресеймен стратегиялық әріптестік пен одақтасуға негізделген тату көршілік қатынастар байланыстырады. Барлық деңгейлерде, ең алдымен президенттер Н.Назарбаев пен В.Путиннің арасында сенімді қарым-қатынастар жалғасуда. Нақ осы екі мемлекет басшыларының достық қарым-қатынастары болашақта Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын табысты дамытудың айқын даушы факторы болып табылады.

Осыған байланысты, украин дағдарысы жөніндегі ресейлік көзқарасты түсіну үшін мен өзімнің әріптесім, РФ Президенті көмекшісімен Украинадағы жағдайды бүге-шігесіне жеткізе талқыладым. Сондықтан

украиндық дағдарысты реттеудің мүмкін болар жолын көрудегі ресейлік көзқарасты қалыптастыру мен талдауға қажетті ақпараттар жеткілікті еді.

Осы бағытта жүргізілген әңгімелерді егжей-тегжейлі баяндамай-ақ, оның негізгі түйіндерімен оқырмандарды таныстыра кетейін.

Ресей тарапы 2014 жылғы қараша-желтоқсандағы жағдай бойынша ең өткір мәселелердің бірі ретінде Донбассты экономикалық оқшаулауды жоюды және зейнетақылар мен жалақыларды, басқа да әлеуметтік төлемдерді жалғастыруды, өңірдің Украинаның басқа облыстармен саудасын қалпына келтіруді белгіледі. Сондай-ақ, Донецк мен Луганск облыстарының жекелеген аудандарындағы жергілікті өзін өзі басқарудың ерекше тәртібі туралы заңды (Ерекше мәртебе туралы заң) іске қосу қажеттігіне де назар аударылды.

Оқырман Ерекше мәртебе туралы заңның 2014 жылдың қараша айының ортасында күші жойылғандығын біледі. Оның үстіне, бұрынғы редакциясы бойынша ол ендігі жерде маңызды да емес еді. Өйткені, біріншіден, Донецк мен Луганск облыстарының Ерекше мәртебе туралы заң әрекет ететін жекелеген аудандарының шекарасы белгіленбеген еді. Ресей тарапының пікірі бойынша, 2014 жылдың желтоқсанында бұл шешімнің негізіне 2014 жылдың 19 қыркүйегіндегі Минск меморандумы белгілеген шекараларды алуға ғана болатын. Екіншіден, жергілікті басқару органдарындағы

жаңа сайлауды мойындау немесе оларды өткізуді түсініп алу да қажет еді. Үшіншіден, экономикалық оқшаулаудың енгізілуіне байланысты, Донбасс үшін ерекше экономикалық режим туралы мәселені де ойластыруға болар еді.

Әрине, 2014 жылғы 19 қыркүйектегі Минск меморандумына сәйкес атысты тоқтату және әскери техникаларды алып кету бөлекше маңызға ие болды. ЕҚЫҰ жанжал белдеуінде мониторингтік миссиясын жалғастыра беруі тиісті еді. Украина ІЖӨ-сінің 25 пайызына дейін қамтамасыз етіп келген Донбассты экономикалық тұрғыдан қайта қалпына келтіруге кірісу де өте маңызды. Мұндай жағдайда Ресейді украин дағдарысын реттеуге белсенді түрде тартудың міндетті шарттарының бірі Украинаның блоктардан тыс тұрған мәртебесі туралы мәселе болып табылды.

Украин дағдарысын реттеудің мүмкін болатын ресейлік көзқарас шарттарының осындай алдын ала талдау нәтижелерімен біздің Мемлекетіміздің басшысы 2014 жылдың 5-6 желтоқсанында Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапармен келген Француз Республикасының Президенті Франсуа Олландпен кездесті.

Мәнісінде, Н.Ә.Назарбаев еуропалық ірі елдердің бірінің жетекшісімен қазақстандық-француздық стратегиялық-әріптестік мәселелерін талқылау жөнінде ғана емес, сонымен қатар, әлемдік деңгейдегі саясаткер ретінде жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті

нығайтудың болашағы жөнінде де пікір алмасуға дайын еді. Ал бұл мәселеде украин дағдарысы ерекше рөлге ие болғандығы белгілі. Кездесу барысында, екі президент сауда-экономикалық, инвестициялық, мұнай-газ, ғарыш салаларындағы, сондай-ақ, теміржол, машина жасау салаларындағы екіжақты ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін талқылады. Мемлекеттер басшылары халықаралық өмірдің күн тәртібінде тұрған неғұрлым өткір мәселелер жөнінде пікірлер алмасты.

Ф.Олландтың Қазақстанға сапары кең ауқымды болды. Жеке және кеңейтілген құрам бойынша келіссөздер жүргізілді. Екіжақты шарттар мен келісімдердің үлкен топтамасына қол қойылды. Екі мемлекет басшыларының қатысуымен Астанада жоғары оқу орындарының V форумы өтті. Ал Алматыда Орталық Азияда бірінші болып Сорбонна университетінің филиалы ашылды.

Француз президентімен бірге құрамында министрлер, парламентшілер, кәсіпорындар директорлары мен университет ректорлары бар салмақты делегация келді. Франция Президентінің кеңейтілген құрамдағы кездесуде түсінік бере кеткеніндей: «Мұның барлығы – Орталық Азиядағы ірі экономикасы бар Қазақстанмен ынтымақтастыққа Францияның барынша ынта танытатындығының белгісі. Сіздің еліңіз экономикалық даму жөніндегі мақсаттарды өмірде барынша табысты жүзеге асырып қана қойған жоқ, сонымен қатар, ол маңызды

саяси және дипломатиялық рөл ойнайды. Мұның өзі барлық көршілермен тең жағдайда үнқатысу және ірі саяси оқиғаларға ықпал ету мүмкіндігін береді».

Егер кеңейтілген құрамдағы кездесулерде екіжақты ынтымақтастық мәселелеріне мән берілсе, жеке, тар шеңбердегі кездесулердің маңызды тақырыптарының бірі Украинадағы дағдарыс мәселесі болды.

Екі көшбасшының украин тақырыбындағы әңгімелесулері өзара сенім жағдайында өтті. Екі президент те жанжалды тек қана бейбіт жолмен реттеуге деген ынталарын білдірді. Келіссөздер қаншалықты жемісті болғандығын кездесулер қорытындысы бойынша бірлескен баспасөз мәслихатындағы мәлімдемелері дәлелдейді. Бұл мәлімдеме бірден сенсацияға айналып, әлемдік БАҚ-тарда кеңінен талқыланды.

Мәселен, Қазақстан Президенті украин дағдарысын реттеу мәселелері бойынша екі елдің де бірдей көзқараста екендігін атап көрсетті. «Біз халықаралық саяси ахуалды нашарлатып, тек Еуропа мен Азияның ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемнің экономикасына теріс әсер етіп отырған бұл дағдарысты еңсеру үшін түйісу нүктесінің табылғанын қалаймыз. Қазақстан оған қажетті күш-жігер жұмсауға өзін және Франция Президенті де бізге бұл мәселеде қолдау білдіріп отыр», деді.

Н.Ә.Назарбаев Украинадағы оқиғаларға байланысты жағдай «көпқатпарлы» болып табылатындығын, сондықтан оны неғұрлым кең тұрғыда қарау қажеттігін қосып айтты: «Халықаралық құқық

нормалары бұзылды, ірі мемлекеттер басшылары арасындағы сенімге селкеу түсті. Дағдарыстың шексіз жалғаса бермейтіндігін, кез келген соғыстың өзінің, ерте ме кеш пе, бейбітшілікпен аяқталатындығын да түсінуге тиістіміз. Сондықтан қатаң түрде бірін-бірі бұрышқа қуып тығу ең жақсы жол болып табылмайды. Біз Франция Президентімен ымыраға келудің және қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын іздестірудің қажеттігі туралы қорытынды жасадық», деді.

Франция Президенті екі елдің стратегиялық әріптестігінің түйінді бағыттарының бірі саяси және дипломатиялық ынтымақтастық екендігін атап көрсетті. «Қазақстан Орталық Азияда жетекші рөл ойнайды, әртүрлі бастамашылдық жасау мүмкіндігі бар. Франция сіздермен көптеген бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс жүргізуге әзір. Біздің бәріміз Украинадағы оқиғаларға байланысты туындаған шиеленістерге мазасыздықпен қарап отырмыз, мұның бүкіл өңір үшін экономикалық салдарлары болуы әбден мүмкін. Сондықтан бұл тығырықтан шығудың жолын іздеу қажет. Олар Минск хаттамасы аясына, яғни аумақтық тұтастық, атысты тоқтату және Украинаның шығыс өңірлерін орталықсыздандыру қағидаттарына сай келуі керек», – деді Ф.Олланд.

Ол, сондай-ақ, Қазақстанның ЕАЭО-ға мүшелігі оның Еуропалық Одақ елдерімен қарым-қатынасын қиындатпайтындығына назар аудартты. «Қазақстан 2015 жылдан жұмыс істей бастайтын Еуразиялық экономикалық одақтан ешқандай бір бас тартпауы

тиіс. Бұл одан әрі экономикалық және саяси даму үшін барлық қажетті қадамдарды қабылдайтын тепе-теңдік мәселесі. Сондықтан мен Қазақстан Президентінің елді дамыту және оның еуропалық әріптестермен қарым-қатынасы жөніндегі барлық бастамаларын жан-жақты қолдаймын. Мен Қазақстанның мұнан әрі де ЭЫДҰ және ДСҰ-ға жақындаса түсуін қалар едім», – деп атап көрсетті Франция Президенті.

Әлемдік БАҚ назарын Қазақстан Президентінің украин дағдарысын реттеудегі баяндалған пікірі ерекше аударды: «Мен ешкімнің де, соның ішінде Путиннің де адвокаты болғым келмейді, бірақ менің объективті талдауларым Украинадан кейін дәл сондай «көктемді» Ресейде ұйымдастыру ниетінің жүзеге аспағандығын, оның «Қырым көктемімен» аяқталғандығын көрсетеді. Ресейдің қуатын дұрыс бағаламауға болмайды. Ол – аумағы жөнінен ең үлкен және ең бай ел», деген еді Н.Ә.Назарбаев.

Ресейлік сарапшылар пікірі бойынша, Мәскеу Ресейге саяси қысымды тоқтату жөніндегі Қазақстан Президентінің мәлімдемесін ықыласпен қабылдауы және бағалауы тиіс. Сондай-ақ, Қазақстан басшысының мына сөздерін де еске сала кеткен жөн болар: «...Ресей әлемдік экономикаға сондай бір берік интеграциялана қойған жоқ, демек, ондағы жағдайдың бұдан әрі құлдырауы болмауы да мүмкін... Санкциялардан олар, әрине, кірістерді жоғалтады, бірақ газ, мұнай және басқа да қалғандары Ресейде қала береді».

Ресей сарапшыларының түсініктемелерінің бірі мынадай: «Кремльде қазақстандық бітімгершілік күш-жігерге қарсылық болмайды. Беларусь секілді Қазақстан да байланыстырушы мемлекет ретінде Ресейге әбден дәл келеді. Мәскеу Астанамен жақсы қарым-қатынаста, ал Нұрсұлтан Назарбаевтың өз сөзіне берік адам ретінде беделі бар»¹¹.

Әрине, Н.Ә.Назарбаев пен Ф.Олландтың уағдаластықтарының бәрі бірдей баспасөзде жарияланған жоқ, өйткені олар таза жұмыс сипатында болған еді. Мәселен, Мемлекет басшысы әңгімелесу барысында, француз президентін украиндық дағдарысты реттеу жолдарының ресейлік көзқарасымен де таныстырды. Олар Франциядан келген мейманды өте қызықтырды. Тіпті, олар Ф.Олландты Ресей Президенті В.Путинмен неғұрлым белсенді сұхбат құруды бастауға түбегейлі иландырды деуге де болады. Бұл туралы кейінірек баяндалады.

Мұнан кейін Ф.Олландтың өз кеңесшісі Ф.Пенонға Францияның да осы тектес көзқарасын – яғни француз тарапының пікірі бойынша украин дағдарысын шешу үшін қажетті қадамдарды «қағазға түсіруге» тапсырма беруінің өзі есте қалды. Осыған сәйкес маған осы құжатты әзірлеу үшін барлық жағдайды жасауға тапсырма берілді.

Мемлекет басшыларының бұл тапсырмасын мен және менің француздық әріптесім жедел орындап

¹¹ Геворг Мирзоян. «Олландтың араағайындық картасы». «Expert Online». 05/12/2014. www.expert.ru/2014/12/5/posrednicheskaya-karta-ollanda/

шықтық және біз әзірлеген қағаз Ф.Олландтың мақұлдауына ие болып, Н.Ә.Назарбаев қалыптастырған «толық картинаны бейнелеу» және жанжалды реттеу жөніндегі қадам-қадамымен атқарылатын іс-әрекеттердің нақты жоспарын әзірлеу үшін дайындалған ұсыныстар мен талаптар папкасын толықтырды.

Ресей көзқарасы секілді француз ұсыныстарын да мен бүге-шігесіне дейін баяндай алмаймын, алайда, олардың негізгі мазмұнымен таныстыра кетейін.

Бүтіндей алғанда, француздық ұсыныс украин дағдарысын шешу үшін мүмкін шарт ретінде Украинаның аумақтық тұтастығын; жанжал белдеуін демилитарландыруды; Украинаның оңтүстік-шығысында зейнетақылар мен жалақыларды, барлық төлемдерді төлеуді қайтадан жалғастыруды; сепаратистерді қолдауды тоқтатуды және Украина құрамындағы Донбасстың автономия мәселелеріне мән беруді; Украинаны экономикалық қайта қалпына келтіруге арнаулы көмек қорын құруды қарастырады.

Француз тарапынан украин дағдарысы жағдайында Украинаның НАТО мен Еуроодаққа қосылуын белсенді талқылауды тоқтата тұрудың (ең жоқ дегенде таяудағы уақыттар ішінде) жөн екендігі туралы түсіністік көрсетілді. Сондай-ақ, Франция Президентін ресейлік газды Еуропаға, соның ішінде Украина арқылы жеткізу кепілдігі қызықтырды.

Сонымен, Ресейдің болуы мүмкін көзқарасы жөніндегі біздің қорытындыларымыз бен француздық

ұсыныстар ұқсас болып шықты. Менің көзқарасым бойынша бұл жағдай Ф.Олландты өзінің елге қайту сапарында Мәскеуде аялдап, Ресей Президенті Путинмен кездесудің қажеттігіне иландырды. Оның бастапқы жоспарында мұндай шара қарастырылмаған еді. Бұл Астанадағы кездесудің тағы бір нақты нәтижесінің көрінісі болып табылады.

Кейіннен француздық Le Figaro-ның жазғанындай, Ф.Олландтың өзі ресми сапарымен болған Қазақстаннан оралып келе жатқан жолында В.Путинмен кездесу жөніндегі шешімі Украинадағы дағдарысқа байланысты Батыс пен Ресейдің қарым-қатынасының шиеленіскен жағдайында барлығы үшін де күтпеген оқиға болды. Елисей сарайы Ресейге сапар жасауды бұрын да жоспарлаған, бірақ мұны құпия ұстаған еді. Франция президентін «қайратты әрекетті жүзеге асыру» қажеттігіне Владимир Путиннің «антибатыстық» сөздері себеп болды¹².

Басылым француз көшбасшысы В.Путин кездесуге келісуі үшін «Ресей президентін дайындауды» қажет деп шешті және Астанадағы баспасөз мәслихатында қазақстандық әріптесі Н.Назарбаевпен бірге «сөздерді салмақтап алуға» ұмтылды және Украинадағы «жанжалды реттеуге» шақырды дегенді атап көрсеткен. Мақала авторының

¹² Francois-Xavier Bourmaud. «Hollande – Poutine: les dessous d'un coup de theatre diplomatique». Le Figaro. 06/12/2014. <http://www.lefigaro.fr/international/2014/12/06/01003-20141206ARTFIG00107-hollande-poutine-lesdessous-d-un-coup-de-thetre-diplomatique.php>.

пікірі бойынша, Ф.Олланд В.Путинді өзіне қарсы қойғысы келмеген, өйткені мұның «бағасы өте жоғары», бірақ Ресей Президентімен әңгіме құру да оңай емес. «В.Путин бастабында жұмсақ, сонан кейін тұтқиыл бола алады, бірақ ол ешуақытта біркелкі болған емес», – деп жазды Le Figaro журналисі Ф.Олландтың маңайындағы ақпарат көздеріне сүйеніп отырып.

Бұл тұрғыдан қарағанда Ф.Олландтың Астанада Назарбаевпен бірлескен баспасөз мәслихатында жасаған мәлімдемесі қызықты бола түседі: «Ең алдымен сөзбен сайысуды азайтуға қол жеткізу қажет. Содан кейін сөз сайысты азайту украин аумағындағы нақты іс-қимылдарға ауысуы керек... Біз сапарларды, тетіктерді, үнқатысу алаңдарын шиеленісті төмендетуге қол жеткізу үшін пайдалануға келістік. Мұның өзі Украинаның аумақтық тұтастығын сақтауға, Украинаның шығыс өңірлеріне белгілі бір автономиялық сипат беруді кепілдендіруге, украиндық экономика осы қиын жағдайдан шыға бастайтындай жағдайға қол жеткізуге және сонымен бірге атысты тоқтату туралы келісімді сақтауға мүмкіндік берген болар еді».

Le Figaro-ның атап көрсеткеніндей, Франция президенті «өте сақ көрінуден сақтанып, үнқатысудың тым жұқарып бара жатқан жібін ұстап қалуға» ұмтылыс танытты. Оған бұл істе Н.Ә.Назарбаев ықпал етті. «Өзінің ресейлік әріптесін өте жақсы бі-

летін» Қазақстан Президенті Олландтың Путинмен кездесуін ұйымдастыруға көмектесті¹³.

Басылымның бұл сөзінде толық шындық бар. Н.Ә.Назарбаевтың Ф.Олландпен келіссөздер қорытындысы туралы В.Путинді хабарландыруы және француздық президентпен кездесу мүмкіндігі туралы келісуі үшін телефонмен сөйлесуін ұйымдастыруды қалай жүзеге асырғанымыз менің толықтай есімде. Ресей Президентінің шаруасының тым көптігіне байланысты бұл мәселе күрделене түскен еді. Ал Мемлекет басшысы француздық мейманмен үнемі бірге болып, қонақжайлық ықылас танытты және бірлескен іс-шараларға қатысып отырды.

Барлық қиындықтарға қарамастан маған және менің ресейлік әріптесім, РФ Президентінің көмекшісі Ю.Ушаковқа президенттердің жұмыс кестесінен олардың телефонмен сөйлесуін ұйымдастыру үшін бірнеше минут уақыт табудың сәті түсті. Біздің тап болған барлық қиындықтарымызды түсіну үшін Н.Ә.Назарбаевтың В.Путинмен Астанадан ұшып келген бетте Алматы әуежайында телефонмен сөйлескендігін, ал мұнан кейін бес минут өткен соң, Алматыға ұшып келген Ф.Олландты қарсы алғандығын, келесі күні олардың Сорбонна уни-

¹³ Francois-Xavier Bourmaud. «Hollande – Poutine: les dessous d'un coup de theatre diplomatique». Le Figaro. 06/12/2014. <http://www.lefigaro.fr/international/2014/12/06/01003-20141206ARTFIG00107-hollande-poutine-lesdessous-d-un-coup-de-thetre-diplomatique.php>.

верситетінің филиалын ашуға қатысқандығын еске салсақ, жетіп жатыр.

Алматыға келген бойда, мемлекет басшылары бірігіп кешкі ас ішті. Онда тек президенттердің өздері ғана, сондай-ақ мен және менің француздық әріптесім Ф.Пенон болды. Кешкі астағы әңгіме сенімді достық жағдайында өрбіді. Ф.Олланд маған өзіне адамдарды тарта алатын ізетті адам ретінде көрінді. Оның байыпты әдебі біздің Президентке де ұнады. Осындай жағдайда мемлекет басшылары Украинадағы оқиғаларды неғұрлым тереңірек талқылай алды. Н.Ә.Назарбаев Ф.Олландты В.Путинмен сөйлесіп үлгергендігі және Франция Президентін қабылдауға әзір екендігі туралы хабарландырды. Оның үстіне біздің Мемлекетіміздің басшысы француздық мейманды Мәскеудегі кездесудің қажеттігіне түбегейлі иландырды. Өйткені, мұның өзі еуропалық-ресейлік үнқатысуды қайта қалпына келтіру үшін және украиндық дағдарысты реттеуді алға жылжыту үшін маңызды еді.

Бұл жайында ақырғы шешім қабылданысымен екі президент маған В.Путиннің көмекшісі Ю.Ушаковпен және француздық әріптес Ф.Пенонмен арасында байланысты ұйымдастыру жөнінде тапсырма берді. Мен сол арада өз телефонымнан қажетті нөмірді алып, Ф.Олландтың көмекшісіне тұтқаны ұсындым. Олар техникалық детальдарды: Мәскеуге келу уақытын, кездесу орнын, қатысушылар құрамын және басқа да мәселелерді ойластыра бастады.

Қазір енді бұл өткен кезең, бірақ сол кештің кернеу қуаты менің әлі күнге дейін есімде. Бәрі де

аяқастынан болды. Біздің Мемлекетіміз басшысының ойына және оның Ф.Олландпен уағдаластықтарының барысына үлгеру үшін әрбір сәтке сақадай сай тұру қажет болды.

Сәл кейін, сол күні (5 желтоқсан) кешкі астан соң Франция президенті Ф.Олланд ГФР Канцлері А.Меркельге «осы бастамашылдықпен оны хабарландыру үшін» телефон шалды.

Сөйтіп, Қазақстан француз және ресейлік әріптестермен бірге бірден «сөзден іске көшті», көп ұзамай әлемдік ақпараттық агенттіктері таспаларында «найзағай» ойнап сала берді – В.Путин мен Ф.Олланд Мәскеуде жоспарланбаған кездесу өткізеді. Сонан кейін бірден Ф.Олландтың Қазақстаннан Парижге қайтып келе жатып, Мәскеуге аялдағаны атап көрсетіліп жатты. Шетелдік БАҚ-тардың жазғанындай, бұл келіссөз бұрын жоспарланбаған, төтенше сапар туралы соңғы тәуліктерде ғана шешім қабылданған.

Астана мен Мәскеуде болып өткен оқиғаға түсініктеме жасаған белгілі саясаттанушы, Ресей Федерациясы Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының халықаралық бағдарламалар жөніндегі директоры Ю.Солозобов төмендегідей баға берді: «Нұрсұлтан Назарбаев өзінің әлемдік саясат гроссмейстері деген атағын тағы да дәлелдеді. Ресей мен батыстың қарым-қатынасындағы сын сәтте Қазақстан Президенті Ф.Олландтың Астанадағы сапары кезінде таңғалдырарлық жүріс жасады – Ресей мен Франция басшыларының жоспарланбаған

кездесуін мүмкін етті және Ресей – Еуроодақ үн-қатысуының басталуын қамтамасыз етті»¹⁴.

Сарапшының пікірі бойынша, «осымен қазақстандық көшбасшы РФ мен Еуропа арасындағы ұзаққа созылмақ жанжалдың алдын алды және еуропалық саясатты сындарлы ойлау рельсіне қайта қондырды. Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ, батыстық саясаткерлер назарын санкциялар тығырығынан шығудың шынайы жолы ретіндегі В.Путинмен тұрақты үнқатысу қалыбына түсірді. Халықаралық шиеленістегі жаңа «бәсеңсу» Еуразиялық экономикалық одақтың белсенді мүшесі ретіндегі Қазақстанның өз ішінде тиімді. Бұл қардам Қазақстан Республикасының және оның көшбасшысының әлемдік беделін нығайтуға да қызмет етпек».

Франция мен Ресей президенттері 2014 жылдың 6 желтоқсанында Мәскеу уақыты бойынша 16.30-да Внуково әуежайында кездесті. Украинадан Таяу Шығысқа дейінгі, «Мистральдарды» жеткізуден бастап Еуропа мен Ресей арасындағы тайталасуларды тоқтатуға дейінгі проблемалардың кең ауқымы бойынша әңгіме қозғалды.

«Кездесуді аша отырып, француз президенті шиеленістің басты ошағы – Украинадағы жағдайды талқылауды бірден ұсынды. Владимир Путин жауап ретінде Украинаның аумақтық тұтастығы туралы

¹⁴ Ю.Солобовов. «Гроссмейстерский ход Нурсултана Назарбаева». Сараптамалық бағалау. Ақпараттық-талдамалық орталық. 07/12/2014. www.ia-centr.ru/expert/19707/

және оңтүстік-шығыстағы бітімге келуді қамтамасыз етудің қажеттігі туралы бірқатар маңызды мәлімдемелер жасады. Мұнан кейін Ф.Олландтың Ресейдің Батыс елдерімен өзара қарым-қатынасы ашықтық қағидаттарына құрылуы қажеттігі туралы қызықты бастамалары өріс алды. «Бізді жаңа қабырғалардың бөлуіне жол бермеу қажет деп ойлаймын. Бізге шешімді бірлесіп іздеуге тура келеді», деді француз Президенті. В.Путин өз кезегінде француздық әріптесінің сапары көптеген халықаралық проблемаларды шешуге көмектесетіндігіне сенім білдірді», – деген түсініктеме жасады Ю.Солозобов.

Француздық талдаушылар да Ф.Олландтың Путинмен кездесу жөніндегі шешімін өте жағымды бағалады. «2014 жылдың соңындағы маңызды іске айналған орыс мәселесі қазіргі күні шешілу үстіндегі күн тәртібіндегі мәселелердің ортасында тұр. Бұл жерде сөз Украинадағы атысты таяу уақыттың өзінде орнықты тоқтату, еуропалық континенттің тұрақтылығы, Ресей және Еуропа экономикаларын әлсіреткен санкцияларды алып тастау, қайтадан қаршығадай түйіле қарайтындардың билігі белең ала бастаған Конгресс алдындағы Барак Обаманың ішкі жағдайы туралы болып отыр... Сөз, сондай-ақ, орта мерзімдік перспективада Ресейді еуропалық блокқа шеберлікпен әкеліп қосу, Иранның ядролық құжаттары бойынша келісімдер туралы да болып отыр. Біз қазіргі күні шешуші маңызы бар геосаяси

жолдардың қиылысында тұрмыз», – деп жазды француздық «La Tribune» басылымы.

Айтпақшы, «La Tribune» басылымының атап көрсеткеніндей, «бұл өткір мәселелердің үлкен бөлігінің Франция мен Еуропаға тікелей қатысы бар және тіпті олар үшін қатер төндіреді. Президент Ф.Олланд мұны жақсы түсінді және Қазақстаннан қайтып келе жатып, Мәскеуге қону жөнінде шешім қабылдаған кезде мұны өте дұрыс жасады». Оның үстіне, басылым француз президентін одан да белсенді әрекеттер жасауға шақырды. «Біздің дипломатиямызға алдағы уақытта да сақтықты барынша сақтау қажет болса да, әлсіз шындық пен күшті қатердің геосаяси күрделі жағдайында Еуропа мен Ресей арасындағы тұрақты сенімді қайта қалпына келтіргеннен басқа біздің алдымызда басқадай бір таңдау да жоқ. Франция алдында тарихи мүмкіндік ашылып келеді, ал Ф.Олланд-дипломат өзінің еуропалық жетекшілігін білдіруде тағы бір қолайлы сәтке және өзінің дипломатиялық көзқарасының легитимділігіне ие болып отыр. Бірақ бұл жерде өте тез қимылдау керек, президент мырза!», – деп атап көрсетті басылым¹⁵.

Олландпен кездескеннен кейін РФ Президенті В.Путин журналистерге Ресей мен Франция Украи-

¹⁵ Jean-Christophe Gallien. «Francois Hollande a eu raison de se poser a Moscou». La Tribune. 10/12/2014. <http://www.latribune.fr/opinions/tribunes/20141210tribf976d5477/francois-hollande-a-eu-raison-de-se-poser-a-moscou.html>.

надағы қантөгісті тез арада тоқтату жағында екендігін хабарлады: «Ол жердегі жағдай қайғылы: біз әлі күнге дейін адамдардың қазаға ұшырап жатқандығын көріп отырмыз, бірақ мен атысты тоқтатуға байланысты таяудағы уақыттың ішінде түбегейлі шешім қабылданатындығына өте үміттімін», – деді. В.Путин сондай-ақ, екі жақтан да барлық «минскілік келісімдердің» барлығы бірдей орындалмай отырғандығын атап көрсетті; алайда, қазір жағдайдың оңалатындығына үміттің бар екендігін жеткізді. Сонымен қатар, Ресей президенті Киевті оңтүстік-шығысты, атап айтқанда Донецк мен Луганскіні оқшаулаудың кез келген белгілерін жоюға шақырды. Оның айтуынша, кездесу кезінде Донбасс пен Украинаның қалған бөлігі арасында шаруашылық байланыстарын қайта қалпына келтірудің қажеттілігі туралы әңгіме қозғалған болатын. «Бұл аумақтың екі бөлігі де бір-біріне қажет», – деді В.Путин. Ол таяудағы уақыт ішінде атысты тоқтату туралы түбегейлі шешімнің қабылданатындығына, сондай-ақ, тұтқындағыларды айырбастау жөнінде қосымша қадамдар жасалатындығына үміт білдірді.

Ф.Олланд өз кезегінде осы кездесуден кейін «украиндық дағдарысты ретке келтіру үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажеттігін» мәлімдеді. «Президент Путинмен бірге біз жанжалды одан әрі ушықтырмауға қол жеткізу жолдарын қарастырамыз. Біз бүгін осылай істеуге болады деп есептейміз. Бұл үшін біздің қолымызда бар құ-

рал – бұл минскілік уағдаластықтарды сақтау. Нақ Франция Германиямен бірге Нормандиядағы саммитте бұл үдерістің бастамашыларының біріне айналғандығын еске саламын», – деп қосты француз президенті.

Мәскеуден қайтар жолдағы президенттік ұшақ үстінде Ф.Олланд «минскілік келісімдер сақталатын болғанда, біз дағдарысты шешу жағына бет аламыз», – деп айтты. Ол В.Путинмен кездесу «дер кезінде және пайдалы» болғандығын атап көрсетті. «Ол қажетті сәтінде, жақсы жағдайда өтті және нәтижесі жуықтағы күндері көрінеді», – деп атап көрсетті Франция Президенті.

«Le Figaro»-ның ұшақ ішіндегі оқиғаны суреттегеніндей, Ф.Олландқа ұшып келе жатқанда: «Петр Порошенко сізбенен байланысқа шыққысы келеді», – деген қағаз тапсырылды. Француз жетекшісі әу баста бірнеше минут бойы өз кеңесшілерімен ақылдасты. Ақырында, П.Порошенкомен байланыс орнатылды. Франция Президенті украиндық президентке Мәскеудегі кездесу қалай өткендігін егжей-тегжейлі айтып берді. Телефонмен сөйлесу барысында, «әңгімелесуші тараптар минскілік уағдаластықтарды орындау қажеттігімен, соның ішінде Донецк мен Луганск облыстарындағы гуманитарлық проблемаларды шұғыл шешу қажеттігімен келісті». Басылымның пікірі бойынша, Ф.Олланд «жаңа ғана ол өзіне ішкі саясатта да саяси ұпай әкелетін

сәтті дипломатиялық жүріс жасағандығына» риза болды¹⁶.

Бітімге келу және атысты тоқтату үрдісі Украинаның өзінде де қатар байқалғандығы көңіл аудартты. Атап айтқанда, 2014 жылдың 4 желтоқсанында Украина Президенті П.Порошенко күштеу мекемелері басшыларының отырысында минскілік уағдаластықтарды орындауды қамтамасыз етуге тиісті шараларды ұсынды. «Тыныштық күні» деп аталатын бұл шара 2014 жылдың 9 желтоқсанында енгізіліп, ол күшіне енген сәтте Донбасста әскери іс-қимылдар толық тоқтатылуы тиіс болды. Ерікті жасақтардың өкілдері өз тараптарынан осының алдында атысты тоқтату туралы қол жеткізілген минскілік келісімдерді бұзбайтындықтарын және тек қана киевтік әскерилер әрекетіне жауап ретінде ғана шектеулі әскери шараларды қолданатындықтарын мәлімдеді.

«Тыныштық күні» жанжалға қатысушы барлық тараптардың келісімі бойынша 2014 жылдың 9 желтоқсанындағы таңғы сағат 10-да басталды. Германия СІМ басшысының мәлімдегеніндей, Украинадағы ең қатерлі әскери іс-қимылдарды еңсерудің сәті түсті, бірақ бұл тек сол сәтте ғана болды.

«Тыныштық режімі» күшіне енген сәттен бастап, Украина шығысынан БҰҰ-ға бейбіт тұрғындардың

¹⁶ Ю.Солобовов. «Гроссмейстерский ход Нурсултана Назарбаева». Сараптамалық бағалау. Ақпараттық-талдамалық орталық. 07/12/2014. www.ia-centr.ru/expert/19707/

қазаға ұшырағандығы туралы бірде-бір хабар түскен жоқ, деп жазылды 12 желтоқсанда жарық көрген БҰҰ Гуманитарлық мәселелерді үйлестіру жөніндегі басқармасының (ГМУБ) есебінде.

Украинаның Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс кеңесінің (ҰҚҚК) өкілдері де Донецк және Луганск облыстарындағыдай күштеу операцияларын өткізу аймақтарында бірте-бірте екі жақты «тыныштық режимінің» орнағандығы байқалды. «Ауыр техникаларды, артиллерияларды және «Град» дүркін оқ ату жүйесін пайдалану фактілері тіркелмеді», деп атап көрсетілді. ҰҚҚК өкілдері елдің шығысындағы украин армиясы «қайта жарақтану мен толықтыру жұмыстарын жалғастыруда» екендігін мәлімдеді.

Ресей өкілдерінің мәлімдемелері бойынша, Украина шығысындағы бітімге келу көп жағдайда нақ Мәскеудің күш салуының арқасында жүзеге асты. ЕҚЫҰ жанындағы РФ-ның тұрақты өкілі А.Келиннің «Коммерсант ФМ» радио стансасына берген сұхбатында «бітімге келу көп жағдайда Ресейдің арқасында мүмкін болды, нақ Ресей офицерлері Луганск мен Донецк республикалары және Украинаның қалған бөлігі арасындағы бұл желіні салу үшін украиндық әскерилермен бірлескен топта жұмыс істеді», деп айтылды.

«Тыныштық күні» Минскідегі байланыс топтарының жаңа келіссөздеріне ұласады деп болжалған болатын, бірақ кездесу уақытын белгілеу созылып кетті, бұл шара кездесудің күн тәртібін және басқа

да жағдайларды келісудің қиындығынан бірнеше рет кейін шегерілді.

Өкінішке орай, жанжал белдеуінде атыс та жалғасып жатты. Ақпараттық кеңістікте украин әскерлері мен ерікті жасақтар өкілдері «тыныштық режімінің» бұзылғандығына қарсы жақтарды айыптаумен болды. Сонымен бірге, ЕҚЫҰ байқаушыларының оқиғаға түсініктеме бергендеріндей, қаруды пайдаланудың азайғандығы байқалды. Олардың сөзі бойынша, жекелеген келісімді бұзушылықтар орын алды, бірақ ЕҚЫҰ байқаушылары «бірнеше апта бұрын болғанындай, жиі атыстарды көрмеген».

Ф.Олланд пен В.Путин бастаған үнқатысуды жалғастыру барысында, «нормандтық пішімде» телефонмен сөйлесу белең алды. Мәселен, 2014 жылдың 17 желтоқсанында В.Путин, А.Меркель, Ф.Олланд және П.Порошенко арасында телефонмен сөйлесулер болды. Тараптар Украинадағы дағдарысты жағдайды талқылауды жалғастырды. Украин жанжалын бейбіт реттеуге ықпал ету жөніндегі халықаралық күш-жігер жұмсау ыңғайында Донбасстағы атысты түбегейлі тоқтатуды қамтамасыз ету қажеттігі атап көрсетілді. Сондай-ақ, минскілік уағдаластықтарды жүзеге асыру мақсатында байланыс топтарының отырысын тез арада өткізудің маңыздылығы аталды. Басымдық берілетін міндеттер қатарында, тұтқындарды алмасу және ауыр әскери қару-жарақтарды түйісу шептерінен алып кетудің маңыздылығы белгіленді.

Осы әңгімелердің қорытындысы бойынша, Украина Президенті П.Порошенко таяудағы күндері байланыс топтарына қатысушылардың бейнеконференциясы болатындығын, содан кейін Минскіде кездесу уақыты белгіленетіндігін хабарлады. Украина мемлекетінің басшысы минскілік консультацияның алдын ала күнін таяудағы жексенбі, 21 желтоқсан деп атады.

Өкінішке орай, 2,5 сағатқа жуық созылған 19 желтоқсандағы бейнеконференцияда бұл мәселеде ілгерілеу байқалмады. Оған қатысушылардың мәлімдеуінше, Украинадағы жағдайды реттеу жөніндегі байланыс тобының кездесу күні мен күн тәртібі келісілмеген. Оның орнына бейнеконференцияда тұтқындарды «барлығына барлығы» формуласы бойынша айырбастау жөнінде келісімге қол жеткізілді. Алайда, айырбастау тетіктері әзірге жасалынбаса да, мұның өзі жанжалды реттеу ісіндегі жекелеген алға басушылық ретінде бағаланды.

«Тұтқынға түскендерді айырбастау тәртібі туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Біздің негізгі мақсатымыз – «барлығына барлығы». Мұны бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес, тәртібін әзірлеу қажет. Осыны қалай ұйымдастыруды нақтылау жөнінде жұмыс істеу үстіндеміз», – деп мәлімдеді бейнеконференция аяқталған соң байланыс тобындағы ЛХР өкілі В.Дейнего. «Тағы да консультациялар өткізу жоспарланды, бұл кезекті скайп-конференция бола ма, жоқ әлде Минскіде кездесуге айнала ма, ол жағы – белгісіз», – деп қосты ол.

Өкінішке орай, тағы да бірқатар іс-әрекеттермен жағдай күрделене түсті. Ол әрекеттердің Кремльдің жүйкесіне тиетіндігі басынан-ақ белгілі еді. Ең алдымен, 2014 жылдың 18 желтоқсанында Украина Президенті П.Порошенконың Жоғарғы Раданың қарауына «Украинаның блоктардан тысқары саясатты жүзеге асырудан бас тартуына қатысты Украинаның кейбір заңдарына өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын енгізіп, бұл заң жобасын депутаттардың кезектен тыс қарастыру үшін белгілегендігін айту керек. Бұл заңды украиндық парламентшілер 2014 жылдың 23 желтоқсанында ратификациялады. Қабылдау үшін 226 дауыс қажет болса, 303 депутат қолдады. 29 желтоқсанда заңға қол қойылды.

Украина ҰҚҚК-ның 2014 жылдың 20 желтоқсанындағы отырысында, П.Порошенко блоктардан тыс мәртебеден дереу бас тартуға шақырған болатын. Ол 2010 жылғы НАТО-ға кіруден бас тартушылықты «Украинаның бұрынғы басшылығының ең үлкен қателігі» деп санайтындығын мәлімдеді. Мұнымен қоса, П.Порошенко қазір сөз Солтүстікатлантикалық альянсқа дереу қосылу туралы емес, НАТО-ға кіретін елдердің стандарттары мен өлшемдеріне көшу туралы болып отырғандығын атап көрсетті.

Украина Президенті Украинаның НАТО-ға кіру немесе кірмеуі туралы шешім бүкілукраиндық референдумда қабылдануы тиіс екендігіне сенім білдірді. «Украинаның НАТО-ға кіруі немесе кірмеуі туралы шешім қабылдау толықтай украин халқының

құзыретіне жатады. Біз кем дегенде 6 жыл бойы елдің Еуроодаққа кіру жөніндегі өлшемдерге, дәл сондай НАТО өлшемдеріне сәйкес келуі үшін күрделі жұмысты жүргізуіміз керек. Міне, сонда ғана украин халқы референдумда кіру немесе кірмеуді айқындау туралы нақты бір мүмкіндіктерге ие болады», – деді П.Порошенко баспасөз мәслихаттарының бірінде.

Оның үстіне 2014 жылдың 18 желтоқсанында Еуропа мен АҚШ санкциялар топтамасын кеңейтті, оған Қырым мен Севастопольге қатысты шектеулерді енгізді. Мәселен, Еуроодақтың шектеу шараларының жаңа топтамасында еуропалық компанияларға, сондай-ақ, ЕО аумағында орналасқан компанияларға Қырымда жылжымайтын мүлік сатып алуға, жергілікті компанияларды осыған қатысты қаржыландыруға немесе оларды сатып алуға, сондай-ақ оларға делдалдық қызметтер көрсетуге тыйым салынды. Мұның сыртында еуропалық тuroпeратopларға Қырым мен Севастопольге баруға туристерді шақыруға, Еуропадан шыққан саяхат кемелеріне тек өте қажет болғаннан басқа жағдайларда Қырым порттарына еруге тыйым салынды. Қырымға немесе қырымдық компанияларға көліктік, телекоммуникациялық және энергетикалық секторларда бірқатар тауарлар мен технологияларды жеткізу де санкцияланды. Мұнай, газ және минералдық ресурстарды барлау мен өндіруге қатысты мәселелер де осыған жатқызылды. Санкциялар енгізілгеннен кейін атап көрсетілген

экономикалық секторларда инфрақұрылымдарды салу мен жобалау, жобалау жөніндегі қызметтерді көрсетуге болмайды, деп жазылған ЕО кеңесінің осы жөніндегі баспасөз парақшасында.

АҚШ Президенті Б.Обама да Қырымға байланысты Ресейге қарсы жаңа санкциялар енгізу туралы жарлыққа қол қойды. «Президент жарлығына сәйкес АҚШ азаматтары мен америкалық компанияларға америкалық тауарларды, технологиялар мен қызметтерді Қырымға экспорттауға тыйым салынады. Түбекті америкалық инвестициялауға және Қырымнан тауарлар мен қызметтерді импорттауға да тыйым салынады. Америкалық компанияларға Қырымнан жылжымайтын мүлік пен бизнес сатып алуға болмайды», – деп хабарланған Ақ үйдің сайтында. АҚШ қаржы министрлігінің ақпараты бойынша Ресей мен Украинаның 24 азаматы, сондай-ақ, бірнеше компаниясы санкцияға іліккен.

Мұның сыртында Канада Ресейге қарсы жаңа санкциялар жариялады. «Канада сыртқы істер министрі Джон Бэрд Украинадағы жағдайға байланысты Ресейге қарсы жаңа санкциялар топтамасының енгізілгендігі туралы хабарлады. Олардың ішінде мұнай және газ өнеркәсібінде қолданылатын технологиялар экспортын қосымша шектеу, сондай-ақ, жаңа дербес санкциялар қолдану қарастырылған», – деп хабарланған. Канаданың қара тізіміне Ресейдің 13 азаматы, Украинаның 7 азаматы қосымша енгізілген.

Міне, осының барлығы бейбіт келіссөздерді үзіп тастау қатерін төндірді. Бірақ та соған қарамастан Қазақстан Президенті бастап берген дағдарыстан шығудың бейбіт жолдарын іздестіру үдерісін тоқтатудың өзі мүмкін болмай қалды. П.Порошенконың біздің Мемлекетіміздің басшысын Украинаға сапармен келуге бірнеше рет шақырғандығын және Н.Ә.Назарбаевтың бұл шақыруды қабыл алуды ұйғарғандығын атап өту керек. Нұрсұлтан Әбішұлының Киевке бару жөніндегі шешімі жайында бірінші хабарлаған адамы да Франция президенті Ф.Олланд болды. Ол бұл бастамашылықты қолдап қана қоймай, П.Порошенкомен міндетті түрде кездесуді барынша өтінді.

Мемлекет басшысының мұндағы негізгі ойлағаны П.Порошенкомен және В.Путинмен жеке-жеке кездесіп, олармен украин дағдарысын ретке келтірудің мүмкін жолдарын талқылау және оларға жанжалды шешудің мәмілеге келу тетіктерін, соның ішінде француз көзқарасын есепке алған тетіктерді ұсыну болатын.

2014 жылдың 19 желтоқсанында Қазақстан және Украина президенттері телефонмен сөйлесті, Украина басшысы Н.Ә.Назарбаевты Украинаға сапармен келуге тағы да шақырды.

Сөйтіп, ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырыстары өтетін Мәскеуге бара жатып, 22 желтоқсанда Украинаға сапар жасады. Украина

Президенті П.Порошенкомен және елдің Премьер-министрі А.Яценюкпен келіссөздері болып өтті.

Украина президентімен келіссөздер барысында Нұрсұлтан Назарбаев екіжақты ынтымақтастықтың бірқатар маңызды мәселелері бойынша пікір алмасу мүмкіндігін беретін бұл кездесудің маңыздылығын атап көрсетті. «Сізді барлық қиыншылықтарға қарамастан Рададағы сайлауды өткізулеріңізбен және үкіметті қалыптастыруларыңызбен құттықтағым келеді. Бұл – Сіздің президент ретіндегі бірінші үлкен жеңісіңіз. Минск хаттамасының әзірленуі де сіздің қол жеткізген еңбегіңіз», – деп мәлімдеді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті әріптесінің назарын Украинаның айналасындағы жағдайларды бейбіт жолмен шешуге бағытталған барлық шараларды қолдайтындығына аударып: «Қазіргі жағдай ешкімге де пайда әкелмейді. Біздің барлық елдермен достық қарым-қатынаста екендігімізді есепке ала отырып, Сізбен бірге бұл мәселеде де жұмыс істей аламыз. Адамдардың қазаға ұшырауын тоқтататын шараларды қабылдау үшін біз белгілі бір шешімдерге келе аламыз және өзара іс-қимылымызды үйлестіре аламыз деп үміттенемін», – деді.

П.Порошенко өз кезегінде, екі мемлекеттің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және басқа да маңызды салалардағы өзара іс-қимылының қолда бар әлеуетін белсенді пайдалану қажеттігін атап көрсетті. «Біздің елдеріміз арасындағы кедергілерді

жоюға қызмет ететін үкіметаралық комиссияның жұмысын іске қосу қажет. Сізге Украинаның егемендегі мен аумақтық тұтастығын, тәуелсіздігін қолдау жөніндегі қатаң да белсенді ұстанымыңыз үшін жеке алғысымды білдіремін. Біздің Минскіде қысқа әңгімелесуіміздің мүмкіндігі болды және жасалынған келісімдер, уағдаластықтар нақпа-нақ бақылануда. Украина мұны өте бағалайды», – деп қосты Украина Президенті.

Киев сапарының қорытындысы бойынша бірлескен брифингте Украина айналасындағы жағдай туралы әңгіме қозғаған Қазақстан Президенті оқиғалардың бұлайша дамיתындығын болжаудың өзі қиын болғандығын атап көрсетті. «Экономиканы көтерудің орнына сіздерге басқа мәселелермен айналысуға тура келуде. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында үлкен табыстарға қол жеткізді. Мұның барлығы көпұлтты елдегі бейбітшілік пен тыныштықтың арқасында жүзеге асты, Украинаға да осыны тілеймін. Тек бейбітшілік пен тұрақтылық жағдайында ғана халықтың өмірі үшін жақсы жағдайларды қалыптастыруға болады», – деп мәлімдеді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарының бар екендігін атап көрсетті: «Негізгі әріптес болып табылатын Ресеймен қарым-қатынасты қайта қалпына келтіруге болады деп ойлаймын. Украина Еуропаға жақын тұр. Осыны ескерсек, онымен қауымдасу түсінікті жайт. Мен

жасы үлкен және тәжірибесі көбірек адам ретіндегі құқымды пайдалана отырып, Ресей мен Украинаны елдің аумақтық тұтастығын сақтай отырып, жағдайдан шығу үшін бітімге келу жолдарын бірлесіп іздестіруге шақырамын. Украина бұл жағдайдан күшейіп шығады және бұрын әр уақыттары болғанындай, қуатты елге айналады деп үміттенемін. Оның аса зор экономикалық әлеуеті бар», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті Минск уағдаластықтарына қатысты барлық тараптар оны қолдайтындығын атап көрсетті. «Онда жазылған мәселелерді шешуге болады. Мұнда барлығы ұлттық азшылықтың құқына тіреліп тұр. 100-ден астам ұлт өкілдері өмір сүретін Қазақстанда әр түрлі этностардың тілінде оқытатын мектептер, ұлттық театрлар жұмыс істейді. Қазақстан халықтарының Ассамблеясында тілді оқытуға, мәдениет пен тарихты сақтауға ықпал ететін 36 мәдени орталық жұмыс істейді. Бұл – әлемдік тәжірибе. Украинада өз мемлекеттігінің аясында оны қолдана алады. Жағдайдан шығудың жолдарының бар екендігіне сенімдімін, оларды жеделдетіп пайдалану қажет», – деп қосты Мемлекет басшысы.

П.Порошенко өз кезегінде аяқталған келіссөздердің сындарлы және жемісті болғандығына назар аударды: «Сіздің сапарыңыз біздің экономикадағы ынтымақтастығымыздың маңызды бағыттарына жаңа серпін береді деген сенімдемін. Украинаның шығысындағы жағдайды одан әрі ушықтырмау

жөніндегі біздің өзара іс-қимылымыз бен ұстанымдарымызды үйлестіру жеке мәселе ретінде қарастырылды. Қазақстан халықаралық құқық нормаларын сөзсіз сақтау ұстанымын білдірді. Өзінің халықаралық аренадағы ықпалын жағдайды реттеуге пайдаланғаны үшін Қазақстан Президентіне алғысымды білдіремін», – деді.

Украинаның оңтүстік-шығысындағы дағдарысты жағдайға қатысты барлық мәселелер және одан шығудың жолдары тет-а-тет пішімінде талқыланды. Сонымен бірге, бірлескен баспасөз мәслихатында жасалынған ресми мәлімдемелерге қарап, Н.Ә.Назарбаевтың бұл тақырыпта П.Порошенкомен егжей-тегжейлі әңгімелескендігі туралы қорытынды түюге болады. Жоғары деңгейдегі жеке кездесу барысында, қазақстандық және украиналық делегацияның барлық мүшелері, соның ішінде менің өзім де, күту бөлмесінде болып, ағымдағы мәселелерді талқылаумен уақыт өткізгендігімізді айта кетпекпін. Жеке кездесуде хаттама бойынша бөлінген бір сағаттың орнына біз мемлекет басшыларын екі сағаттан астам уақыт күтіп отырдық. Сонан кейін барып қана кеңейтілген құрамдағы келіссөздерді өткізуге кірістік. Онда негізінен екіжақты ынтымақтастық мәселелері, ең бірінші кезекте сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Украиналық саясаттанушы Юрий Городенко Қазақстан басшысының Украинаға сапарына былай деп түсініктеме берді: «Мәселенің мәнісіне

қарағанда, Назарбаевтың украин дағдарысын реттеу жөніндегі үнқатысу үшін жаңа алаң құру жөнінде ниеті бар. Өйткені, Минск пішімі өзінің тиімсіздігін көрсетті. Бітімге келу жөніндегі келісім қыркүйектің өзінде жасалған болатын, ал атыс әлі жалғасып жатыр. Міне, осы жағдайда Назарбаев Украинадағы соғысты тоқтату жөніндегі өз сценарийін әзірлеуде. Тәжірибелі саясаткер ретінде ол өз ұсынысын жарияламас бұрын барлық тараптармен мәселені жан-жақты талқылап алғысы келеді. Міне, сондықтан да Швейцария, Чехия, Франция президенттерімен кездесулерге барып жүр. Енді міне, Порошенкомен кездесті»¹⁷.

П.Порошенкомен келіссөзден кейін Н.Назарбаев Украина премьер-министрі А.Яценюкпен де кездесті. Онда Қазақстан-Украина қарым-қатынастарының жағдайы мен перспективалары талқыланды. Қазақстан Президенті екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығындағы бұрынғы көрсеткіштерді қайта қалпына келтіру үшін қажетті мүмкіндіктердің бар екендігін атап көрсетті. «ТМД-дағы еркін сауда аймағы туралы қабылданған келісімге сәйкес, біз экономикалық байланыстарды дамытуға тиістіміз. Біздің елдеріміздің арасында жұмысына Сіз қатысатын үкіметаралық комиссия әрекет ететін болады. Қазақстандық және украиндық бизнесмендер

¹⁷ Халил Мұқанов. «Киевский вояж Назарбаева. Мнения украинских наблюдателей». Саясат. 21/12/14. www.sayasat.org/articles/1098-kievskij-vojazh-nazarbaeva-mnenie-ukrainskih-nabljudjatelej

үшін форум ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл оларға түйісу нүктелерін табу үшін қажет», – деп атап көрсетті Нұрсұлтан Назарбаев.

А.Яценюк Украина мен Қазақстан арасында тығыз экономикалық және саяси қарым-қатынастардың бұрыннан қалыптасқандығын атады. «Бізде өзара іс-қимылдың негізгі екі бағыты бар, олар – сауда мен энергетика. Бұларда біз табысқа жете аламыз. Біздің екіжақты экономикалық ынтымақтастығымыздың тек жақсара беретіндігіне сенімдімін. Егер біз тауар айналамын ұлғайтуға бағытталған дұрыс та нақты шешімді қабылдасақ, бұл біздің екі елімізге де пайдалы болмақ», – деп қосты Украина Премьер-Министрі.

Осы кездесуден кейін бүкіл қазақстандық делегация бірден Киев әуежайына бағыт ұстады, ол жерден біз Мәскеуге ұшып шықтық. Ол күннің кестесі барынша тығыз болды және аяқталып та үлгермеді. Мәскеуге келісімен біз орналаса салысымен Кремльге баруға тиісті болдық. Мұнда Ресей Президенті В.Путинмен екіжақты кездесу тосып тұр еді. Бұл кездесуде Мемлекет басшысы өзінің ресейлік әріптесіне Ф.Олланд пен П.Порошенконың ұстанымдарын есепке ала отырып, украин дағдарысын реттеу жөніндегі болуы мүмкін жоспарды ұсынуды көздеген еді. Осыған байланысты Н.Ә.Назарбаев ұшақ ішінде Киевте болып өткен келіссөздерді қайта бір ой елегінен өткізіп, «нормандтық пішімге» қатысушылар жанжалды шешудің бейбіт үдерісін іске қосу үшін

өзара қолайлы шешімдерді қабылдауына мүмкіндік беретіндей ұсыныстарды өз қолымен қағазға түсірді.

Біздің Мемлекет басшысын Украина басшылығының бірқатар маңызды ұстанымдар бойынша келіссөздерді бастауға дайын екендігіне сендіруі өте маңызды болды, соның ішінде: Ерекше мәртебе туралы заңды қайта қалпына келтіру; Донбассты экономикалық оқшаулауды алып тастау; Украинаның оңтүстік-шығысының экономикасын қайта қалпына келтіру және экономикалық байланыстарды қайта жалғастыру туралы. Украинаның Еуропалық Одақ пен НАТО-ға қосылуын қоя тұру мүмкіндігі қарастырылды, бірақ бұл украин басшылығы үшін өте шетін тақырып болып шықты және біртұтас ұстанымды түсінудің өзі қиын болды.

Сонымен қоса, П.Порошенко да, және А.Яценюк та жанжалды реттеу үшін Киевке төмендегідей кепілдіктер қажет екендігіне назар аударды:

1) Украинаның аумақтық тұтастығы (В.Путиннің Ф.Олландпен кездесуінде Украинаның аумақтық тұтастығын мойындайтындықтары жөнінде мәлімдеме жасағандығы оқырманға белгілі);

2) Украина үшін ТМД еркін сауда аумағы туралы Заңның күшін сақтап қалу;

3) Донецк мен Луганск облыстарының жекелеген аудандарында Украина заңы бойынша жергілікті сайлауларды өткізу;

4) Украина-Ресей шекарасына бақылау жасау.

Басқа сөзбен айтқанда, В.Путинмен кездесу алдында Қазақстан Президенті «норманд пішіміне» қатысушы барлық тараптардың дерлік (Германияны қоспағанда Ресей, Франция және Украина тараптары) ұстанымдарының жалпы бейнесін қалыптастырып үлгерді.

Біз Мәскеуге ұшып жеткенше және Внуково әуежайынан Кремльге дейін жеткенше «нормандтық төрттік» елдері жетекшілерінің – В.Путин, А.Меркель, Ф.Олланд және П.Порошенконың телефонмен сөйлесуі болып өтті (2014 жылдың 22 желтоқсаны). Оның барысында, Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалды ретке келтіру мәселелері жөнінде пікір алмасу одан әрі жалғасты. Соңғы күндері бүтіндей алғанда атысты тоқтату режимін сақтаудың қамтамасыз етілгендігі айтылды. Төрт елдің басшылары украин дағдарысына қатысты мәселелер бойынша бір-бірімен байланыс ұстап отыруға келісті.

2014 жылдың 22 желтоқсаны – Н.Ә.Назарбаевтың өмірбаянындағы ең тығыз күндердің бірі – Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен екіжақты кездесуімен нәтижелі аяқталды. Қазақстан және Ресей президенттерінің әңгімелесуі дәстүрдегідей өзара сенімділік және ашық жағдайда өтті. В.Путин Н.Ә.Назарбаев баяндаған барлық дерлік ымыраға келу ұсыныстарына қолдау білдірді.

Бірақ Мемлекет басшысының Киев пен Мәскеуге сапарларының ең басты жетістігі мыналар болды:

П.Порошенко да, В.Путин де «нормандтық пішімде» кездесуге және барлық реттелмеген мәселелерді талқылауға; олар бойынша ұстанымдар дәл келген жағдайда, мұны қорытынды құжатта белгілеуге; ал қағидатты айырмашылықтар сақталып қалған жағдайда үнқатысуды одан әрі жалғастыруға және қажетіне орай оларды келісу жөнінде «жол картасын» әзірлеуге дайын екендіктерін білдірді. Кез келген жағдайдың өзінде СИМ-лер басшылары жоғары деңгейдегі кездесулердің қорытынды құжатының жобасын дайындауға, мүмкіндігінше оларды келісуге, ал қалғандарын мемлекет басшыларының талқылауына енгізуге тиіс болды.

«Нормандтық төрттіктің» Саммитін өткізу үшін неғұрлым қолайлы орын ретінде Астана қаласы ұсынылды. Қазақстан Президенті үнқатысу үшін кез келген қолайлы уақытта алаң ұсынуға дайын екенін білдірді. Оның үстіне В.Путинмен кездесуде «нормандтық төрттік» елдерінің басшыларының кездесуінің мүмкін болатын күні ретінде 2015 жылдың 15-16 қаңтары ұсынылды. Осы мерзімді келісу жөнінде жұмыс басталды.

Астанаға қайтып келісімен, яғни 2014 жылдың 24 қаңтарында мен Украина Президентінің көмекшісі Ю.Онищенкомен байланысқа шықтым және біз Н.Ә.Назарбаев пен П.Порошенконың телефонмен сөйлесуін ұйымдастырдық. Украин тарапы Киевте қол жеткізілген уағдаластықты дамыту үшін ұсынылған мерзімді қолдады.

Мемлекет басшысының Франция Президентімен және Германия Канцлерімен телефонмен сөйлесуін ұйымдастыру неғұрлым күрделірек болды, өйткені бұл сәтте Еуропада Рождество мерекесі басталып кеткен еді. Олармен тек 2014 жылдың 26 және 27 желтоқсан күндері ғана байланыс жасай алдық. Ф.Олланд «нормандтық пішімде» кездесу идеясының өзін де, және кездесу орны – Астана болуын да, кездесу күні 2015 жылдың 16 қаңтарына да, бүтіндей алғанда, қолдау білдірді.

А.Меркель де бұл идеямен келісті, бірақ дағдарысты практикалық тұрғыдан реттеуде көрініп тұратындай өнімді нәтижеге жету үшін «нормандтық төрттік» елдерінің жетекшілері қабылдай алатындай нақты әрекет етуші құжат әзірленуі тиіс деген тілегін де білдірді. Осы арада ГФР канцлерінің біздің Мемлекет басшысының жұмысы нәтижелерімен егжей-тегжейлі танысып үлгермеген бірден-бір басшы болғандығын еске сала кетпекпін. Сондықтан ол мұндай бастамашылдыққа біршама күмәнмен қарады. Дегенмен, соған қарамастан ол Н.Ә.Назарбаевпен украин мәселесін нақты талқылауға үлкен мүдделілік танытты және Қазақстан Президентіне мүмкіндігіне орай таяу уақыттардың ішінде Берлинде кездесуге ұсыныс жасады. Нұрсұлтан Әбішұлының 2015 жылдың қаңтарында қысқа мерзімді демалысқа шығуды жоспарлағанына қарамастан украин жанжалын реттеу жөніндегі бейбіт үдерісті одан әрі алға жылжыту және бұған Германияны тарту үшін

А.Меркельдің шақыруын қабыл алғандығын айта кету керек. Мен өзім көптен білетін әріптесім К.Хойзгенмен байланысқа шықтым және біз Берлиндегі кездесу уақытын белгіледік. Қазақстан Президенті мен ГФР Канцлерінің кездесуі 2015 жылдың 9 қаңтарында болды, бұл жайында келесі тарауда егжей-тегжейлі жазылатын болады.

Ф.Олландпен және А.Меркельмен телефонмен сөйлесу нәтижелері туралы Мемлекет басшысы 2014 жылдың 29 желтоқсанында В.Путинді және П.Порошенконы хабардар етті. Барлық тараптар өздерінің сыртқы істер министрлеріне «нормандтық кездесудің» қорытынды құжатын әзірлеуді және өзара келісуді тапсырды.

Өтіп бара жатқан 2014 жылдың соңғы күндерінде барлық тараптар таяудағы уақытта «нормандтық пішімде» жоғары деңгейдегі кездесу өткізу туралы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясына қолдау білдірді. Соған қарамастан Қазақстан Президенті бұл шараны жария еткісі келмеді, өйткені уақыттың барынша қысқалығына қарамастан, өте зор өзірлік жұмыстарын жүргізу алда тұрды және ақпараттық айғай-шу артық болар еді. Оның үстіне Н.Ә.Назарбаев украиндық дағдарыстың араағайыны ретінде көзге түсуді қалаған жоқ. Ол барлық тараптарды келіссөз үстеліне отырғызуды және жанжалды бейбіт арнаға түсіруді шынайы түрде қалады.

Сонымен қатар, Астанадағы жоспарланған кездесу туралы бірінші хабарды Украина Президенті

П.Порошенко жасады, ол 2014 жылдың 29 желтоқсанында Астанада 2015 жылдың 15 қаңтарында өтетін «нормандтық пішім» деп аталатын Германия, Франция, Ресей және Украина басшыларының кездесуіне қатысатындығын мәлімдеді. Бұл біз үшін күтпеген жағдай болды, өйткені біз оны «жабық режимде» әзірлеп жатқан едік.

Осыған байланысты бізге сол сәтінде әрекет етіп, Украин Президентінің сөзіне қандай да бір болмасын ресми түсініктеме беруге тура келді. Сондықтан 2014 жылдың 30 желтоқсанында Ақорданың ресми сайтында төмендегідей хабар жарияланды:

«Украина, Ресей, Германия және Франция басшыларының Астанада кездесу өткізуі мүмкін екендігі туралы

30.12.2014

Қазақстан Президенті өзінің Киев пен Мәскеуге желтоқсандағы сапарларында украин дағдарысынан шығуға мүмкіндік беретіндей жолдарды талқылады.

Осы кездесулерден кейін Нұрсұлтан Назарбаев Украина Президенті П.Порошенкомен, Франция Президенті Ф.Олландпен және ГФР Канцлері А.Меркельмен телефонмен сөйлесулері барысында осы тақырыпты талқылады.

Келіссөздер нәтижесінде Украина Президенті П.Порошенкомен және Ресей Президенті В.Путинмен ГФР Канцлері А.Меркельдің және Франция Президенті Ф.Олландтың қатысуы жағдайында Астанада

екі елдің басшыларының кездесуін өткізудің мүмкін екендігі келісілді.

Қазақстан өз тарапынан 2015 жылдың 15-16 қаңтарында немесе тараптар үшін басқа да қолайлы уақыттарда келіссөздерді өткізуге дайын».

Астанада болуы мүмкін келіссөз туралы ақпаратты әлемдік қоғамдастықтың, сондай-ақ, Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалға қатысушылардың да көтеріңкі көңіл-күймен қабылдағанын айта кету керек. Мәселен, өзін өзі жариялаған ДХР-дің ресми өкілі Д.Пушилин Астанадағы «нормандтық пішім» кездесуі Киев пен Донецк арасындағы кейбір проблемаларды «өлі нүктесінен» қозғауы мүмкін екендігін мәлімдеді.

Астанадағы сәтті кездесуге Байланыс тобының жалғасып жатқан келіссөздері де бірқатар үміт арттырды. Мәселен, 2014 жылдың 24 желтоқсанында Минскіде келіссөздердің кезекті раунды болып өтті, оған ЕҚЫҰ іс басындағы төрағасының Украинадағы жағдайды реттеу мәселелері жөніндегі ресми өкілі Х.Тальявини, Украинаның бұрынғы президенті Л.Кучма, Ресейдің Украинадағы елшісі М.Зурабов, өзін өзі жариялаған ЛХР өкілі В.Дейнего және өзін өзі жариялаған ДХР өкілі Д.Пушилин қатысты.

Осымен бірге, өкінішке орай, 2014 жылдың желтоқсанында жағымсыз үдерістер де байқалды. Жанжал аймағында ерікті жасақтар жағынан да, украин қарулы күштері жағынан да атқылау жалғасып жатты. Байланыс топтары атысты тоқтату

және әскери техникалар мен қару-жарақтарды түйісу шебінен алып кету жөнінде түбегейлі келісімге келе алмады. Оның үстіне украина армиясы да, ерікті жасақтар да «тыныштық режимін» пайдаланып, белсенді түрде қайта қаруланды және өздерінің әскери күштерін қайта қалпына келтірді, осының барлығы «нормандтық төрттік» елдері жетекшілерінің кездесуін өткізу мерзіміне әсер етті.

V. «НОРМАНДТЫҚ ПІШІМДЕГІ» КЕЗДЕСУ: НЕЛІКТЕН АСТАНА ЕМЕС?

«Нормандтық пішімдегі» жоғары деңгейдегі кездесу Астанада 15-16 қаңтарда өтеді деп белгіленуіне байланысты 2015 жыл үміттендірген жағдайда басталғанымен, сонымен бірге, қарама-қайшылықты ағымдардың да белең алғандығы байқалды.

Бір жағынан, жаңа жылдық мерекелер аяқтала салысымен «нормандтық төрттік» елдерінің СІМ-лері Астанада жоспарланған кездесудің қорытынды құжатының жобасын өзара келісуге кірісті.

Екінші жағынан, жанжал аймағындағы жағдай оқыс нашарлай түсті. Оқ атысу қарқынды түрде қайта жалғасты. Донецк әуежайы және оның қасындағы елді мекендер, сондай-ақ Дебальцево мен Луганск бағытындағы бірқатар елді мекендер ірі ұрыстардың орталығына айналды.

Тайталасушы тараптар «нормандтық пішімдегі» бейбіт келіссөздер басталуының қарсаңында 2014

жылдың 19 қыркүйегіндегі Минск меморандумында белгіленген шектеу желісімен шектеліп қана қалмай, қосымша аумақтарға өз ықпалдарын тарата отырып, тактикалық артықшылыққа қол жеткізуге ұмтылды.

2015 жылдың 18 қаңтарындағы таңертең Украинаның қарулы күштері АТҰ аймағындағы қаруланған сепаратистер орналасқан орындар бойынша тұтастай атыс бастауға бұйрық алды. Украиндық күштердің әуе шабуылы да қайта басталды. Ерікті жасақтар өз кезегінде қарсы шабуылға шықты. ЕҚЫҰ-ның Украинадағы мониторингтік миссиясы ауыр әскери техникалардың алға жылжытылу фактілерін тіркей бастады.

Мойындалмаған ДХР және ЛХР басшылары Киевпен бейбіт келіссөздер жүргізуге ниетті емес екендіктерін және Украина тарапымен тек тұтқындарды айырбастау мәселесі жөнінде ғана хабарласатындықтарын мәлімдей бастады. Сондай-ақ, Минск меморандумы әу баста қабылданғандағыдай түрде қарастырылмайтындығы атап көрсетілді (ескерту: мұнда сөз ең алдымен шектеу шебі туралы болып отыр).

БҰҰ-ның Адам құқығы жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасының өкілі Р.Коллвил Украинадағы жанжал уақытында 2014 жылдың сәуірінен бастап, 5 мыңнан астам адамның қаза тапқандығын мәлімдеді. БҰҰ Гуманитарлық мәселелерді үйлестіру басқармасының мәліметі бойынша, 1,5 миллионнан астам адам көшуге мәжбүр болды.

2015 жылдың 27 қаңтарында жоғары Рада Ресейді агрессор ел деп таныды. Бұл шешімге 275 халық депутаты дауыс берді. Украина парламенті өзінің әріптестеріне Ресейге қысымды күшейту, соның ішінде, жаңа секторлық санкцияларды енгізу жөнінде үндеу тастады.

Осы жағдай аясында Еуроодақ кеңесі РФ жеке тұлғаларына қатысты жеке санкцияларды ұзарту (2015 жылдың қыркүйегіне дейін) туралы шешім қабылдады, оның мерзімі наурыз айында өтіп кететін еді.

Адам өлтіретін қару-жарақ пен әскери техниканы беру мәселесі айналасындағы айтыс-тартыстар шиеленісті одан әрі қоздырды. Вашингтонда АҚШ Президентін украин қарулы күштеріне кең көлемді әскери көмек көрсетуді бастауға үгіттеді. Америкалық қару-жарақ жанжал аймағындағы шиеленісті күшейтетіндігін түсінген еуропалық жетекшілер оған қарсы болды.

Сөйтіп, 2015 жылдың 11-12 ақпанында «нормандтық пішімдегі» кездесуге дейін-ақ тайталасушы жақтар бетпе-бет ұрыстарды жүргізіп жатты. Бұл ұрыстардың мақсаты қарсы жақтың стратегиялық бастамасын басып алу, шабуыл жасалынған нүктелердегі өз қорғанысын ұстап тұру, сондай-ақ қарсы жақты өзінің стратегиялық резервтерін соғысқа қосуға мәжбүрлеу болды.

Дебальцево қаласы маңайында неғұрлым күрделі жағдай қалыптасты, ол жерден бейбіт тұрғындарды

жедел көшіріп әкету басталды. Дебальцево қазандығы деген атау пайда болды. Онда, кейбір деректер бойынша, 5-6 мың украиндық әскери қызметкер қоршауда қалды.

Міне, осындай жағдайда, 2015 жылдың қаңтары мен ақпанын тұтастай алғанда, жанжал аймағындағы атысты тоқтатуға және дағдарысты реттеудің бейбіт үдерісін бастауға бағытталған «нормандтық төрттік» елдері басшыларының кездесуін ұйымдастыру жөніндегі келіссөздер де тоқталып қалмай жүріп жатты.

Атап айтқанда, 2 қаңтарда «нормандтық төрттіктің» сыртқы істер министрлерінің телефон конференциясы болды, оның барысында мемлекет басшылары деңгейінде қабылдауға ұсынылатын қорытынды құжаттың бірінші нұсқасы талқыланды.

2015 жылдың 5 қаңтарында Берлинде «нормандтық төрттік» елдері сыртқы істер министрліктері өкілдерінің кездесуі болды. ГФР СІМ өткен келіссөздің сындарлы болғандығын, алайда жұмыс кездесуіне қатысушылар арасында шешілмеген мәселелер қалғандықтан оның одан әрі жалғасатындығын мәлімдеді.

Украина СІМ-нің ресми өкілі А.Макеев Берлиндегі кездесуде астаналық саммитке бірлескен құжатты қабылдау үшін негіз қаланғандығын мәлімдеді және кездесудің «көбінесе техникалық тұрғыда екендігін», оның мақсаты тараптардың ұстанымдарын өлшеп көру болғандығын мәлімдеді.

Ақырында, Франция СІМ басшысы Л.Фабиус 2015 жылдың 15 қаңтарында Астанадағы кездесуді ұйымдастырудың 4 шартын атады:

- минскілік келісімді сақтау;
- тұтқындарды айырбастауды жалғастыру;
- нақты «түйіліс шебін» белгілеу және шекараларды бақылауға алу;
- ЕО мен РФ арасындағы көпір болуға тиісті Украина үшін саяси көкжиекті белгілеу.

ҚР Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысовтың «нормандтық төрттік» елдері СІМ-лері басшыларымен тұрақты байланыста болғандығын, сондай-ақ, мен секілді мемлекеттер басшылары әкімшіліктеріндегі өз әріптестерімен пікір алмасып отырғандығын айта кету керек. Біз Қазақстан Президентін, қысқа мерзімдік демалыста жүргеніне қарамастан барлық жаңалықтар жөнінде дереу хабарландырып отырдық. Біз Астана саммитінің қорытынды құжатының жобасына егжей-тегжейлі талдау жүргізіп, барлық тараптардың ұстанымдары мен ұсыныстарын салыстырдық. Көптеген мәселелер бойынша «нормандтық төрттік» ұстанымдары бір-біріне сәйкес келді немесе оларды СІМ-лер деңгейінде келісуге болар еді. Сонымен бірге, бірқатар қағидатты айырмашылықтар жөнінде мемлекет басшылары деңгейінде талқылаулар өткізу және саяси шешімдер қабылдау қажет еді.

Сөйтіп, Н.Ә.Назарбаев Германияның Федералдық канцлері Ангела Меркельмен бейресми кездесу үшін Берлинге келген кезде өтіп жатқан оқиғалар туралы

толық хабардар болатын. Оның үстіне Нұрсұлтан Әбішұлы А.Меркельмен кездесуге дейін РФ Президенті В.Путинмен телефон арқылы сөйлесіп, болуы мүмкін Астана кездесуі қорытынды құжатының жобасындағы жұмыстарға қатысты біз ұсынған баяндаманы және 2014 жылдың желтоқсанында Мәскеуде қол жеткізілген уағдаластықты есепке ала отырып, украиндық дағдарысты реттеуге ықпал ету мәселелерін талқылады.

ГФР-да жұмыс істей жүріп мен А.Меркель қызметінің ерекшеліктерімен жақсы таныс болған едім. Оны Германияның жаңа тарихындағы ең табысты саясаткер деп шын мәнінде атауға болады. Ол Германияның өзінде және Еуроодақта, бүтіндей алғанда бүкіләлемдік аренада зор беделге ие. Біліктілік пен дәйектілік, прагматизм, мақсатқа жетудегі ұстамдылық пен қажырлылық, Германияның мүддесін қатаң қорғау – оған тән сипаттар. Ол барлық мәселелерге өте мән бере қарайды, бірден иліге қоймайды, әсіресе егер бұл мәселе оның көзқарасына сәйкес келмесе және өтірік сөйлеуді, өз сөзінде тұрмаушылықты барынша жақтырмайды.

Бірақ Н.Ә.Назарбаев пен Меркельдің кездесуінде бір-біріне жағымды әсер қалдыру негізінде екі көшбасшы да әңгімелесуге бейім екендіктерін, бірін-бірі айтпай-ақ ұғып отырғандықтарын көрдім. Екеуінде украин жанжалын тек қана бейбіт жолдармен ретке келтіруге қол жеткізуге деген шынайы ниет дем беріп отырды. Екі мемлекет көшбасшылары іске

қосылған барлық тараптардың Минск келісімдерін бұлжытпай жүзеге асырудың қажеттігін, мұның тез арада бейбіт шешуге және сенімді нығайтуға ықпал ететіндігін атап көрсетті. Олар дағдарыстан шығу жөніндегі шешімдерді бірлесе тынымсыз іздестіруді бастады.

Мемлекет басшысы федералдық канцлерді өзінің Киевке және Мәскеуге жасаған сапарлары, П.Порошенкомен, А.Яценюкпен, В.Путинмен өткізген әңгімелері жайында егжей-тегжейлі хабарландырды. А.Меркельдің назарын Минск келісімдерін нақты сақтаудың, сондай-ақ оқшаулауды алып тастап, Киевтің Донецкімен және Луганскімен экономикалық және әлеуметтік тұрғыдағы қатынасын қайта қалпына келтірудің қажеттігіне аударды. Кремль үшін Украинаның блоктан тыс мәртебесі ерекше маңызды болып табылатындығын атап көрсетті.

Болуы мүмкін Астана кездесуі қорытынды құжатының жобасын қарастыра келе Н.Ә.Назарбаев ымыраға келу үшін түйісерлік сәттердің бар екендігін атап көрсетті. Олар – Украинаның аумақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігін құрметтеу, дағдарысты бейбіт жолмен шешу, Минск уағдаластықтарын жүзеге асыру, тыныштық режимі, қуатпен қамту және тағы басқалар. Өкінішке орай, қағидаттық келіспеушіліктер де болды, олар бойынша, шешімдерді әзірлеу мақсатында, соның ішінде Украинада жалпыұлттық үнқатысуды өткізу жөнінде кездесу және талқылауларды жалғастыру қажет еді.

А.Меркельдің атап өткеніндей, қорытынды құжаттың жобасын келісудегі басты қиындық Киев пен ерікті жасақтар бақылауындағы облыстар арасындағы шекараларды айқындау сызбасының жоқтығы, сондай-ақ оған тиісті бақылаудың орнықтағандығы болып табылады. Жанжал аймағындағы тактикалық әрекеттердің 2014 жылдың 19 қыркүйегіндегі Минск меморандумында көзделген дәл осы шектеу шептерін қарсы тұрушылар бақылауындағы аумақтарға қарай тереңдете орнынан қозғауға бағытталғандығы белгілі.

А.Меркельдің Мемлекет басшысынан «норманд төрттігі» елдері жетекшілерінің кездесуін нақ Астанада өткізудің қаншалықты қағидатты екендігін ашық сұрауы да қызықты болды. Бұған Қазақстан Президенті де соншалықты қағидатты емес екендігін айтып, шынайы жауап берді. Шын мәнісінде, қантөгісті, әсіресе, бейбіт тұрғындар, әйелдер мен балалар арасындағы қазаға ұшырауды тоқтату үшін бұл кездесуді өткізу орны емес, ең бастысы оның өтуінің өзі неғұрлым маңыздырақ еді.

Кездесу қорытындысын федералдық канцлердің өкілі Георг Штрайтердің DW сұрағына жауап бере отырып, сипаттағанындай: «нормандтық пішімдегі» болуы мүмкін кездесуді қабылдаушы тарап ретіндегі Қазақстан рөліне келер болсақ, Берлин Ресейдің көршісі болып табылатын бұл «үлкен де маңызды» ел президентінен украин дағдарысын шешуді бастау және оны еңсеру үшін үлкен үлес пен күш-жігер күтеді».

Сол күні, 2015 жылдың 9 қаңтарында Н.Ә.Назарбаевтың Германияның федералдық сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайермен кездесуі болды. Бұл кездесу Ф.-В.Штайнмайердің 2014 жылдың қарашасындағы Қазақстанға жасаған ресми сапары аясындағы келіссөздердің жалғасына айналды.

Келіссөздер барысында, екіжақты қарым-қатынастардың басым қырлары және Украинаның шығысындағы жағдайды ретке келтіру шаралары талқыланды. Украина, Ресей, Германия және Франция басшыларының Астанада таяуда болуы мүмкін кездесуінің бірқатар алғышарттары жөнінде нақты пікір алмасылды.

Неміс министрі «Минск келісімдерінің соңғы уақыттары өзінің қозғалыс қарқынын жоғалтып алғандығын» атап көрсете келе, Қазақстан Президентіне шиеленісті еңсеруге әрекет жасаған дер кезіндегі бастамасы үшін алғысын білдірді және Астанада «нормандтық пішімде» кездесу өткізу идеясын толықтай қолдады. Алайда, Ф.-В.Штайнмайер бұл кездесуді 2015 жылдың 15 қаңтарында өткізу мерзіміне күмән келтірді, ол, шамасы, 20 қаңтарға немесе одан да кейінгі мерзімге сырғытылатын болар деген пікірін жеткізді. ГФР СІМ басшысының мұнысы дұрыс болып шықты.

2015 жылдың 9 қаңтарында «нормандтық пішімде» байланыстарды жалғастыру мақсатында Ресей, Германия, Украина және Франция СІМ басшылары

С.Лавров, Ф.-В.Штайнмайер, П.Климкин және Л.Фабиус арасында телефонмен сөйлесу болды.

Украинаның оңтүстік-шығысындағы жағдайды бейбіт жолмен реттеуге ықпал ету жолдарын жанжалдасушы тараптардың Минск келісімін сақтауына екпін түсіре отырып талқылау негізгі назарға ұсталынды. Қорытындысында, сыртқы істер министрлерінің «нормандтық пішімдегі» кездесуін 2015 жылдың 12 қаңтарында Берлинде өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

2015 жылдың 15 қаңтарында ГФР Канцлері А.Меркель РФ Президенті В.Путинмен, сондай-ақ П.Порошенкомен телефонмен сөйлесті. Осы күні А.Меркель Астанада кездесу өткізу үшін қыркүйекте Минскіде қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыруда ілгерілеу болуы қажеттігін мәлімдеді. Ф.-В.Штайнмайердің болжам жасағанындай, мемлекет басшыларының «нормандтық» кездесуінің мерзімін кейінге ауыстырудың алғашқы белгілері байқала бастады.

2015 жылдың 12 қаңтарында Берлинде «нормандтық төрттік» елдері СІМ басшыларының деңгейінде кездесу болып өтті. Келіссөздер қорытындысы жөніндегі бірлескен мәлімдемеде Астанадағы саммитті өткізудің шарты Минск келісімін жүзеге асыру үшін Донбасс жөніндегі Байланыс тобының кездесуін ұйымдастыру болып табылатындығы айтылды (бірлескен мәлімдеме мәтіні қосымшада беріледі).

2015 жылдың 15 қаңтарында украин тарапының бастамашылдығы бойынша Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Украина Президенті П.Порошенко телефонмен сөйлесті. Сөйлесу кезінде біздің Мемлекеттің басшысы Украинаның Президенті мен халқына Волноваха қаласының маңайындағы қайғылы оқиғаға байланысты көңіл айтты. Онда артиллериялық ату салдарынан автобустағы 13 жолаушы қайтыс болып, 10-нан астам адам жарақат алған еді. Әңгіме барысында, Украина, Ресей, Германия және Франция басшыларының Астанадағы кездесуін қаңтардың соңында өткізу жайында айтылды. П.Порошенко Н.Назарбаевты бұл кездесудің өтуі үшін жұмыс істейтіндігіне сендірді.

2015 жылдың 21 қаңтарында америкалық тараптың бастамасы бойынша біздің Мемлекеттің басшысы АҚШ Президенті Барак Обамамен телефонмен сөйлесті. Әңгіме барысында, Н.Ә.Назарбаев Ақ үй басшысын Ф.Олландпен, П.Порошенкомен, В.Путинмен және А.Меркельмен жүргізген келіссөздерінің қорытындылары, сондай-ақ «нормандтық пішімде» кездесу өткізу бастамасы туралы қысқаша хабардар етті. Б.Обама Нұрсұлтан Әбішұлына күрделі украин мәселесін бейбіт шешу жөнінде белсенді күш-жігер жұмсағандығы үшін алғысын білдірді. Қазақстан Президенті өз кезегінде америка президентіне бітімге келу жолдарын іздестіруде Кремльмен неғұрлым белсенді диалог жүргізуді ұсынды.

Қаңтардың екінші жартысы да Байланыс топтары мен «нормандтық төрттік» елдері СІМ-лері аясындағы келіссөздерге толы болды. Алайда, оларда әсерлі нәтижелердің болмауы Ресей, Германия, Франция және Украина басшыларының Астанадағы кездесуін өткізу жөнінде келісімге келуге әлі де мүмкіндік бермеді.

Мәселен, 2015 жылдың 15 қаңтарында Киевте Байланыс топтарының үшжақты кездесуі болып өтті. 21 қаңтарда Берлинде «нормандтық пішім» елдері СІМ басшылары кездесті. Министрлер барлық жанжалдасушы тараптарды ұрыс қимылдарын тоқтатуға шақырды. Кездесу қорытындысы жөніндегі бірлескен мәлімдемеде де ауыр қару-жарақты Минск меморандумындағы ережелерде келісілген шептерге сәйкес кері алып кетуге шақыру бар (бірлескен мәлімдеме мәтіні қосымшада беріледі).

24 қаңтарда үшжақты Байланыс тобы шұғыл отырыс өткізіп, Украинаның шығысында шиеленістің өсуін талқылады және күштеу мен зорлаудың, әсіресе, Мариуполь қаласына таяу жерлерде белсенді сипатқа ие болғандығын айыптады. «Мұндай зорлық 5 және 19 қыркүйектегі Минск хаттамасы мен Минск меморандумындағы келісімдер мен қол жеткен жетістіктерге мүлдем қайшы келеді», – деп атап көрсетілді Киевтегі отырыс қорытындысы жөніндегі мәлімдемеде.

2015 жылдың 26 қаңтарында Донецкіде Киев өкілі – «Украиндық таңдау» қоғамдық ұйымының басшысы

Б.Медведчуктың ДХР мен ЛХР басшылары А.Захарченко, И.Плотницкиймен кездесу болды. Кездесу Минск пішіміндегі алда өтуге тиіс келіссөздер жөнінде алдын ала консультациялар алмасу сипатында өтті.

2015 жылғы 25 қаңтарда П.Порошенко, А.Меркель және Ф.Олландтың арасында телефон арқылы болған әңгімеде қол жеткізілген уағдаластыққа сәйкес Еуроодақ Кеңесінің отырысына дейін 2015 жылғы 29 қаңтарда тағы да украиналық жанжалды реттеу жөніндегі Байланыс тобының кездесуі болып өтті. Сонымен бірге Байланыс тобының қатысушылары – ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасының Арнаулы өкілі Х.Тальявини, Ресей Федерациясының Украинадағы Елшісі М.Зурабов және Украинаның бұрынғы президенті Л.Кучманы Украина Президенті П.Порошенко қабылдады.

2015 жылы 31 қаңтарда Минскіде Украина, Ресей, ЕҚЫҰ өкілдерінің, сонымен бірге ДХР және ЛХР өкілдерінің қатысуымен Үшжақты байланыс тобының кезекті кездесуі болып өтті. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар қорытынды құжатқа қол қоймады.

Қаңтар айының соңында ГФР Канцлері А.Меркель және Франция Президенті Ф.Олланд Байланыс тобы және «нормандтық төрттік» елдері СІМ-лері дәрежесіндегі келіссөздер тығырыққа тірелгенін түсініп, ұстанымдарды жақындастыру мақсатында барынша белсенді қадамдар жасап, В.Путинмен және П.Порошенкомен кезек-кезек

телефон арқылы сөйлесу серияларын жүргізгенін атап көрсету керек.

Осы жерде атап өтетін бір мәселе, Мемлекет басшысының уәжді дәлелдері неміс канцлерінің барлық тараптарды қанағаттандыратын ымыралық ұсыныстарды табу мүмкіндігі бар екендігі жөнінде үмітін оятты.

Бұл ретте Еуроодақтың екі елі жетекшілерінің Ресей және Украина президенттерімен телефон арқылы жүргізген келіссөздерінің хронологиясы мынандай көрініс табады:

25 қаңтар – А.Меркель және В.Путин.

26 қаңтар – Ф.Олланд және В.Путин.

28 қаңтар – А.Меркель, Ф.Олланд және П.Порошенко.

31 қаңтар – А.Меркель, Ф.Олланд және В.Путин.

1 ақпан – А.Меркель, Ф.Олланд және П.Порошенко.

Менің ойымша, нақ осы кезеңде неміс Канцлері және француз Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәсілімен қарулану, яғни Мәскеу, Киев және халық жасағының көзқарастарын қоса алғанда, қатысушы тараптардың барлық ұсыныстары мен талаптарын «бір себетке салып», осының негізінде П.Порошенко және В.Путиннің жеке кездесуі кезінде талқылауға басымдық беретін мәмілелік ұсыныс қабылдау жөнінде шешімге тоқтаған сияқты.

Жоғары дәрежедегі кездесулердің және келіссөздердің белсенді кезеңі басталды. Ақпан айының 5 және 13 жұлдыздарының арасы әртүрлі іс-

шараларға толы болумен бірге маңызды мәлімдемелермен және шешуші уағдаластықтармен түрленді. Мұндай белсенділікке АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Дж.Керридің 5 ақпанда Украинаға ресми сапармен келетіндігі туралы хабар қозғау салды.

Украина Президентімен кездесуден кейін АҚШ Мемлекеттік хатшысы Америка тарапынан Украинаға және Петр Порошенкоға қолдау көрсетілетіндігі туралы мәлімдеді. «Мен бүгін Президент Обаманың, бүкіл Америка халқының атынан Украина халқына олардың демократия және еркіндік жолындағы күресіндегі, ең бастысы, олардың жерінің тұтастығы мен елінің егемендігін қорғау жолындағы ажырамас құқына қолдау көрсететіндігін және бірге болатындығын білдіру үшін арнайы келдім. Украиндықтардың мұны қалай жасап жатқанын құрметтейміз және осыған тәнтіміз», – деп мәлімдеді Дж.Керри.

Ол, сондай-ақ, Донбасстағы жанжалдың дипломатиялық жолмен шешілуі маңызды екенін атап өтті. «Біздің таңдауымыз – бейбітшілік пен бейбіт реттеу. Ресей де осы таңдауды жасауы керек, бірақ оны тек сөзбен емес, іспен де көрсетуі керек. Ресей өзі қол қойған Минск уағдаластықтары бойынша міндеттемелерін ұстануға тиіс», – деп мәлімдеді Мемлекеттік хатшы.

Дж.Керридің айтуынша, «Ресей сепаратистерге әскери көмек көрсетуді тоқтатуға тиіс, оларды ұзақ мерзімдік саяси шешімдерге қол жеткізу жолындағы келіссөз үстеліне отыруға мәжбүрлеуі керек. Оқ

атуды сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде тоқтату керек, ауыр қару-жарақ түрлерін бейбіт тұрғындарға қауіп төндірмейтін қашықтыққа апару керек».

АҚШ Мемлекеттік хатшысының Киевтегі сапарының қорытындысы бойынша көптеген сарапшылар күткен Украинаға қырып-жойғыш сипаттағы қару-жарақ және әскери техниканы жеткізуді бастау туралы мәлімдеме жасалынбағанының өзі-ақ жанжалды әскери тайталасты келіссөз және дипломатия жолына ауыстыру туралы жақсы үрдістің бастау алғанын көрсетті. «АҚШ, Президент Обама барлық тараптарға осындай нәтижелерге жетуге көмек көрсетуге дайын. Сондай-ақ, бүгін Канцлер Меркельдің және Президент Олландтың ресми сапармен Киевке келу фактісінің өзі АҚШ, Франция, Германия бірлесіп, сонымен бірге Украинаны қосқандағы біздің халықаралық серіктестеріміз Ресейді жаңа мен атап көрсеткен қадамдарды тоқтаусыз іс жүзіне асыруға шақырады», – деді Джон Керри.

Сонымен бірге, 5 ақпан күні кешкісін болған ГФР Канцлері А.Меркельдің, Франция Президенті Ф.Олландтың және Украина Президенті П.Порошенконың арасындағы кездесулер де өте нәтижелі болды. Германия және Францияның жетекшілері Киевке Донбасстағы ахуалды бейбіт реттеу жөніндегі дайын ұсыныс пакеттерімен келді және оны украиндық басшымен талқылауға ниеттенген болатын.

Украина Президентінің ресми сайтындағы деректерге сәйкес, келіссөздер бес сағаттан артық

уақытқа созылған. П.Порошенко, А.Меркель және Ф.Олланд жанжалды шешуге негіз болатын минскілік уағдаластықты жүзеге асырудың жолдарын талқылады және болашақ қадамдарға қатысты жалпы ұсыныстарды белгіледі. Үш көшбасшы оқ атуды дереу тоқтатуды, Украинадан шетел әскерін әкетуді, ауыр техникаларды және қару-жарақтарды шығаруды, шекараны жабуды және барлық аманатқа алынған адамдарды босатуды талап етті.

Кездесу қорытындысы бойынша П.Порошенко атап көрсеткендей, Германия Канцлерімен және Франция Президентімен болған бүгінгі келіссөздер «оқ атуды тоқтатудың нәтижесі болатындығына үміт береді».

Киевтегі осы кездесудің қорытындысы бойынша жасаған үш көшбасшының мәлімдемелерін сараптай отырып, Қазақстан Президентінің 2014 жылдың желтоқсан айының өзінде «нормандтық пішімнің» қатысушыларының назарына және талқылауына ұсынған ымыралық ұсыныстарын оңай байқауға болады.

Атап айтқанда, Украина Президенті П.Порошенко А.Меркельмен және Ф.Олландпен болған кездесулердің қорытындысы бойынша баспасөз өкілдері алдында барлық тараптар дереу оқ атуды тоқтатуы, барлық аманатқа алынғандарды босатуы, басып алынған аймақтарда украиндық заңдылық бойынша жергілікті сайлау өткізу жолымен саяси үдерісті бастайтын минскілік уағдаластықты орын-

даулары керек деп атап көрсетті. Сонымен бірге Украина басшысы еркін экономикалық аймақты қоса алғанда өңірдің экономикалық дамуы үшін, әлеуметтік төлемдерді жандандыру, өте маңыздысы – гуманитарлық миссияны орындау бойынша елеулі қадамдар жасау қажеттігін атап көрсетті.

А.Меркель және Ф.Олланд өздерінің бейбіт жоспарының жобаларын П.Порошенконың ұстанымдарымен салыстырып алғаннан кейін олар Ресей Федерациясының Президенті В.Путинмен осы мәселелерді талқылауды жалғастыру үшін Мәскеуге бағыт алды.

Kremlin.ru сайтында хабарланғанындай, «қазіргі кезде Франция Президенті және ГФР Канцлерінің ұсыныстары негізінде минскілік уағдаластықты имплементациялау бойынша біріккен құжаттың мәтінін дайындау үшін бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Құжатта Украина Президенті П.Порошенконың ұсыныстары, сонымен бірге, Ресей Президенті В.Путин қосқан және бүгінгі кездесу барысында белгіленген ұсыныстар көрініс табуға тиіс».

Қол жеткізілген уағдаластыққа сәйкес, құжат бойынша жұмыстың алдын ала қорытындылары 2015 жылғы 8 ақпанда (жексенбіде) «нормандтық пішім» бойынша өтетін телефон арқылы байланыс кезінде шығарылуы тиіс.

Кейіннен ГФР Үкіметінің ресми өкілі Ш.Зайберт аталмыш келіссөздердің қорытындыларын былай түсіндірді: жаңа құжат мәтінінің негізіне П.Порошенко

және В.Путин енгізген ұсыныстармен толықтырылған А.Меркель – Ф.Олландтың бірлескен бейбіт жоспары алынды.

Бұл келіссөздермен оқиғалар тізбегі әлі аяқталған жоқ. А.Меркель ГФР-ге қайтып келгеннен кейін келесі күні, яғни 7 ақпанда Қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясына қатысты, бұл конференцияға Украина Президенті П.Порошенко және АҚШ вице-президенті Дж.Байден де қатысып жатқан болатын. Олардың үшжақты кездесуі болып өтті. Кездесуге қатысушылар Донбасстағы ахуалды бейбіт реттеу жөніндегі Минск келісімін орындау бойынша А.Меркель және Ф.Олланд белгілеген және П.Порошенко және В.Путинмен келісілген бірлескен соңғы ұсыныстар мәтіні бойынша келіссөздер үдерісінің барысын талқылады.

ГФР, Франция және Ресей көшбасшылары келіскендей, 2015 жылы 8 ақпанда Мәскеуде «нормандтық пішім» бойынша жоғары деңгейдегі (П.Порошенко, В.Путин, А.Меркель, Ф.Олланд) телефон арқылы сөйлесу болып өтті. Әңгіме барысында оңтүстік-шығыс Украинадағы дағдарысты ахуалды реттеуге бағытталған кешенді шаралар дайындау жөніндегі бірлескен жұмыс 9 ақпанда Берлинде СІМ басшыларының орынбасарлары дәрежесінде жалғасатындығы жөнінде келісілді. 10 ақпанда Үшжақты Байланыс тобының отырысы өткізіледі. Отырыстың мақсаты – 2015 жылы 11 ақпанда Минскіде өткізу жоспарланған «нормандтық

пішімдегі» жоғары деңгейдегі кездесуді мазмұнды және жан-жақты өткізетіндей жағдай дайындау.

Басқаша айтқанда, осы телефон арқылы әңгіме барысында «нормандтық төрттік» елдері көшбасшыларының кездесулерін өткізу орны және жаңа мерзімі, сонымен бірге оны ұйымдастырудың алғышарттары белгіленді. Бұл келісім жөнінде Кремльдің берген түсінігі бойынша, ол тек қана «тараптар бірқатар ұстанымдар бойынша келісімге келе алған жағдайда ғана» өтеді.

Ресми Минск «нормандтық төрттік» мемлекеттері басшыларының кездесуі үшін барлық жағдайды жасауға толық дайын екендіктерін айтты.

2015 жылы 9 ақпанда Ресей президенті В.Путин Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевпен телефон арқылы сөйлесті. Менің ойымша, әңгіме барысында ресейлік президент мемлекет басшысына «нормандтық төрттік» елдері көшбасшыларымен болған соңғы телефон арқылы келіссөздердің қорытындысы жөнінде хабардар етті. Бұл әңгіменің нақты егжей-тегжейі маған белгісіз.

2015 жылы 10 ақпанда Минскіде Украинадағы ахуалды реттеу жөніндегі Үшжақты байланыс тобының кездесуі болып өтті. Келіссөздерде Украина жағынан бұрынғы президент Л.Кучма, Ресей жағынан – Ресей Федерациясының Украинадағы елшісі М.Зурабов, ЕҚЫҰ тарапынан – Х.Тальявини, халық жасақшылары тарапынан – Д.Пушилин (ДХР) және В.Дейнего (ЛХР) қатысты. Сонымен бірге, байланыс

тобының келіссөздеріне Украина тарапынан гуманитарлық мәселелер бойынша арнайы өкіл, «Украинский выбор» қоғамдық ұйымының жетекшісі В.Медведчук қатысты. Тараптар оқ атуды тоқтату режиміне және ауыр қару-жарақтарды шығару кестесіне бақылау жасауға келісті. Сонымен бірге, кездесуде Донбасстың дәрежесі және жергілікті сайлау өткізу мәселесі талқыланды.

Үшжақты байланыс тобы террорға қарсы күрес операциясы аймағында оқ атуды тоқтату жөніндегі халық жасақшыларының ұсыныстарын (ДХР өкілі Д.Пушилиннің және ЛХР өкілі В.Дейнегоның бірлескен мәлімдемесі) зерттеу үшін уақытша үзіліс алды. «ДХР және ЛХР-дің өкілетті өкілдері Минскіде өткен отырыста оқ атуды тоқтату және өңірде бейбітшілікке қол жеткізу жөніндегі өздерінің ұсыныстарын байланыс тобының өкілдеріне берді. Бұл ұсыныстар Донбасстағы жанжалды әскери және саяси реттеу жөніндегі өзара байланыстағы кешенді шараларды қамтиды. Украина және ЕҚЫҰ өкілдері ДХР және ЛХР өкілдерінің ұсыныстарын қабылдады және оларды жан-жақты зерттеу және оған жауап беру үшін ұсыныстар дайындау мақсатында үзіліс алды», – делінген отырыс қорытындысы бойынша таратылған хабарда.

2015 жылғы 11 ақпанда Байланыс тобы Минск уағдаластығының тармақтарын жүзеге асырудың жолдарын талқылауды ұсынды. Тараптар оларды іс жүзінде қолдану мәселелерін, яғни егер оқ атуды

тоқтатқан жағдайда қашан және қай күні тоқтату керек, егер басқа шептерге шегіну және ауыр техниканы шығару жағдайында қашан, қайда және қандай әскери құралдарды шығару керек деген мәселелерді талқылады.

11 ақпан күні кешке қарай «нормандтық төрттік» елдерінің көшбасшылары жоғары деңгейдегі кездесулерді өткізу үшін Минскіге келе бастады.

Атап айтатын бір мәселе, 11 ақпанда РФ президенті Минскіге ұшып шыққанға дейін америкалық тараптың бастамасы бойынша В.Путин АҚШ Президенті Б.Обамамен телефон арқылы сөйлесті. Өңіме барысында Украинадағы ахуал және бұл елдегі өткір дағдарысты бейбіт реттеуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер басты назарда болды. «Владимир Путин соңғы ресейлік ұсыныстарға басымдық бере отырып, Украинаның оңтүстік-шығысындағы ахуалға жан-жақты баға берді», – делінген Kremlin.ru сайтындағы хабарда. Украинадағы ахуал бойынша ұстанымдары мен көзқарастарын жақындастыру мақсатында Владимир Путин мен Барак Обама әртүрлі дәрежедегі байланыстарды қолдауға келісті. Бұл телефон қоңырауы украиндық дағдарысты жедел реттеуге Ресейді, Еуропаны және АҚШ-ты қоса алғанда, бүкіләлемдік қоғамдастық мүдделі екендігін көрсетті.

Минскіде 11 ақпан күні кешке Ресей Президенті В.Путин, Германия Канцлері А.Меркель, Франция Президенті Ф.Олланд және Украина Президенті П.Порошенко «нормандтық пішім» бойынша жұмысты бастады.

Келіссөздер 16 сағатқа жуық уақытқа созылды. РФ, ГФР, Франция және Украина көшбасшылары қалыптасқан украиндық ахуалды реттеу жөнінде түні бойы кеңесті. Соңғы сағаттарда оларға ЕҚЫҰ төрағасының Байланыс тобындағы арнайы өкілі Х.Тальявини қосылды. Кездесу келесі күні – 12 ақпанда таңертең аяқталды.

«Нормандтық төрттікке» қатысушылардың барлығы келіссөз жүргізілген бөлмеден шықты. БАҚ-тардың хабарлауынша, ең алдымен Украина Президенті П.Порошенко, содан кейін Ресей Президенті В.Путин шықты. Келіссөз бөлмесінен соңында Франция Президенті Ф.Олланд және ГФР Канцлері А.Меркель шыққан. Украина, Ресей, Франция және Германия көшбасшыларының кездесуінде жасалған құжат Байланыс тобына қарауға және виза қоюға берілді.

Украина бойынша Байланыс тобының отырысы мемлекеттер басшыларының жұмысымен қатар жүрді. Оның жұмысына Украинаның бұрынғы президенті Л.Кучма, Ресейдің Украинадағы елшісі М.Зурабов, ЕҚЫҰ өкілі Х.Тальявини, өзін өзі жариялаған республикалардың өкілдері қатысты. Басында олардың қатарында келіссөз жүргізушілер Д.Пушилин және В.Дейнего болса, кейіннен оларға ДХР және ЛХР жетекшілері – А.Захарченко және И.Плотницкий, сонымен бірге, Ресей президентінің көмекшісі В.Сурков қосылды. Сөйтіп, П.Порошенконың танылмаған ДХР және ЛХР-лардың өкілдерімен тікелей келіссөздері өткізілген жоқ.

Ресей, Украина, Франция және Германия көш-басшылары келіссөздерінің қорытындысы бойынша Украинадағы ахуалды реттеу жөніндегі Байланыс тобы қабылдаған, Минск келісімін орындау жөніндегі кешенді шараларды қолдау туралы декларация қабылдады (Минскідегі келіссөздердің қорытынды құжаттары толық мәтінінде қосымшада беріліп отыр).

Осы уағдаластықты ескере отырып Украина Президенті П.Порошенко 2015 жылғы 15 ақпанда сағат 00:00-де Донецк және Луганск облыстарымен жалғасатын барлық бағытта оқ аруды тоқтату туралы жариялады.

Сонымен бірге, 2015 жылғы 14 ақпанда танылмаған ДХР басшысы А.Захарченко оқ аруды тоқтату туралы жарлыққа қол қойды. Құжатқа сәйкес, Минск келісімдерін орындау мақсатында 15 ақпан күні ДХР уақыты бойынша 1:00-де (Киев уақыты бойынша түн ортасынан бастап) оқ аруды тоқтату режимі енгізілді. Жарлықта кез келген арандату шараларына тосқауыл қойылатындығы атап көрсетілген. ДХР қорғаныс министріне «бірлескен орталықтың бақылаушылар тобымен және ЕҚЫҰ миссиясы бақылаушыларының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, оқ аруды тоқтату режимінің орындалуына бақылау жасауды ұйымдастыру» тапсырылды.

Танылмаған ЛХР үкіметі уақытша бітім жасауды сақтау туралы мынандай бұйрық шығарды: «Бүкіл майдан бағыты бойынша ұрыс қимылдары Киев

уақыты бойынша 00:00 және Луганск уақыты бойынша 1:00-де (15 ақпан) тоқтатылсын».

Жалпы алғанда, оқ аруды тоқтату режимі орындала бастады. Оны жариялағаннан кейін Дебальцевода, Донецкіде, Луганскіде және Райгородокта (ЕҚЫҰ-ның арнайы мониторингтік миссиясы) атқылау оқиғалары тіркелді. Дебальцеводағы жағдай украиндық әскерлер ол жерді тастап шыққанша күрделі күйінде қалды.

Сонымен бірге, оқырман РФ Президенті В.Путиннің келіссөздер аяқталғаннан кейін, 2015 жылғы 12 ақпанда таңертең баспасөз үшін жасаған мәлімдемесімен де таныса алады.

«Қайырлы таң!

Бұл менің өмірімдегі ең бір жақсы түн болған жоқ, алайда атқан таң, менің ойымша, қайырлы, өйткені, келіссөз үдерісінің барлық қиындықтарына қарамастан біз ең басты мәселеде келісімге келуге қол жеткіздік.

Айтпақшы, келісімдер неге осынша ұзаққа созылды. Менің ойымша, өкінішке орай, бұл Киев билігінің әлі күнге дейін Донецк және Луганск халық республикаларының өкілдерімен тікелей байланысқа шығудан бас тартуына байланысты болып отыр. Олардың танылмағандығына қарамастан нақты өмірдегі жағдаймен санасу керек, егер жұрттың бәрі ұзақ мерзімдік негізде қарым-қатынас қалыптастыруға келіскілері келетін болса, онда тікелей байланысқа шығу керек.

Біз қалыптасқан жағдайға байланысты жұмыс істедік, менің ойымша, көп мәселе бойынша келісімге келдік. Бірінші, 15 ақпанда 00:00 сағаттан бастап оқ ауды тоқтату туралы келістік. Екінші ұстаным, менің ойымша, ең маңыздысы – украиндық әскерлер үшін бүгінгі түйісу сызығынан және Донбасс халық жасағы үшін Минск келісімінде көрсетілген өткен жылғы 19 қыркүйекте белгіленген сызықтан ауыр қару-жарақты алып шығу.

Одан әрі, ұзақ мерзімге арналған саяси реттеуге байланысты кешенді мәселелер. Бұл жерде бірнеше ұстаным бар. Олардың ішінде біріншісі – Донбасс өңірінде өмір сүретін барлық адамдардың заңды құқықтары ескерілген конституциялық реформа.

Одан әрі Донбасс халық жасағымен келісім бойынша шекара мәселесін, гуманитарлық мәселелерді, имплементация, яғни Донецк және Луганск өңірлеріне айрықша дәреже беру жөніндегі бұрын қабылданған заңды іске қосуды шешуге байланысты мәселелер келеді.

Ең соңында, экономикалық және гуманитарлық сипаттағы тұтас кешенді мәселелер.

Бұл ретте, барлық тараптар ең таяу уақытта оқ ату толық тоқтағанға дейін ұстамдылық танытуы керек. Бұл жерде проблема мынадан туындап отыр, Донецк және Луганск халық республикаларының өкілдері Киев билігінің басқыншылық іс-қимылдарына жауап ретінде әскердің, Киев күш қолдану құрылымдарының шабуылдарын тоқтатып қана қоймай, қарсы

шабуылға шығып, 6-дан 8 мыңға дейін адамы бар үлкен әскери топты қоршауға алған дегенді айтады. Әрине, олар бұл әскери топтар қаруларын тастайды және қарсылық көрсетуді тоқтатады деп санайды.

Біз қандай болған жағдайда да екі тарапты да ұстамдылық танытуға шақырамыз және қажетсіз қантөгіс пен құрбандықтарды болдырмау үшін әскерлерді әкету, ең бастысы, ауыр техникаларды әкету ешкімге де қажетсіз қантөгісті болдырмай өтуін қалаймыз.

Украина басшылығының өкілдері қоршау жоқ деп санайды, соған байланысты олар барлығы барынша тыныш өтеді деп есептейді. Менің әуелде күдігім болды, сол күдігімді сіздермен бөлісуге дайынмын. Егер іс жүзінде осындай қоршауға алу болатын болса, онда қалыпты ой қисыны бойынша қоршаудағылар оны бұзып шығуға ұмтылады, ал қоршаудың сыртында тұрғандар өздерінің қоршаудағы әскери қызметкерлерін шығару үшін дәліз ұйымдастыруға талпыныс жасайды.

Алайда біз Президент Порошенкомен біздің әскери сарапшыларымызға – мен өз тарапымнан оны жасауға дайынмын – іс жүзінде нақты не болып жатқанын анықтауға тапсырма беру жөнінде келістік, тағы да қайталап айтамын, қабылданған шешімдердің дәлдігін анықтау бойынша, екі тараптан да олардың орындалуын бақылау үшін қандай да бір кешенді шаралар белгілеуді, тым болмаса белгілеуге талпыныс жасауды тапсыру керек деп келістік.

Жанжалдасушы екі жақты да мүмкіндігінше тез арада қантөгісті тоқтатуға және ұзақ мерзімдік реттеудің нақты саяси үдерісіне көшуге тағы да шақырғым келеді.

Назарларыңыз үшін алғыс айтамын».

Украина президенті П.Порошенко мәлімдегендей, Үшжақты байланыс тобы 2015 жылғы 15 ақпаннан бастап оқ ауды тоқтатуға келісті. Оның айтуынша, украиндық шекарашылар 2015 жылдың аяғына дейін мемлекеттік шекарада бақылау жасауды жалғастыруы тиіс.

Франция Президенті Франсуа Олланд Минскіде өткен «нормандтық төрттік» келіссөз кезінде тараптар оқ ауды тоқтату туралы «аса ауқымды» келісімге келді, деп мәлімдеді. Ол сонымен бірге Владимир Путинге танылмаған ДХР және ЛХР көшбасшыларына жасаған ықпалы үшін алғыс білдірді. «Мен Президент Путинге оларға жасаған қажетті ауқымдағы қысымы үшін алғыс айтамын», деді Ф.Олланд, ол сонымен бірге Украинадағы дағдарысты «реттеуге талпынысы» үшін украиндық әріптесі Петр Порошенконың күш-жігер жұмсағанын атап өтті.

Француз көшбасшысы 2015 жылы 12 ақпанда түстен кейін ГФР канцлері Ангела Меркельмен негізгі тақырыбы Украинадағы ахуал болып табылатын ЕО саммитіне қатысу үшін Брюссельге баратындарын еске салды. «Біз ЕО Минскідегі келісімде қол жеткен жетістіктерді қолдауы үшін қолдан келгеннің бәрін

жасаймыз», – деп сендірді Ф.Олланд. Келіссөздердің қорытындысын шығара келіп, «бұл Еуропа үшін үлкен жеңілдік» деп атап көрсетті Франция Президенті. Сонымен бірге қол жеткен келісімдерді іс жүзіне асыру үшін әлі үлкен жұмыстар атқару керектігін де байыппен еске салды. Ол сонымен бірге Франция және Германия уағдаластықтың орындалуына қарап отыратынын да айтып өтті.

Германия Канцлері А.Меркель Украина жөнінде Минскіде аяқталған келіссөздердің қорытындысына оң баға берді. «Енді үміт ұшқыны пайда болды», деп канцлерден дәйексөз келтіреді неміс БАҚ-тары. Оның айтуынша тараптарға «әлі де көп жұмыс істеуге тура келеді, алайда енді істі оңға бастыруға нақты мүмкіндік бар».

Минскіде аяқталған кездесулерде барлық тараптар оң жетістікке қол жеткізуге ұмтылды, келіссөздер «барынша күрделі» болды, оның қорытындысы «серпіліске» жеткізген жоқ, алайда ол «алға басқан қадам» болып табылады. ГФР СІМ басшысы Франк-Вальтер Штайнмайер нақ осындай көзқарасты ұстанады. «Бүгінгі уағдаластық бәрін қамтитын шешім немесе серпіліс емес». Алайда «Минск-2» апталар бойы жалғасқан зорлық-зомбылық аясында алға басқан қадам болып қарастырыла алар еді, бізді саяси шешімдер қабылдау жолында осы бір зорлық-зомбылық шиыршығынан алып кете алар еді», – деп келтіріледі оның сөздері ведомство хабарларында.

«Біз алғаш рет Минск келісімдерін – сайлау бойынша, шекараға бақылау қоюды қамтамасыз ету бойынша, тұтқындарымен алмасу бойынша кейбір тармақтарды іске асыру үшін уақытша шектерді белгіледік», – деп атап көрсетті Ф-В.Штайнмайер. «Кейбіреулерге бұл жеткіліксіз болар. Оның ішінде біз де үлкен мәселелерді күткен едік. Алайда бүгін түнде Украина және Ресей президенттері нақ осы мәселелер бойынша уағдаласа алды. Екі жақ та келіссөздерді байыпты да ізгі ниетпен жүргізді деп біз үміттенеміз. Біз олардың оқ атуды тоқтату режімі күшіне енгенге дейінгі қазіргі солқылдақ кезең бүгінгі уағдаластықтарды жүзеге асыруға кесірін тигізетін ерекше бір оқиғаларсыз өткізуге қолдан келгеннің бәрін жасайды деп күтеміз», – деп атап көрсетілген хабарламада.

Беларусь Президенті А.Лукашенко минскілік келіссөздердің нәтижесіне «толық қанағаттанатындығын» атап көрсетті және қазіргі кездегі ең басты мәселе Минск уағдаластықтарында қол жеткізген жетістіктерді іс жүзіне асыру болып табылатынын қадап айтты.

Сол күні, 12 ақпанда А.Лукашенко бұл кездесудің ұйытқысы нақ Қазақстан болғандығына құрметтің белгісі ретінде, біздің еліміздің Президентіне телефон шалып, оған «нормандтық пішімде» Минскіде өткен келіссөздердің қорытындысы жөнінде хабарлады. Н.Ә.Назарбаев хабар бергені үшін алғысын айтып, оны кездесуді тамаша өткізуді

ұйымдастырғанымен, сонымен бірге, келіссөздердің ойдағыдай аяқталуымен құттықтады.

Алайда тағы бір есте қаларлық мәселе, келесі күні – 13 ақпанда ГФР Канцлері А.Меркельдің қоңырау шалуы болып табылады. Әңгіме барысында Н.Ә.Назарбаев және А.Меркель Минскіде «нормандтық пішімде» өткен Ресей, Украина, Франция президенттерін және Германия Канцлері келіссөздерінің қорытындысы да тілге тиек етілді. Мемлекет басшысы Минскідегі кездесулердің ойдағыдай өтуіне Федералдық канцлердің қосқан қомақты үлесін атап көрсетті.

Өз кезегінде, А.Меркель украиндық дағдарысты тек қана бейбіт жолмен шешуге белсенді күш салып, оның ішінде «нормандтық төрттік» елдері көшбасшыларының кездесулерін өткізуге бастамашы болғаны үшін Н.Ә.Назарбаевқа тағы да алғысын білдірді.

Ақорданың ресми сайтында атап айтылғанындай, ГФР Канцлері Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалды бейбіт жолмен реттеу үдерісін алға жылжыту жөніндегі Қазақстан Президентінің күш-жігерінің маңыздылығын атап көрсетті және «нормандтық төрттіктің» келесі кездесуін Астанада өткізу мүмкіндігін ескере келіп, бұл маңызды жұмысты одан әрі жалғастыруды сұрады.

Сонымен бірге, бұл әңгіменің барлық бүгешігесі жұртшылыққа мәлім емес. Менің ойымша, А.Меркельдің әңгіменің басында-ақ жақын сенімді

қарым-қатынасты ескере келіп, «нормандтық пішімдегі» Саммитті неліктен Астанада емес Минскіде өткізу жөнінде шешім қабылданғандығына түсінік бергендігін білу оқырмандар үшін қызықты болуға тиіс.

Біріншіден, «нормандтық төрттік үшін» Байланыс тобының жақын жерде болуы және олардың бақылауы мен оқ атуды тоқтату жөнінде нақты нәтижелерге қол жеткізуі өте маңызды еді. Байланыс тобының қатысушыларын Астанаға жеткізіп тұру қиындыққа түсетін еді. Оның үстіне уақыт найқалуды күтпеді, жағдай шұғыл шешім қабылдауды қажет етті. Қазір белгілі болып отырғанындай, екі іс-шара да іс жүзінде бір кезеңде өтті.

Екіншіден, Минскідегі келіссөздерден кейін А.Меркель және Ф.Олланд бірден Брюссельге ұшып кетті. Оларды ЕО Кеңесі отырысы шеңберінде Еуроодаққа мүше елдер басшылары жиналып күтіп отырған еді. Уақыт жетімсіздігі «нормандтық төрттік» елдері көшбасшыларының жұмыс кестесін шектеді және бұл мәселеде Астанаға дейінгі ұзақ ұшу уақыты кедергі келтіретін еді.

ГФР Канцлерінің осылай ғафу өтінгендігіне жауап ретінде Мемлекет басшысы Берлинде өткен кездесу кезінде келіссөздерді өткізетін жердің маңызды емес екендігін айтқандығын еске салды. Ең бастысы – нәтиже.

Сонымен бірге А.Меркель Н.Ә.Назарбаевтан егер мүмкін болса, П.Порошенкомен және В.Путинмен

сөйлесіп, олардың назарын оқ аtudы тоқтату режімінің белгіленген уақытта іске асырылуы қажеттігіне аударуды сұрады.

Әңгіме қорытындысында Н.Ә.Назарбаев өткен аптада оның орасан зор жұмыс тындырғандығын атап көрсете келіп, тағы да А.Меркельді шын жүректен құттықтады.

2015 жылғы 14 ақпанда Мемлекет басшысына Ресей Президенті В.Путин және Украина Президенті П.Порошенко қоңырау шалды.

Бірінші болып Н.Ә.Назарбаевқа ресейлік президент қоңырау шалды. Екі мемлекеттің көшбасшылары украиндық дағдарысты реттеуге бағытталған минскілік кездесулердің қорытындысын талқылады.

Қазақстан Президенті нақ «нормандтық төрттіктің» жоғары деңгейдегі кездесулері, әсіресе кездесулердегі Владимир Путиннің белсенді ұстанымы Минскіде келісімге жетуге жағдай жасағандығын атап көрсетті.

Мемлекеттер басшылары жанжалға қатысушы екі жақтың да белгіленген уақытта (2015 жылғы 15 ақпанда 00.00 сағатта) оқ аtudы тоқтату туралы уағдаластықты орындауының ерекше маңыздылығын атап өтті.

Қазақстан және Ресей президенттері бейбітшілік үдерісін қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігер Украинадағы жанжалды шешуге мүмкіндік беретініне үміт білдірді.

Н.Назарбаев пен П.Порошенко арасындағы телефон арқылы әңгіме барысында да мемлекеттер

басшылары украиндық дағдарысты шешуге бағытталған минскілік кездесулердің қорытындыларын талқылады.

Украина Президенті Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалды бейбіт жолмен реттеу үдерісін жылжыту мәселесіне жеке қатысқандығы және қомақты үлесі үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғысын білдірді.

П.Порошенко украиндық тараптың оқ атуды белгіленген мерзімде тоқтататындығына сендіріп, қарсы тараптың тура осындай қадамға баруы қажеттігіне көңіл аударды.

Қазақстан Президенті жанжалдасушы барлық тараптардың минскілік келісімде қабылданған кешенді шараларды мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етулерінің маңыздылығын атап көрсетті. Мұны бүкіл әлем күтіп отыр.

2015 жылғы 25 ақпанда Мемлекет басшысына енді Франция Президенті Ф.Олланд телефон шалды. Өңгіме барысында Қазақстан және Франция басшылары 2015 жылғы 12 ақпандағы Минск келісімдерін жүзеге асыру жөніндегі кешенді шараларды орындау аясындағы Украинаның оңтүстік-шығысындағы ахуалдарға байланысты пікір алмасты.

Сондай-ақ, Ф.Олланд мүмкіндікті пайдалана отырып, Н.Назарбаевқа 2015 жылы ақпанда Минскідегі нәтижелі келіссөздер үдерісіне бастап берген белсенді араағайындық күш-жігері үшін алғыс

сезімін білдірді. Екі елдің президенттері минскілік келісімдердің қазірдің өзінде қантөгісті тоқтатуды қамтамасыз етіп отырғанын атап көрсетті. Жанжал аймағынан ауыр техникалардың шығарылуының маңыздылығы атап өтілді.

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей және Еуропалық одақ арасындағы санкцияларды біртіндеп алып тастау үшін қажетті шарттарға ден қойды. Ф.Олланд Мариуполь төңірегіндегі жанжалды тоқтатып, ауыр техниканы шегіндіріп, шиеленісті азайтқан жағдайда санкцияларды жеңілдету жөнінде әңгіме қозғауға болатындығын атап өтті.

Екі ел көшбасшылары Украина дағдарысын реттеу жөнінде халықаралық серіктестерімен өзара іс-қимылды жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді.

Телефон арқылы әңгімелер туралы бұл хабарламалардан белгілі болғанындай, Қазақстан Президенті «нормандтық төрттіктің» кездесулері болып өткендігімен ғана қанағаттанып қалған жоқ. Мемлекет басшысы «нормандтық төрттік» елдеріндегі өзінің әріптестерімен жұмысты жалғастыра отырып, олардың Минск келісімін одан әрі бұлжытпай жүзеге асыруына қозғау салды.

Бұл Нұрсұлтан Әбішұлының кез келген жұмысты дәйектілікпен және тыңғылықты атқаратындығына тағы да дәлел болады. «Нормандтық төрттік» елдері көшбасшылары біздің Мемлекет басшысына минскілік кездесулерді ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіріп жатқан кезде, ол

оларды мемлекетаралық қатынастардағы шиеленісті азайтуға шақыруды жалғастырумен болды. Мемлекет басшысының осы көңіл-күйінің әлемдік қауымдастық елдерінің басқа да көшбасшыларына берілуі үміттендіреді. «Нормандтық төрттіктің» жетекшілері минскілік келісімдерді бұлжытпай жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін телефон арқылы байланыстарын белсенді жалғастырғандығын атап өтуге болады.

Нәтижесінде жанжал аймағында жалпы алғанда бітім орнады. Тайталасушы тараптар 2015 жылғы 12 ақпандағы минскілік келісімде белгіленген ажырату сызығынан ауыр қару-жарақты шығара бастады. Әлі күнге дейін күн сайын біресе украиндық күштер тарапынан, біресе халық жасақшылары тарапынан оқ ату оқиғаларының орын алғандығы туралы хабарламалардың түсіп жатқандығына қарамастан келіссөздер үдерісі жалғасуда.

Оңтүстік-шығыс Украинадағы жанжал – украин халқының үлкен трагедиясы. Бұл дағдарыс адам өмірінің құны жойылған шектен асып кетеді деп ешкім ойлаған жоқ. БҰҰ деректері бойынша, жанжал аймағында 6 мыңнан астам қаза тапты, ондаған мың адам жараланды, 1,5 миллионнан астам бейбіт тұрғындар босқынға айналды.

Қазақстан да Украинада болып жатқан оқиғаларға қатты алаңдайды. Мемлекет басшысының жеке өзі үшін де Украина тіпті де бөтен ел емес. Біз Н.Ә.Назарбаевтың жастық шағы Украинада өткен-

дігін және ол жақта оның достары мен таныстары қалғандығын жақсы білеміз.

Қазақстан Президенті Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалды бейбіт жолмен шешуден басқа балама жоқ екендігін бірнеше рет мәлімдеді. Біздің еліміз украиналық дағдарысты тек қана бейбіт жолмен шешу жөніндегі ортақ жұмысқа белсенді түрде қатысуды жалғастыратын болады. 2015 жылғы 12 ақпандағы минскілік уағдаластықты жүзеге асыруды тоқтатуға болмайды. Бұл дағдарыстың бейбіт жолмен шешілуі барлығына да жеңілдік әкеледі. «Кез келген соғыс ерте ме, кеш пе бейбітшілікпен аяқталады». Мұны Украинаның оңтүстік-шығысындағы мағынасыз қантөгісті тоқтатуға мүмкіндігі бардың бәрі білуі тиіс. Жанжалға тартылған барлық тараптарға өз халқының алдында, болашақ ұрпақтың алдында жоғары жауапкершілік жүктеледі.

ТҮЙІН

Бүгінде украиндық дағдарыстың шешіміне қажетті кілтті неліктен нақ Астанадан іздейді? Неліктен халықаралық күн тәртібіндегі ең күрделі проблемаларды шешу үшін нақ Нұрсұлтан Әбішұлына жүгінеді?

Өйткені, Қазақстан Президенті саяси салиқалы тұлға және әлемдік ауқымдағы беделді саясаткер ретінде көптен танымал. Ол Шығыспен де, Батыспен де бірдей еркін сөйлесе алады, оның бітімгер және «адал саяси менеджер» ретіндегі танылған беделі ешқандай күдік келтірмейді. Оның байсалды үніне әлемдік саясатшылар әрқашан мұқият құлақ түреді. Оны бағалайды. Оған сенеді.

Бұл – көп жылғы еңбектің, Қазақстан Республикасының теңдестірілген көпвекторлы сыртқы саясатына сәйкес барлық шетелдік әріптестерімен жүргізілген дәйекті де сарабал жұмыстың жемісі.

Біздің еліміз тәуелсіздік алған алғашқы күннен Мемлекет басшысы шетелдік әріптестерімен қарым-қатынас қалыптастыруда нақ осы бағытты айқындады, міне, 25 жылдан бері ол осы бағыттан айнымай келеді.

Сенімді еуразияшыл Нұрсұлтан Назарбаев өзінің елін шынайы сүйеді, оның бойына Алатау шыңдарының және дарқан даланың мәдениеті мен дәстүрі берік сіңген, ол Қазақстан халқының мыңдаған жылдық тарихын терең зерделейді. Қонақжайлылық, ашықтық, ақжүректік, жан жомарттығы сияқты біздің халқымызға тән асыл қасиеттер біздің Президенттің бір бойында тоғысып қана қоймай, сонымен бірге, оған Қазақстанның мүдделерін әлемдік аренада тиімді ілгерілетуге көмектеседі.

Әлем өзгеруде. Жаһандық қайта құрудың, бүкіл жаһандық қауіпсіздік жүйесін қайта кесіп-пішудің нышандары айқын танылуда. Мемлекетаралық қатынастарда сенімсіздік дағдарысы белең алуда, ол барлық мемлекеттердің ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне қарсы тұру мүмкіндігін әлсіретіп қана қоймайды, сонымен бірге, нақты жаһандық әскери жанжал қаупін тудырады.

Барынша тұрақты әлемдік тәртіпті қамтамасыз ету үшін ең алдымен сенімді қалпына келтіру керек. Мемлекеттердің, оның ішінде әлемдік державалардың халықаралық шарттар мен келісімдер бойынша өз міндеттемелерін орындауы өте маңызды. Тек осылай еткенде ғана халықаралық құқықтың

арқаулық қағидаттарын қайтадан нығайтуға және оларды бұлжытпай орындауды қамтамасыз етуге болады. Оның үстіне бұл қағидаларды бұзу, әскери саяси және экономикалық әлеуетіне қарамастан кез келген елдің қауіпсіздігін нығайтуға еш септеспейді. Сонымен қатар, бүгінгі замандағы әлемдік тәртіп ережелері тек тұрақтылықты қамтамасыз етіп қана қоймайды, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіндегі түйінді проблемаларды ұжымдық реттеуге мүмкіндік туғызады.

Қазақстан Президенті әлемде болып жатқан үдерістердің аса маңыздылығын жете түсіне отырып, халықаралық қатынастардың субъектілері арасында ашық үн қатысуды және өзара түсіністікті нығайту, жаһандық және өңірлік қауіпсіздік үшін берік негіз қалау жолында қайтпас қажырмен жұмыс істейді. Оның Украинада бітім жасауға қосқан үлесі бейбітшілік жолындағы сан қырлы қызметінің тағы бір сәтті қадамы болды.

Болашаққа айқын міндеттерді дұрыс белгілеу жолында Н.Ә.Назарбаевқа бүгінгі заманның үрдістерін дәйім ескеру тән. Ол әрқашан өзгерістерге ден қояды, болашақтың бағытын айқын бағдарлайды, сөйтіп, Қазақстан халқын жаңа жетістіктер мен табыстарға бастайтын, біздің еліміздің әл-ауқатын жақсартатын шараларды жүзеге асырады. Мемлекет басшысының халықаралық аренадағы белсенді қызметі көп ретте нақ осы жағдайлармен өлшенеді, егер Қазақстанның шекарасының сыртын-

да тұрақтылық болмаса, онда елдің ішінде де тұрақтылық болуы екіталай.

Қазір біздің Президентіміз қандай ойда? Ол қандай бастамаларды алға тартады? Оның әлемдік қоғамдастықты дамытудағы стратегиялық көзқарастары қандай?

Біріншіден, бұл теңдік, өзара мүдделерді ескеру, халықаралық құқықтардың үстемдігі және БҰҰ-ның орталық рөлі қағидаттарын мүлтіксіз орындау. Қазақстан әрқашан осыларды ұстанып келеді және алдағы уақытта да басшылыққа алатын болады.

Екіншіден, ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілету. Бұл бағытта Қазақстан Президенті сөзсіз көшбасшы болып табылады. Бүгінде ол ядролық қаруды жалпыға бірдей көлденеңінен де, тігінен де таратпау туралы жаңа Әмбебап келісімшарт жасау туралы бастаманы, сонымен қатар барлық елдердің ядролық қарусыз әлемге жету идеясы жолындағы шешуші қадамдары айқындалған Жалпыға бірдей ядролық қарусыз әлем туралы декларацияны жасау жөніндегі бастаманы белсенді жүргізіп келеді. Ол атап айтқандай: «Бұл жеңіл мәселе емес, алайда егер біз өркениетті құтқарғымыз келсе, бәрібір осы бағытпен жүруіміз керек».

Үшіншіден, өркениетаралық және дінаралық үнқатысуды дамыту. Қазақстанның бастамасымен өмірге келген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі танылған әлемдік үнқатысу алаңына айналды. 2015 жылғы маусымда Астанада өткен V съезд – соның дәлелі.

Төртіншіден, Мемлекет басшысы бірнеше рет атап көрсеткендей, тығыз экономикалық ынтымақтастық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең тиімді жолы болып табылады. Бұл Батыс пен Ресей арасындағы өзара экономикалық санкция жасаудан айқын көрінеді, олар елдер мен халықтардың тұрмыс жағдайын, сонымен бірге әлемдік экономикадағы онсыз да күрделі ахуалды одан сайын нашарлатуда. Бұл орайда «Атлантикадан Тынық мұхитқа дейін жалпы экономикалық кеңістік құру идеясына негізделген» «нормандтық төрттік» мемлекеттері басшыларының 2015 жылғы 12 ақпанда Минскіде қабылдаған декларациясының маңызы арта түседі.

Біздің Мемлекетіміздің басшысы халықаралық қауіпсіздік жүйесін нығайтудың ең маңызды элементі ретінде 2010 жылғы ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясын қарастырады. Онда Еуроатлантикалық және Еуразиялық қоғамдастықтың жанжалдар мен әсер етудің бөлшектеу сызығына, қақтығыстар мен ықпалдар аймағына бөлінбейтін ортақ және біртұтас қауіпсіздігін қалыптастыру жөнінде айтылады. Бүгінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бұл қадамы ерекше қажет етіледі.

ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясы қағидаларын жүзеге асыру мақсатында 2015 жылғы ақпанда Қазақстанда тіркелген шет елдердің елшілерімен өткен кездесуде Н.Ә.Назарбаев тұжырымдық тұрғыда атымен жаңа шартты («жаңа Хельсинки актісін») жасауға шақырды. Мемлекет басшысының сенімі

бойынша бұл құжатта Жер шарында бейбітшілікті қамтамасыз ететін өзара түсіністік мүдделері негізінде жаңа қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру көзделуге тиіс. Осы тарихи міндетті шешу үшін барлық әлемдік көшбасшылардан біздің Президентімізге тән саяси ерік-жігер және жаһандық ауқымда ойлау, болашақты болжау қасиеттері қажет етіледі.

Біздің көріп отырғанымыздай, Н.Ә.Назарбаев бейбіт қатар өмір сүру және өзара сенім идеяларын табанды түрде біртіндеп алға жылжытып келеді.

Миссия жалғасуда.

Украинадағы саяси дағдарысты реттеу жөніндегі келісім

Украинадағы адам өліміне соқтырған қайғылы жағдайға алаңдай отырып, қантөгісті жедел тоқтатуға ұмтылып, дағдарысты реттеудің саяси жолын табуға батыл ниеттенген, Біз, төменде қол қоюшы тараптар, мына мәселелер бойынша келістік:

1. Осы келісімге қол қойылғаннан кейін 48 сағаттың ішінде бұл уақытқа дейін енгізілген өзгерістерімен қоса 2004 жылғы Украина Конституциясының күшін қалпына келтіру жөніндегі жаңа заң қабылданады, қол қойылады және жарияланады. Қол қоюшылар коалиция құру және 10 күн ішінде ұлттық бірлік үкіметін жасақтау ниеттерін жариялайды.

2. Президенттің, үкіметтің және парламенттің өкілеттіктерін теңестіретін конституциялық реформа шұғыл басталады және 2014 жылғы қыркүйекте аяқталады.

3. Президенттік сайлау Конституцияны қабылданғаннан кейін бірден, алайда 2014 жылдың желтоқсанынан кешіктірілмей өткізіледі. Жаңа сайлау заңнамасы қабылданады, сонымен бірге ЕҚЫҰ және Венеция комиссиясы ережелеріне сәйкес мөлшерлестік негізде Орталық сайлау комиссиясының жаңа құрамы белгіленеді.

4. Жақында орын алған зорлық-зомбылық акциялары биліктің, оппозицияның және Еуропалық Кеңестің ортақ мониторингімен тексеріледі.

5. Билік төтенше жағдай енгізбейді. Билік және оппозиция күш қолданудан бас тартады.

Украинаның Жоғарғы Радасы 2014 жылғы 17 ақпандағы заңға сәйкес құқық бұзушылықтарға қатысты жауапкершіліктен босататын үшінші заңды қабылдайды.

Екі тарап та әкімшілік және қоғамдық ғимараттарды, көшелерді, скверлерді және алаңдарды босату арқылы қалалардағы және селолардағы қалыпты тіршілікті қамтамасыз етуге елеулі күш-жігер жұмсайды.

Заңсыз қару-жарақ жоғарыда айтылған арнаулы заң (осы Келісімнің 1-т.) күшіне енгеннен кейін 24 сағаттың ішінде Украина Ішкі істер министрлігінің органдарына тапсырылуы керек.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін қаруларды заңсыз алып жүру және сақтау оқиғалары қолданыстағы Украина заңдарының күшіне кіреді. Оппозицияның және биліктің күштері тайталас аймақтарынан кетуі керек. Билік құқық қорғау күшін тек қана билік органдары мекемелерін қорғауға ғана пайдалануға тиіс.

6. Францияның, Германияның, Польшаның Сыртқы істер министрлері және Ресей Федерациясы Президентінің арнайы өкілі барлық түрдегі күш көрсетуді және қарсы тұруды жедел тоқтатуға шақырады.

Киев қ., 21 ақпан, 2014 жыл.

Билік тарапынан: Украина Президенті Виктор Янукович.

Оппозиция тарапынан: УДАР партиясының жетекшісі Виталий Кличко, «Батьківщина» Бүкіл-украиналық бірлестік жетекшісі Арсений Яценюк, «Свобода» Бүкілукраиналық бірлестік жетекшісі Олег Тягнибок.

Куәландырушылар:

Еуропалық Одақ тарапынан: Германия Федеративтік Республикасының Федералдық сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайер, Польша Республикасының Сыртқы істер министрі Радослав Сикорский және Француз Республикасы Сыртқы істер министрлігінің континенталдық Еуропа департаментінің жетекшісі Эрик Фурнье.

**Украина Президенті П.Порошенконың
Бейбіт жоспарын және Ресей Президенті
В.Путиннің бастамаларын имплементациялауға
бағытталған Үшжақты байланыс тобының
бірлескен қадамдарына қатысты
консультациялар қорытындысы бойынша
ХАТТАМА**

2014 жылғы 1 қыркүйекте Минскідегі кеңес беруге қатысушылар енгізген ұсыныстарды талқылау және қарастыру қорытындысы бойынша құрамына Украина, Ресей Федерациясы және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым өкілдері кіретін Үшжақты байланыс тобы мынандай қадамдарды жүзеге асыру қажет екендігі жөнінде ортақ түсінікке келді:

1. Екі жақты қару қолдануды шұғыл түрде тоқтату қамтамасыз етілсін.

2. Қару қолданбау режимін ЕҚЫҰ тарапынан мониторингтеу және анықтау қамтамасыз етілсін.

3. Билікті орталықсыздандыруды, оның ішінде «Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында жергілікті басқарудың уақытша ережесі туралы» (Айрықша мәртебе жөніндегі заң) Украина заңын қабылдау арқылы жүргізілсін.

4. Украина-Ресей мемлекеттік шекарасына тұрақты түрде мониторинг жүргізу және Украина

мен РФ-ның шекаралық аудандарында қауіпсіздік аймақтарын құру арқылы ЕҚЫҰ тарапынан анықтау қамтамасыз етілсін.

5. Барлық аманатқа алынған және заңсыз ұсталып отырған адамдар тоқтаусыз босатылсын.

6. Украинаның Донецк және Луганск облыстарының кейбір аудандарында орын алған оқиғаларға байланысты адамдарды қуғындауды және жазалауды болдырмау туралы заң қабылдансын.

7. Инклюзивті жалпыұлттық үнқатысу жалғастырылсын.

8. Донбасстағы гуманитарлық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралар қабылдансын.

9. «Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында жергілікті басқарудың уақытша ережесі туралы» (Айрықша мәртебе жөніндегі заң) Украина заңына сәйкес мерзімінен бұрын жергілікті сайлау өткізу қамтамасыз етілсін.

10. Заңсыз әскери құрамалар, әскери техникалар, сонымен бірге ұрыскерлер мен жалдамалылар Украина аумағынан шығарылсын.

11. Донбасстың экономикасын қайта жаңғырту және өңірдегі тіршілік тынысын қалпына келтіру бағдарламасы қабылдансын.

12. Консультацияға қатысушылардың жеке басының қауіпсіздігіне кепілдік берілсін.

Үшжақты байланыс тобына қатысушылар:

Елші Хайди Тальявини

Украинаның екінші президенті Л.Д.Кучма

РФ-ның Украинадағы елшісі М.Ю.Зурабов

А.В.Захарченко

И.В.Плотницкий

2014 жылғы 5 қыркүйек, Минск

**Украина Президенті П.Порошенконың
Бейбіт жоспарын және Ресей Президенті
В.Путиннің бастамаларын имплементациялауға
бағытталған Үшжақты байланыс тобының
бірлескен қадамдарына қатысты
консультацияның қорытындылары бойынша
Хаттамасының ережелерін орындау жөніндегі
МЕМОРАНДУМ**

Украина Президенті П.Порошенконың Бейбіт жоспарын және Ресей Президенті В.Путиннің бастамаларын имплементациялауға бағытталған Үшжақты байланыс тобының бірлескен қадамдарына қатысты консультацияның қорытындысы бойынша Хаттаманың 1-ші тармағын орындау мақсатында (Минск қ., Беларусь Республикасы, 2014 жылғы 5 қыркүйек), құрамына Украина, Ресей Федерациясы және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының өкілдері кіретін Үшжақты байланыс тобы және Донецк, Луганск облыстарының жекелеген аудандарының өкілдері қару қолдануды екі жақты тоқтату туралы келісімді бекітуге шақырған мынандай шаралар бойынша түсіністікке келді:

1. Қару қолдануды тоқтату ортақ деп есептелінеді.
2. Қалыптасқан түйісу сызығында тараптардың әскери құрамдары мен бөлімшелерін 2014 жылғы 19 қыркүйектегі жағдайға сәйкес тоқтату.
3. Қарулардың барлық түрін қолдануға және ша-

буыл қимылдарын жасауға тыйым салу.

4. Осы меморандум қабылданғаннан бастап бір тәулік ішінде – калибрі 100 мм-ден асатын ату қаруларын тараптар түйісу сызығынан кемінде 15 шақырым қашықтыққа, оның ішінде елді мекендерден әкету (төменде атап көрсетілгендерден басқа), бұл өз кезегінде ұзындығы кемінде 30 километрге созылатын қару қолданбайтын аймақты (қауіпсіздік аймағы) қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қарсылас жақтардың калибрі 100 мм-ден асатын артиллериялық қаруларын түйісу сызығынан атудың барынша қашық аймағына әкету, атап айтқанда:

– 100 мм МТ-12 зеңбірегі – 9 километр; 120 мм минаатқыштар – 8 км; 122 мм Д-30 гаубицалары (2С1 «Гвоздика») – 16 км; 152 мм 2С5 «Гиацинт-С» (2С3 «Акация», 2С19, «Мста-С, 2 А65 «Мста-Б») – 33 км, РСЗО 9К51 «Град» – 21 км, 9К57 «Ураган» – 36 км, 9К58 «Смерч» – 70 км, РСЗО «Торнадо-Г» – 40 км, РСЗО «Торнадо-У» – 70 км, РСЗО «Торнадо-С» – 120 км;

– тактикалық ракета кешендері – 120 километр.

5. Комсомольск, Кумачево, Новоозовск, Саханка елді мекендері кіретін аудандарда ауыр қару-жарақ түрлерін және техникаларды орналастыруға тыйым салынсын, оған ЕҚЫҰ мониторингі жүргізілсін.

6. Қауіпсіздік аймақтары шекараларында жаңа мина-жарғыш инженерлік қондырғыларын орнатуға тыйым салынсын.

Қауіпсіздік аймағында бұрын орнатылған мина-жарғыш қондырғыларды алу міндеттелсін.

7. Осы Меморандум қабылданғаннан бастап қару-жарақ қолдануға тыйым салынған енінің көлемі 30 километрден кем емес аймақта барлық түйісу сызығының ұзына бойына әскери авиацияның және шетелдік ұшқышсыз ұшу құралдарының (БПЛА) ұшуына, ЕҚЫҰ миссиясы мониторингтік (бақылауға) пайдаланатын БПЛА-дан басқаларына ұшуға тыйым салынсын.

8. Осы Меморандум қабылданғаннан кейін 1 тәулік ішінде Ұйымның бақылау тобы құрамына кіретін ЕҚЫҰ-ның мониторинг (байқау) миссиясы қару қолдануды тоқтату аймағына байқау жасасын. Жоғарыда айтылған аймақты секторларға бөлу тиімді, оның саны мен шекарасын ЕҚЫҰ-ның мониторинг (бақылау) миссиясының жұмысына дайындық барысында келісіп алу керек.

9. ЕҚЫҰ мониторингімен Украина аумағынан бүкіл шетелдік әскери құрамдарды, әскери техникаларды, сонымен бірге, ұрыскерлер мен жалдамалыларды шығару.

Үшжақты байланыс тобының қатысушылары:

Елші Хайди Тальявини

Украинаның екінші Президенті Л.Д.Кучма

РФ-ның Украинадағы елшісі М.Ю.Зурабов

А.В.Захарченко

И.В.Плотницкий

2014 жылғы

19 қыркүйек, Минск

Германия, Ресей, Украина және Франция сыртқы істер министрлерінің баспасөз үшін бірлескен мәлімдемесі, 2015 жылғы 12 қаңтар, Берлин

13/01/2015

Германия, Ресей, Украина және Францияның сыртқы істер министрлері Украинадағы ахуалды одан әрі бейбіт шешудің саяси жолдарын, сонымен бірге Астанада жоғары деңгейдегі кездесулерді өткізу мүмкіндігіне кешенді және жан-жақты талқылау жүргізді. Министрлер ағымдағы дағдарысты жедел және кеңейтілген түрде бейбіт реттеуге, оның ішінде тұрақты саяси үдерісті қалыптастыруға өздерінің толық жақтас екендіктерін қуаттады.

Министрлер жанжалды реттеу үдерісінің негізі барлық тараптар толық қалпында орындауға тиіс минскілік келісімдерде жатқандығын тағы да қуаттады. Олар тыныштық режимін толық сақтау қажеттігін тағы да атап көрсетті.

Министрлер Байланыс тобын жақын күндерде Минск уағдаластықтарын толық көлемінде орындауға, оның ішінде оқ атуды іс жүзінде тоқтату үшін қажетті жағдайды қалыптастыруға, гуманитарлық көмекті жеткізудің және тұтқындарды одан әрі босатудың жағдайы мен ресімі жөніндегі келісімді дайындауға шақырды.

Осы шаралардың барлығы Астанада жоғары деңгейдегі кездесуді ойдағыдай ұйымдастыру үшін негіз жасауға көмектеседі. Министрлер бұл мақсатқа қол жеткізу үшін одан әрі күш-жігер жұмсау қажеттігі жөнінде келісті.

5-ші қосымша
Ағылшын тілінен аударылған

Украина, Германия, Франция және Ресей сыртқы істер министрлерінің бірлескен мәлімдемесі

2015 жылғы, 21 қаңтар Берлин

Украина, Германия, Франция және Ресейдің сыртқы істер министрлері минскілік келісімдер негізінде шығыс Украинадағы дағдарысты ахуалды, саяси тұрақтылық үдерісті қоса алғанда, бейбіт реттеу жөнінде одан әрі атқарылатын іс-қимылдарын талқылауды жалғастырды.

Министрлер «тыныштық» режимін толық сақтау жөніндегі өздерінің үндеуі орындалмағандығына, оның орнына, керісінше, көптеген адамдардың, оның ішінде бейбіт тұрғындардың өліміне әкеп соқтырған Донбасстағы тайталас елеулі түрде шиеленісіп кеткендігіне ерекше алаңдаушылық білдіретіндіктерін атап көрсетеді. Мұны дереу тоқтату және «тыныштық» режимін қалпына келтіру керек. Олар барлық қатысушыларды осы айтылғандарға толық құрметтеуге шақырады.

Министрлер жанжалға тартылған барлық тараптарды ұрыс қимылдарын тоқтатуға және ауыр қару-жарақты 19 қыркүйектегі Минск меморандумының қосымшасында көрсетілген түйісу сызығынан (бөлу сызығынан) алып кетуге шақырады. Сонымен

бірге бұл үдеріс ЕҚЫҰ-ның арнаулы мониторингтік миссиясының қолдауымен және бақылауымен жүзеге асырылуға тиіс.

Министрлер Минск келісімін толық имплементациялау жөніндегі елеулі прогреске мемлекеттер көшбасшыларының «нормандтық пішімде» Астана қаласында жоспарланған кездесуі қарсаңында қол жеткізілуі қажеттігін тағы да атап көрсетті. Атап айтқанда, оқ атуды тоқтату режимін тиімді сақтау үшін, аманатқа алынғандарды босатуды жалғастыру және гуманитарлық көмекті жеткізу жөніндегі келісімдерге қол жеткізу үшін тиісті жағдай жасалуы қажет.

Министрлер Үшжақты байланыс тобын қолдауды тағы да қуаттап, минскілік келісімдерге қол қоюшылардың барлығын жақын күндерде оқ атуды тоқтату және 19 қыркүйектегі Минск келісімінде көрсетілген түйісу сызығынан ауыр қару-жарақты алып кетуді имплементациялау үшін кездесуге және минскілік келісімдерді толық имплементациялау үшін жағдай жасауға шақырады.

Сондай-ақ министрлер Үшжақты байланыс тобын минскілік келісімдердің тиісті қырларына сәйкес Жұмыс топтарын құруға шақырады.

**Ресей Федерациясы Президентінің, Украина
Президентінің, Француз Республикасы
Президентінің, Германия Федеративтік
Республикасы Канцлерінің 2015 жылғы
12 ақпанда қабылданған Минск келісімдерін
орындау жөніндегі Кешенді шараларды қолдау
Декларациясы**

2015 жылғы 12 ақпан

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Украина Президенті Пётр Порошенко, Француз Республикасының Президенті Франсуа Олланд және Германия Федеративтік Республикасының Канцлері Ангела Меркель Украинаның егемендігін және аумақтық тұтастығын толық құрметтейтіндігін атап көрсетеді. Олар тек қана бейбіт реттеудің баламасыз екендігіне берік сенімді. Олар осы мақсат үшін әрқайсысы жеке және бірлесе отырып та мүмкін болатын барлық шараларды қабылдауға барынша дайын.

Бұл тұрғыда көшбасшылар 2015 жылғы 12 ақпанда Минскіде қол қойылған және қабылданған, сонымен бірге 2014 жылғы 5 қыркүйекте Минск хаттамасына қол қойғандар және 2014 жылғы 19 қыркүйекте Минск меморандумын қабылдағандар түгелдей қолдайтын Минск келісімдері бойынша Кешенді шараларды

мақұлдайды. Көшбасшылар бұл үрдіске өз үлестерін қосады және осы Кешенді шараларды орындауға тиісті тараптарға өздерінің ықпалдарын жүргізе отырып, жағдай жасайды.

Германия және Франция жанжал орын алған аудандардағы банк жүйелерін қалпына келтіру үшін, әлеуметтік өтемдерді төлеуді жүзеге асыру үшін халықаралық тетіктерді қолдану арқылы техникалық қолдау көрсететін болады.

Көшбасшылар Еуропалық одақ, Украина және Ресей арасындағы ынтымақтастықты нығайту осы дағдарысты реттеуге ықпал ететіндігіне сенімді. Бұл мақсатпен олар «қысқы газ пакеттерін» дамыту қадамдарын жүзеге асыру үшін энергетика мәселелері бойынша Еуропалық Одақ, Украина және Ресей арасындағы үшжақты келісімдерді қолдауды жалғастырады.

Олар, сонымен бірге, жан-жақты әрі еркін сауда аймағын құру туралы Келісімді орындауға байланысты Ресей тарапынан туындап отырған алаңдаушылықты ескере келіп, Еуропалық одақ, Украина және Ресей арасындағы үшжақты келіссөздерді қолдайды.

Көшбасшылар бұрынғысынша халықаралық құқық пен ЕҚЫҰ-ның қағидаларын толық құрметтей отырып, Атлантикадан Тынық Мұхитқа дейін ортақ гуманитарлық және экономикалық кеңістік құру идеясынан айнымайтындықтарын білдіреді.

Көшбасшылар алдағы уақытта да Минск келісімдерін орындауды жақтайтын болады. Осы мақсатпен олар әдетте Сыртқы істер министрліктерінің жоғары лауазымды өкілдері қатысатын кездесулерді тұрақты түрде өткізе отырып, «нормандтық пішімдегі» бақылау тетіктерін құруға келісті.

Минск келісімін орындау жөніндегі Кешенді шаралар

2015 жылғы 12 ақпан

1. 2015 жылдың 15 ақпанында 00 сағат 00 минуттан (Киев уақыты) бастап Украинаның Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында оқ атуды кідіріссіз және толық тоқтату, оны қатаң орындау.

2. Калибрі 100 мм. және одан көбірек артиллериялық қондырғылар үшін бір-бірінен ені кемінде 50 километр болатын қауіпсіздік аймағын құру мақсатымен, РСЗО үшін ені 70 километр болатын және «Торнадо-С»; «Ураган»; «Смерч» РСЗО үшін, сондай-ақ, «Точка» («Точка У») тактикалық зымыран жүйелері үшін ені 140 километр болатын қауіпсіздік аймағын құру мақсатымен екі тараптың да барлық ауыр қару-жарақтарды бірдей қашықтыққа алып кетуі:

– украиндық әскерлері үшін: нақты түйісу сызығынан;

– Украинаның Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарының әскери құрамалары үшін 2014 жылғы 19 қыркүйектегі Минск меморандумына сәйкес нақты түйісу сызығынан.

Жоғарыда атап көрсетілген ауыр қару-жарақты алып кету оқ ату тоқтатылғаннан кейін екінші күннен

кешіктірілмей басталып, 14 күннің ішінде аяқталуы керек.

Бұл үдеріске Үшжақты байланыс тобының қолдауымен ЕҚЫҰ ықпалдастық жасайды.

3. ЕҚЫҰ тарапынан оқ атуды тоқтату және ауыр қару-жарақтарды алып кету режимін тиімді мониторингтеуді және анықтауды алғашқы күннен барлық қажетті техникалық құралдарды, оның ішінде жер серіктерін, БПЛА-ларды, радиолокациялық жүйелерді және басқаларды қолдана отырып алып кетудің бірінші күнінен қамтамасыз ету керек.

4. Қару-жарақтарды алып кеткеннен кейінгі бірінші күні украиналық заңнамаларға және Украинаның «Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында өзін өзі басқарудың уақытша тәртібі туралы» Заңына, сонымен бірге, аталмыш заңға негізделген осы аудандардағы болашақ режимге байланысты жергілікті сайлау өткізудің қисындылығы туралы диалогты бастау.

Осы құжатқа қол қойылғаннан кейін тоқтаусыз, 30 күннен кешіктірілмей 2014 жылғы 19 қыркүйектегі Минск меморандумында белгіленген сызық негізінде Украинаның «Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында жергілікті өзін өзі басқарудың уақытша тәртібі туралы» Заңына сәйкес айрықша режим қамтитын өңірлерді көрсете отырып Украинаның Жоғарғы Радасы қаулы қабылдауы керек.

5. Украинаның Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында орын алған оқиғаларға байланысты азаматтарды жазалауға және қудалауға тыйым салатын заңды енгізе отырып, рақымшылық және амнистия жасауды қамтамасыз ету.

6. Заңсыз ұсталып отырған азаматтарды және кепілдікке алынғандардың барлығын босатуды және «барлығын барлығына» қағидасымен айырбастауды қамтамасыз ету. Бұл үдеріс ең әрі дегенде қару-жарақты алып кетуден кейін бесінші күні аяқталуға тиіс.

7. Халықаралық тетіктер негізінде мұқтаж болып отырғандарға гуманитарлық көмекті қауіпсіз жеткізуді, оған қолжетімділікті, оны сақтауды және таратуды қамтамасыз ету.

8. Зейнетақы және басқа да өтемдерді, оның ішінде әлеуметтік аударымдарды төлеуді (түсімдер және кірістер, барлық коммуналдық шоттарды дер кезінде төлеу, Украинаның құқықтық алаңы шеңберінде салық салуды жандандыру) қамтамасыз етіп, әлеуметтік-экономикалық байланыстарды толық қалпына келтірудің қисындылығын анықтау.

Осы мақсатпен Украина жанжалдар қамтыған аудандарда өздерінің банк жүйесі сегменттерін басқаруды қалпына келтіреді, сонымен бірге мұндай аударымдарды жеңілдету үшін халықаралық тетік құрылуы да мүмкін.

9. Украина үкіметі тарапынан жанжал қамтыған бүкіл аймақтағы мемлекеттік шекараға бақылау

жасауды толық қалпына келтіру жергілікті сайлау өткеннен кейін бірінші күні басталуы тиіс және саяси реттеу толық орныққаннан кейін (Украина заңы негізінде Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында жергілікті сайлау өткізу және конституциялық реформа жүргізу), 2015 жылдың аяғына таман 11-ші тармақты – Үшжақты байланыс тобының аясында Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарының өкілдерімен консультация өткізу және келісу бойынша орындағаннан кейін аяқталуы керек.

10. ЕҚЫҰ-ның бақылауы арқылы Украина аумағынан барлық шетелдік әскери құрамаларды, әскери техникаларды, сонымен бірге жалдамалыларды шығару. Барлық заңсыз топтарды қарусыздандыру.

11. Орталықсыздандыру элементтері негізгі сипаты болып табылатын, 2015 жылдың соңында күшіне енетін жаңа конституция негізінде (Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарының ерекшеліктерін ескеріп, осы аудандардың өкілдерімен келісілген) Украинада конституциялық реформа жасау, сонымен бірге 2015 жылдың аяғына дейін қосымшада (1) көрсетілген шараларға сәйкес Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарына айрықша мәртебе беру жөніндегі тұрақты заңнама қабылдау (Қосымшаны қараңыз).

12. Украинаның «Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында жергілікті өзін өзі басқарудың уақытша тәртібі туралы» Заңының

негізінде жергілікті сайлауға қатысты мәселелер Үшжақты байланыс тобы шеңберінде Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарының өкілдерімен келісілетін және талқыланатын болады. Сайлау ЕҚЫҰ-ның тиісті стандарттарына сәйкес ЕҚЫҰ БДИПЧ тарапынан мониторингтеу негізінде жүргізілетін болады.

13. Минск келісімінің тиісті қырларын орындау жөніндегі жұмыс тобын құра отырып, Үшжақты байланыс тобының қызметін күшейту. Олар Үшжақты байланыс тобының құрамын қамтып көрсетеді.

Ескертпе:

«Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарының жергілікті өзін-өзі басқарудың уақытша тәртібі туралы» Заңға сәйкес мұндай шараларға мыналар кіреді:

– Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында орын алған оқиғаларға байланысты азаматтарды жазалаудан, қуғындаудан және кемсітушіліктен босату;

– өз тілін өзінің таңдау құқы;

– Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында прокуратура және сот органдарының басшыларын тағайындауға жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуы;

– атқарушы биліктің орталық органдары үшін Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарын экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамытуға қатысты келісімдерді тиісті

жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келісуге мүмкіндік беру;

– мемлекет Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуына көмек көрсетеді;

– биліктің орталық органдары тарапынан Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарының Ресей Федерациясының өңірлерімен трансшекаралық ынтымақтастық жасауға көмек көрсету:

– Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарында қоғамдық тәртіпті орнықтыру мақсатымен жергілікті кеңестердің шешімі бойынша халық милициясы отрядтарын құру;

– осы заңмен Украинаның Жоғарғы Радасы тарапындағы лауазымды тұлғалардың және мерзімінен бұрын өткен сайлауда сайланған жергілікті кеңес депутаттарының өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылмайды.

Құжатқа Үшжақты байланыс тобына қатысушылар қол қойды:

Елші Хайди Тальявини

Украинаның екінші Президенті Л.Д.Кучма

РФ-ның Украинадағы елшісі М.Ю.Зурабов

А.В.Захарченко

И.В.Плотницкий

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	3
I. МАЙДАННАН УКРАИНАДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУҒА ДЕЙІН: ЕКІҰШТЫЛЫҚПЕН ӨТКЕН КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢ	13
II. МИНСКІДЕГІ ТАМЫЗ КЕЗДЕСУІ: УКРАИНАНЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА АСҚЫНА ТҮСКЕН ДАҒДАРЫСТАҒЫ БЕТБҰРЫСТЫ СӨТ	51
III. МИНСК УАҒДАЛАСТЫҚТАРЫ НЕМЕСЕ АҚТАЛМАҒАН ҮМІТТЕР	85
IV. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРААҒАЙЫНДЫҚ РӨЛІ: ҚОЛДАУ МА, ҚАРСЫ БОЛУ МА?	129
V. «НОРМАНДТЫҚ ПІШІМДЕГІ» КЕЗДЕСУ: НЕЛІКТЕН АСТАНА ЕМЕС?	173
ТҮЙІН	210
1-ші қосымша	216
2-ші қосымша	219
3-ші қосымша	222
4-ші қосымша	225
5-ші қосымша	227
6-шы қосымша.....	229
7-ші қосымша	232

Нұрлан Онжанов

БІТІМГЕР

Дипломат жазбалары

Редакторы *Фарида Уәлиева*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқапов*
Корректоры *Айдана Сыдықбай*
Компьютерде беттеген *Ақерке Скакова*

Басуға 20.06.15 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы борлы. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 15,0.
Тапсырыс №0192. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

